

**Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі
А. Байтұрсынов атындағы Қостанай Мемлекеттік университеті
Қаржы және банк ісі кафедрасы**

**Г.С. Майкопова
Д.Б. Исиргепова**

ҚАРЖЫ

Оқу құралы



Қостанай, 2019

ББК 65.26 (5каз).я73

М 13

Рецензенттер:

Байкадамов Н.Т.—э.ғ.к., профессор, Академик З. Алдамжар атындағы ҚЭТУ «Экономика, құқық және басқару» факультетінің деканы

Кенжебекова Д.С. — э.ғ.к., доцент, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің Қаржы және банк ісі кафедрасының меңгерушісі

Авторлар:

Майкопова Гульнар Суиндиговна - э.ғ.к., қаржы және банк ісі кафедрасының доценті

Исиргепова Диана Буранбаевна - қаржы және банк ісі кафедрасының оқытушысы, магистр

М 13 Майкопова Г.С.

Исиргепова Д.Б.

Қаржы: Оқу құралы. — Қостанай: А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2019. — 85 б.

ISBN 978-601-7597-28-3

Қаржы курсына, қаржыны ұйымдастырудың негізгі теориялық формалары, тәжірибеде қолданылуының негізгі аспектілері көрсетілген. Бұл оқу-құралы кешен оқырмандары қызығушылықтарын қамтыған: ғалым, оқытушылардың және студенттердің. Сонымен қатар кешен шаруашылықтар аясында, мамандардың кәсіпорындардағы қаржыларды қолдануы мен жоспарлауын ұйымдастыруға көмек береді.

ББК 65.26 (5каз).я73

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің экономикалық факультетінің әдістемелік кеңесімен бекітілді және баспаға ұсынылды, 23.05.2019 жыл № 5 хаттама.

ISBN 978-601-7597-28-3

©Майкопова Г.С., 2019

© Исиргепова Д.Б.

Мазмұны

Кіріспе.....	4
1 Қоғамдық ұдайы өндірістегі қаржының мәні мен рөлі.....	5
2 Қаржы жүйесі: түсінігі, құрылымы, элементтері.....	11
3 Үй шаруашылығының қаржысы.....	18
4 Қаржылық саясат және қаржылық механизм.....	24
5 Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы.....	33
6 Мемлекеттік қаржы. Бюджет және бюджеттік жүйе.....	41
7 Сақтандыру.....	47
8 Қаржылық нарық.....	50
9 Экономиканы мемлекеттік қаржылық реттеу.....	53
10 Инфляция.....	56
11 Салықтар және салық жүйесін ұйымдастыру.....	60
12 Қаржылық бақылау.....	65
13 Қаржылық жоспарлау мен болжау.....	71
Студенттердің білімін тексеру үшін тест тапсырмалары.....	76
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	85

Кіріспе

«Қаржы» оқу құралы экономикалық пәндер жүйесінде маңызды орын алады және экономикалық ғылымның маңызды құрамдас бөлігінің бірі - қаржы туралы ғылымның ерекшелігі зерделенетін базалық оқу пәні болып табылады.

«Қаржы» оқу құралы оқу процесінің тиімді құрылымы болып саналады.

Қаржыны әртүрлі көзқарас тұрғысынан қарастыру білім алушыларға осы экономикалық категория мәнін, оның ұдайы өндіру процесі мен қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы рөлін түсінуге мүмкіндік береді.

Оқу құралында қаржының негізгі аспектілері яғни, теориялық негіздері, ұйымдастыру нысандары, практикалық қолданымы көрсетілген. Логикалық дәйектілік түрде қаржының табиғаты, функциялары, оның басқа экономикалық категориялармен өзара іс-әрекеті мен шаруашылық өмірде көріну ерекшеліктері берілген, сонымен қатар, қаржыны зерделеудің қосалқы категориялары, жүйелері, ұғымдары және басқа да экономика - әлеуметтік жүйелерде олардың іс-әрекеті мен өзара байланысының қағидаттары анықталады. Бұған табыстар, салықтар, қорлар, шығыстар, резервтер, мемлекеттік бюджет, мемлекеттік кредит, мемлекеттік борыш, сақтандыру, функциялық жүйелер-қаржылық жоспарлау мен болжау, қаржылық қатынастарды құқықтық қамтамасыз ету, қаржы рыногын жатқызуға болады.

Оқу құралында түрлі шаруашылық жүргізуші субъектілердің бастапқы буындарына және сыртқы экономикалық байланыстар сферасына, қаржының іс-әрекетінің өзіндік ерекшелігіне айтарлықтай орын берілген.

Оқу құралында қаржының табиғаты мен функцияларының мәселелері, олардың басқа экономикалық категориялармен өзара іс - әрекеті, шаруашылық өмірдегі көрінісінің ерекшеліктері қисынға сәйкес дәйекті түрде қаралады, қаржылық қатынастарды ұйымдастырудың нысандары мен әдістері арқылы іс - әрекет механизмі, қаржыны нарықтық экономиканы реттеуде пайдалану мүмкіндіктері көрсетілген. Қаржыны зерделеудің маңызды жағы оған кіретін қосалқы категорияларды, жүйелерді, ұғымдарды, олардың қаржы және басқа экономикалық - әлеуметтік жүйелердегі іс-әрекетінің қағидаттарымен өзара байланыстың анықтау, топтастыру және сыныптау болып табылады. Бұған мыналар кіреді: табыстар, салықтар, мемлекеттік бюджет, мемлекеттік кредит, мемлекеттік борыш, сақтандыру, қаржылық бақылау, қаржы нарығы. Оқу құралында әр түрлі шаруашылық жүргізуші субъектілердің бастапқы буындарындағы және сыртқы экономикалық байланыстар сферасындағы қаржының іс - әрекетінің өзіндік ерекшеліктеріне айтарлықтай орын берілген.

Оқу құралы экономикалық мамандықтардың білім алушыларына арналған.

1 Қоғамдық ұдайы өндірістегі қаржының мәні мен рөлі

Жоспар

1. «Қаржы» түсінігі – құндық экономикалық категория.
2. Қаржының қызметтері.
3. Қаржылық ресурстар: қаржылық ресурстар көздері, өсу факторлары.

Қаржы - тарихи категория. Ол қоғамның таптарға бөлінуі кезіндегі мемлекеттің пайда болуымен бірге дүниеге келді. Алғашқы қайымдық құрылыс кезінде таптар мемлекет болмаған. Қоғамның таптарға алғашқы жіктелуі құл иеленушілер және құлдар түрінде болды, сондықтан бірінші мемлекет-құл иеленушілік. Құл иеленушілік қоғамдық-экономикалық формациядан феодалдыққа өту феодалдық мемлекеттердің пайда болуына әкелді.

Қаржы – бұл бөлу және қайта бөлу процестері арқылы қоғамдағы ақшалай қатынастардың айтарлықтай бөлігін қамтитын тарихи түрде қалыптасқан экономикалық категория. Экономикалық өмірде қаржы сыртынан қоғамдық өндіріске әртүрлі қатысушылардың ақшаларының қозғалысы түрінде көрінеді және қолма-қол ақшасыз немесе ақшалай есеп айырысу және төлем түрінде ақша сомасын қоғамдық өндірістің бір иесінен екіншісіне беруді білдіреді.

Бүгінде қаржы терминін күнделікті қолданысқа енгізген авторды атау қиын. Бұл терминнің авторлығын 1577 жылы «Республика туралы 6 кітап» деген деген жұмыс бастырып шығарған француз ғалымы Ж. Боденге жазып қоюға болады.

Қаржы туралы жұмыстың («Афин республикасының кірістері туралы») алғашқы авторлары Ксенофонт (б.э.д. 430-365 жж.) болды.

Аристотельдің (б.э.д. 384-322 жж.) қаржы саласындағы көзқарасы оның «Афиннің мемлекеттік құрылысы» атты жұмысында баяндалған.

Қаржының мәні, оның даму заңдылықтары, тауар-ақша қатынастарын қамту сферасы мен қоғамдық ұдайы өндіріс үдерісіндегі рөлі қоғамның экономикалық құрылысымен, мемлекеттің табиғатымен және функцияларымен айқындалады.

Қаржы «financia» латын тілінен аударғанда қолма-қол ақша, кіріс деген мағынаны, кең мағынада алғанда, ақша-қаражаттары, ақшалай айналым деген мағына береді. Ақша қаржының болуының міндетті шарты болып табылады. Сондықтан көбінесе «қаржы» түсінігін «ақша» түсінігімен ауыстырып түсінеді. Бірақ бұл екеуі әртүрлі, бірақ өзара байланысты түсініктер. Қаржы мазмұны бойынша да, орындайтын қызметтері бойынша да ақшадан айтарлықтай бөлек болып келеді.

Ақша - бұл жалпыға ортақ балама (эквивалент), оның көмегімен ең алдымен өндірушілердің еңбек шығындары өлшенеді, ал қаржы жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) мен ұлттық табысты таратудың экономикалық құралы, ақшалай қаражат қорларын құру және таратуға бақылау жасау құралы.

Қоғамдық қатынастар иерархиясында ақшалай қатынастар экономикалық қатынастарға жатады, ал экономикалық қатынастар өз кезегінде қоғамдық қатынастар жүйесінің айқындаушы бөлігі – өндірістік қатынастарға кіреді. Бұдан қаржылық қатынастарды базистік әрі негізгі қатынастар болып табылатынын өндірістік қатынастардың бір бөлігі деуге болады.

Нарықтық экономика мемлекеттің экономикадағы рөлінің күшейуін нақтылы шарттастырады және сондықтан да маңызды дамулар мемлекеттердің экономикаға кірісуі бойынша шығындарға ие, экономикаға, көмір, газ және де өнеркәсіптің басқа да салаларына, ауыл шаруашылығын қолдауға, экономикадағы мемлекеттік сектордың ұлғайтуға (әсіресе, дағдарыс кезеңінде) күрделі мемлекеттік салымдар өсті (ғылыми-техникалық прогреске шығындар, әлемдік нарықта отандық өндірушілерге қатысты протекционизм) сарапшы фирмаларға, сарапшы сыйақыларға ұсынымдар).

Кәсіпорын қызметін ұйымдастырудың акционерлік нысаны нарықтық экономикасы дамыған елдерде кең ауқымға ие. Бұл акцияларды шығару - ақша жинақтарын өндірістік инвестицияларға тасымалдауға мүмкіндік беретін капиталды мобилизациялаудың мықты формаларының бірі болып табылуымен тығыз байланысты. Акцияларсыз, облигацияларсыз, банк несиелерінсіз және қаржы нарығының басқа да элементтерісіз корпорациялар өзін-өзі қаржыландыруда болуы керек еді, бұл болса олардың өсімін жылдам шектейтін еді. Сондықтан дамыған шет елдерде қаржы қатынастарының маңызды сферасы жеке ұлттық трансұлттық операциялардың қаржылары болып табылады, өйткені өздерінің ұйымдастырушылық құрылымы бойынша корпорациялар акционерлік қоғамдарға тән.

Қаржы – мемлекеттің және оның ақша ресурстарына қажеттілігінің дамуына байланысты жүйелі тауар-ақша айналымы жағдайында туындайтын ақша-қаражаттары қорын құру және пайдалану процесіндегі экономикалық қатынастарды көрсететін *экономикалық категория*. Тарихи тұрғыдан қаржы мемлекеттің экономикалық құрылысымен байланысты көрінетіндігі дәлелденген. Мемлекет қаржы жүйесі арқылы ірі ақша ресурстарын шоғырландырады, ал ол қоғамның қажеттілігімен дәлелденген.

Қаржылық қатынастарға бюджетке салық және басқадай төлемдерді төлеу бойынша, бюджеттен кәсіпорындардың кейбір шығындарын қаржыландыру бойынша мемлекет пен кәсіпорындар арасында; бюджет пен бюджеттен тыс қорларға міндетті және ерікті төлемдер салған кезде мемлекет пен азаматтар ара-сында; орталықтандырылған қорлар құрған кезде кәсіпорындар мен жоғарғы органдар арасында; бюджеттен тыс қорларға сақтандыру жарналарын салған кезде кәсіпорындар мен сол қорлар арасында; несие алған, несие үшін пайыз төлеген, банк шоттарында ақша-қаражаттарын сақтаған кезде кәсіпорындар мен банктер арасында; сақтандыру жарналарын төлеп, сақтандыратын жағдай туын-даған кезде сақтандыру қорынан өтеген кезде кәсіпорын және сақтандыру ұйымдары арасында; еңбек ақы қорынан жалақы төлеген кезде кәсіпорындар мен жұмыскерлер арасында; туарлық-

материалдық құндылық сатып алғаны үшін есеп айырысқан кезде, дайын өнім сатқанда және қызмет көрсеткендегі өндірістік және коммерциялық қызмет процесінде кәсіпорындар мен ұйымдар арасында туындайтын ақшалай қатынастар жатады.

Ақша-қаражаттарының қозғалысымен байланысты мемлекет, кәсіпорын, салалар, аймақтар мен жеке азаматтар арасындағы экономикалық қатынастар жиынтығы қаржылық қатынастарды құрайды. Сонымен, *қаржы – ұлттық табысты бөлу және қайта бөлу негізінде ақша-қаражаттары қорларын құру және пайдаланумен байланысты экономикалық қатынастар жүйесі.*

Орталықтандырылған қаржылар ретінде мемлекеттік бюджет жүйелері мен дұрыс бюджеттен тыс қорларда аккумуляцияланатын мемлекеттің ақша қаражаттарының қорларын қолданумен және қалыптастырумен байланысты экономикалық қарым-қатынастар, ал деорталықтандырылған қаржылар ретінде – кәсіпорындардың ақша қорларының айналым шеңберін орталайтын ақша қатынастары түсіндіріледі.

Қаржы – ақша қатынастарының үздіксіз бөлшегі, сондықтан олардың рөлі мен мәні ақша қатынастарының экономикалық қатынастарда алатын орнына байланысты.

Қаржының пайда болу себебі – мемлекет пен әртүрлі субъектілердің өз қызметтерін қамтамасыз ететін ресурстарға қажеттілігі.

Қаржыға қатысты функция осы экономикалық категорияға тән қызмет тобын, мәннің іс-қимылдағы көрінісін, сапаның өзіне тән категориялары кескінінің әдістерін білдіреді. Функцияда категорияның арналымы қамтып көрсетіледі, оның экономикалық табиғаты ашылады.

Қаржы – ішкі жалпы өнімді бөлу мен қайта бөлудің экономикалық инструменті, ақша қорларының жасалуын және пайдалануын бақылау құралы. Сондықтан қаржының мәні, іс-әрекет механизмі және рөлі оның орындайтын функцияларынан айқын көрінеді.

Қаржының қызметтері: бөлу және бақылау.

Бөлу қызметі қаржы құралдарын қоғамдық жалпы өнім мен оның аса маңызды бөлігі – ұлттық табысты, сондай-ақ ұлттық байлықтың бір бөлігін бөлу және қайта бөлу процесінде пайдаланған кезде көрінеді.

Қаржының бөлгіштік қызметінің іс-қимылы оның мәнінен: жиынтық қоғамдық өнімді, ұлттық табысты және таза табысты бөлумен байланысты қатынастарын қамтамасыз етуден; табыстар мен қорланымдарды қалыптастырудан; ақша қорларын жасаудан туындайды.

Қоғамдық өнімді бөлу алғашқы және кейінгі немесе қайта бөлу болып ажыратылады.

Алғашқы бөлу кезінде жиынтық қоғамдық өнімнің жалпы көлемінен орнын толтыру қоры шығарып тасталады және жаңадан жасалған құн – ұлттық табысты бөлудің нәтижесінде мемлекеттің, өндірістік саланың және халықтың алғашқы табыстары қалыптасады, олар бөлудің және қайта

бөлудің күрделі процестеріне ұшырайды, бұл процестерде маңызды рөлді қаржы атқарады.

Қайта бөлу салық, сондай-ақ аумақтық тұрғыдан шаруашылық жүргізуші субъектілер бойынша қоғамдық өнімді мүшелеудің сан алуан процесін қамтиды.

Бақылау қызметі қаржының бөлу қызметінен туындаған және ақша қорлары және олардың мақсатты түрде жұмсалуды бойынша жиынтық қоғамдық өнім мен ұлттық табысты бөлуге бақылау жасау кезінде көрінеді.

Бақылау қызметі қаржылық бақылауда – жалпы ішкі өнімді тиісті қорларға бөлуге және оларды мақсатты арналым бойынша жұмсауға бақылау жасауда көрінеді.

Ұдайы өндіріс процесіндегі қаржының бақылау қызметінің рөлі қаржылық тәртіп арқылы жүзеге асуымен және оның жай-күйімен, белгіленген нормалар мен нормативтердің сақталуымен, қаржылық міндеттемелердің орындалуымен байланысты болуы мүмкін.

Қаржылық бақылаудың мынадай түрлерін ажыратады: қаржылық шаруашылық бақылау. Оны фирмалардың, кәсіпорындардың, бірлестіктіктердің, министрліктер мен ведомстволардың қаржы органдары ақша қорларын бөлу жолымен жүргізеді. Ұдайы өндірістің бүкіл барысына: өнімді шығару мен өткізудің ауқымына, өзіндік құн мен рентабельділікке, еңбекке ақы төлеуге осылайша ықпал жасалады. Қаржылық бақылаудың бұл түрі өндіріс тиімділігін жүйелі арттырып отыруға бағытталған.

Қаржының бөлу және бақылау қызметтері қаржылық механизм арқылы жүзеге асырылады.

Қаржылық механизм – мемлекеттегі қаржылық қатынастар формалары; орталықтандырылған және орталықтандырылмаған ақшақаражаттары қорын қалыптастыру және пайдалану тәртібі (ережесі); қаржылық жоспар-лау әдістері; қаржыны басқару формалары; қаржылық заңдылық сияқты қаржы-лық қатынастарды басқару тәсілдерінің жиынтығы.

Қаржы пайда, баға, жалақы, несие, сақтандыру сияқты басқадай экономикалық категориялармен өзара әрекеттеседі. Аталған категориялардың барлығы бөлу және басқадай өндірістік қатынастар жүйесінде ерекше орын алады, өз қызметтерін қоғамдық өнім мен ұлттық табысты бөлу және қайта бөлудің бір-ыңғай процесінде көрсетеді. Ақша-қаражаттарының мақсатты қорлары қаржылық қатынастардың негізі болып табылады. Оларды қалыптастыру көздері мен қорлар халық шаруашылығының сәйкес звеноларының қаржылық ресурстары болып табылады.

Қаржылық ресурстар дегеніміз жалпы қоғамдық өнім мен ұлттық табысты өндіру, бөлу және қайта бөлу үдерісінде жасалынатын экономикалық субъектілердің және мемлекеттің қаржылық әдістердің көмегімен құратын ақшалай қорларымен мен ақшалай қорлары. Қаржылық ресурстар ұдайы өндірістің және мемлекеттің шығындарын жабу үшін қажет.

Қаржылық ресурстар өсуінің басты шарты – қоғамдық жалпы өнім мен ұлттық табысты арттыру.

Қаржылық ресурстар жалпы қоғамдық өнімнің 60% - ға жуығын құра отырып, мемлекеттің қаржылық қуатының көрсеткіші болып табылады. Қоғамдық өнім мен ұлттық табысты жасау, бөлі және қайта бөлу үдерісінде қалыптаса отырып, олар түпкілікті пайдалануға, яғни негізгі құрал-жабдықтарды толтыруға, ұлғаймалы ұдайы өндірісті қамтамасыз етуге және жалпымемлекеттік қажеттерді қанағаттандыруға қоғам жұмсайтын материалдық ресурстардың бір бөлігінің ақша көрінісі болып табылады.

Қоғамдық өнім мен ұлттық табысты жасау, бөлу және қайта бөлу үдерісінде қалыптаса отырып, олар түпкілікті пайдалануға, яғни негізгі құрал-жабдықтарды толтыруға, ұлғаймалы ұдайы өндірісті қамтамасыз етуге және жалпымемлекеттік қажеттерді қанағаттандыруға қоғам жұмсайтын материалдық ресурстардың бір бөлігінің ақша көрінісі болып табылады. Қоғамдық өндіріс үдерісінде қаржылық ресурстар неғұрлым көп жасалса, соғұрлым ол тиімдірек болады.

Қаржылық ресурстарда пайда түріндегі таза табыс, қосылған құн салығы, акциздер, кеден төлемдері, әлеуметтік қажеттілікке төленетін төлемдер мен амортизациялық төлемдер негізгі орын иеленеді. Қаржылық ресурстар мемлекеттің қаржылық қуатының маңызды көрсеткіші болып табылады. Ол неғұрлым көп болса, соғұрлым тиімді болып саналады. Сонымен қатар ұдайы өндірістің эффектілігін көтеру және экономикалық өсу қарқынын арттыру мәселесін шешу қаржылық ресурстарды эффективті пайдалануға тәуелді (Сурет 1).

Жалпы қоғамдық өнім					
С			V		m
Материалдық шығындар			Қажет өнім		Қосымша өнім
Өзіндік құн (шығындар)					
Амортиза- циялық төлемдер	Айналымдық қаражаттар	Материалдық шығындар құрамындағы төлемдер	Ұлттық табыс		
			Әлеуметтік қорларға ауда- рылған төлемдер (әлеуметтік салық)		Таза табыс (пайда)
			Халықтан алынатын салықтар		Жанама салықтар (ҚҚС, акциздер, басқалары)
			Займалар		
			Ерікті жарналар		
Табиғи ресурстар төлемдері					Сыртқы экономикалық қызметтен түсетін түсімдері
Баж төлемдері, лицензиялар, тіреу алымдары					
Табиғатты қорғау қорына төленетін төлемдер					
			Мемлекет мүлкін сатудан (жекешелендіруден) түсетін түсімдер		
			Сыртқы қаржы көздерінен түсетін түсімдер (ин- вестициялар, займалар, трансферттер, гранттар)		

Сурет 1 – Қаржылық ресурстар құрамы

Сондай-ақ, мемлекеттік несие жолымен тартылған қаражаттар мемлекеттің қаржылық ресурстар көздері болып табылады. Қаржылық ресурстардың негізгі көздері – ақшалай жинақтар, пайда, ҚҚС, акциздер, сыртқы экономикалық қызметтен түсетін кірістер. Қаржылық ресурстардың өсім факторлары: қоғамдық еңбек өнімділігін арттыру, қоғамдық өнімді материалдық шығындарды өтеу қорына және өндірілген ҰТ бөлу пропорциясы.

Қаржылық ресурстардың көздері макродеңгейде (мемлекеттік деңгейінде) және микродеңгейде (шаруашылық жүргізуші субъект деңгейінде) іс-әрекет ететін көздер болып бөлінеді.

Макродеңгейдегі қаржылық ресурстардың көздері:

- ішкі жалпы өнім;
- ұлттық байлық;
- тартылған (қарыз) ресурстары және басқалары.

Микродеңгейдегі қаржылық ресурстардың көздері:

- меншікті қаржылық ресурстардың көздері: өнім өткізуден түскен табыс (кәсіпорын ресурстарын қалыптастыруға мүмкіндік береді);

- субъектінің сыртқы экономикалық қызметі, мүлік (сатуға болатын ғимараттар, жабдықтар және өзге активтер);

- шаруашылық жүргізуші субъектінің меншікті қаражаттарына теңестірілген қаражаттар (олар субъектінің қарамағында болады): тұрақты пассивтер нысанындағы жалақы; қосымша жалақы – жұмыскерлердің демалыстарын төлеуге арналған ақша (есептелінеді, бірақ шаруашылық жүргізуші субъектінің қарамағында болады);

- тартылған қаражаттар (бұл кәсіпорынның қаржы рыногында – бағалы қағаздар, несие капиталдары және т.б. рыногында қалыптасатын қаражаттары): акциялар мен облигацияларды сату; қарыз қаражаттары;

- қаражаттарды қайта бөлу тәртібімен алынатын көздер: жоғары инстанциялардан (министрліктерден, бюджеттен) алынатын қаражаттар; сақтық өтемдері (сақтандыру – қаражаттарды қайта бөлу әдісі).

Макродеңгейдегі қаржылық ресурстардың негізгі түрлері: халықаралық валюта қорының және басқа халықаралық ұйымдардың кредиттері, Ұлттық банктің ішкі кредиттері; салықтар; бюджетке төленетін басқадай төлемдер; бюджеттен тыс қорларға аударылатын аударымдар және өзгедей түрлері.

Микродеңгейдегі қаржылық ресурстардың түрлеріне: пайда (шаруашылық жүргізуші субъектінің таза табысы); амортизациялық аударымдар; кредиттер; сақтық өтемдері; істен шыққан мүлікті сатудан түскен түсім – ақша; орнықты пассивтер; құрылыста ішкі ресурстарды жұмылдыру; серіктестіктер мен кооперативтер мүшелерінің үлестік және басқа жарналары; меншікті бағалы қағаздарды сатудан алынған табыстар; жоғарғы құрылымдардан аударылған қаржылық ресурстар; бюджет субсидиялары және басқадайлары.

Мемлекеттің қаржылық ресурстары көлемінің динамикасы мен құрылымының үрдістері рыноктық қатынастарға көшу бағдарламаларын жүзеге асырудың нәтижесінде қоғамдық өндірістің тиімділігін айтарлықтай арттыру қаржылық ресурстарды қалыптастырудың қарқынын тездетуге және өсуі интенсивті факторлармен шарттасылған көздердің үлес салмағын көбейту бағытындағы олардың құрылымын жақсартуға жеткізетіндігін дәлелдейді.

Бақылау сұрақтары

1. Қаржыға толық түсініктеме беріңіз?
2. Қаржының негізгі қызметтерін атаңыз?
4. Қаржылық ресурстарға не жатады?

2 Қаржы жүйесі: түсінігі, құрылымы, элементтері

Жоспар

1. Қаржы жүйесінің түсінігіне сипаттама.
2. Қаржы жүйесінің құрылымы және мазмұны, қажеттілігі.
3. Қаржылық жүйені ұйымдастырудың негізгі қағидалары.
4. Қаржылық жүйені жетілдірудің бағыттары.

«Қаржы жүйесінің» ұғымы қаржы ұғымының одан әрі дамуы және нақтылана түсуі болып табылады.

Біртұтас қаржы жүйесі - өзінің мәні жағынан мынадай түрлі ұғымдарды білдіру үшін қолданылатын термин: а) бір-бірімен өзара байланысты қаржы қатынастарының сфералары мен буындарының жиынтығы; ә) елдің қаржы мекемелерінің жиынтығы, оларға қаржы мекемелері мен салық қызметтерінің барлық құрылымдық бөлімдері жатады.

Әрбір мемлекетте макро және микроэкономиканың қаржы жүйесін реттеліп отыратын қаржы қатынастары мен ақша ресурстарының жиынтығы және оларды жұмылдыруды, ұлттық шаруашылықты қаржыландыру мен несиелендіруге байланысты бөлуді жүзеге асыратын қаржы мекемелері құрайды. Қаржы жүйесінің ұғымы кейде тар мағынада тек мемлекеттің қаржы мекемелерінің жиынтығы ретінде қолданылады, бұл - жеткіліксіз.

Жалпы институционалдық тұрғыдан алғанда қаржы жүйесі - қаржы мекемелерінің жиынтығы, ал экономикалық тұрғыдан мемлекетте іс-әрекет ететін бір-бірімен өзара байланысты қаржы қатынастарының жиынтығы екенін естен шығармаған жөн.

Өзінің тарихи дамуында қаржы жүйесі ұзақ эволюциядан өткен. Қаржы қатынастарының пайда болуы кезінде қаржы жүйесі, жалпыға мәлім, әдетте, тек бір ғана буынмен - мемлекеттік бюджетпен шектеледі.

Классикалық капитализм жағдайында батыстың көптеген өркениетті елдерінде, қаржы жүйесін екі негізгі буын - мемлекеттік бюджет пен жергілікті қаржылар құрайды. Олар ақша қорларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл буындардың көмегімен мемлекет өзінің саяси және экономикалық функцияларын орындап отырады.

«Жүйе» термині өзара байланысты элементтерің түрлі критерийлері бойынша сыныпталатын қосалқы жүйелердің іс-қимылын білдіреді.

Терминнің жоғарыда келтірілген анықтамасында қаржының мәндік сипаттамасын, оның қоғамдық-экономикалық процестегі орнын негіздей отырып, қаржы жүйені сыныптамасының қағидалы үлгісі қойылған. Осы критерийге сәйкес қаржы жүйесі мынадай үш бөлікті қамтиды:

- 1) қаржы қатынастарының жиынтығы;
- 2) ақша қорларының жиынтығы;
- 3) басқарудың қаржы аппараты.

Ақша қорларының қозғалысына байланысты мемлекет, шаруашылық жүргізуші субъектілер, салалар, аймақтар және жеке азаматтар арасында пайда болатын экономикалық, ақша қатынастарының жиынтығы қаржы қатынастарын құрайды.

Қаржы қатынастары негізінен мынандай екі саланы қамтиды:

1) мемлекеттік бюджетке жинақталатын мемлекеттің орталықтандырылған ақша қорларын қалыптастырып, пайдаланумен байланысты болатын экономикалық ақша қатынастары;

2) кәсіпорындардың орталықтандырылмаған ақша қорларының ауыспалы айналымын ортақтастыратын экономикалық ақша қатынастары.

Қаржы қатынастары өзінің экономикалық табиғаты жөнінен бөлгіштік қатынастар болып табылады, оның үстіне құнды бөлу ең алдымен субъектілер бойынша жүзеге асырылады. Сондықтан қоғамдық өндірістегі субъектілердің рөлі қаржы қатынастары жіктемесінің алғашқы объективті бөлігі ретінде көрінеді.

Қаржы жүйесі интеграциялық тұрпатты жүйе болып табылады, оған кіретін элементтердің (қосалқы жүйелердің) тығыз байланысымен және оның қосалқы жүйелерінің бірде-бірі өзінше өмір сүре алмайтындығымен сипатталады: қаржы, бір жағынан, өндірістік қатынастардың бір бөлігін білдіреді және осы қатынастар жүйесінің элементі болып келеді, екінші жағынан, өзінің функционалдық өзіндік ерекшелігі бар өзара байланысты элементтерден тұратын жүйе болып табылады. Қаржылардың функционалдық қосалқы жүйелері ретінде мыналарды атауға болады: салық, бюджет, сыртқы экономикалық, қаржы жоспарларының (болжамдарының), қаржылық бақылаудың заңнамалық қамтамасыз етілуі және басқа қосалқы жүйелері.

Қаржы жүйесін сыныптаудың функционалдық критерийінен басқа қаржы субъектілерінің (қаржы қатынастарындағы қатысушылардың) белгісі бойынша сыныптау қолданылады, бұл қаржы жүйесін салалар мен буындар бойынша шектеуге мүмкіндік береді.



Сурет – 2 Қаржы жүйесінің функционалдық белгісі (критерийі) бойынша құрылымы

Буындардың сыныптамасының матасылған қатары ретінде жоғары разрядті элементтері болады: қаржы қатынастары, қаржы қорлары, басқарушы аппарат. Жүйелеудің мұндай қасиеті қаржы жүйесіне интеграциялық сипат береді.

Қаржы жүйесін құрайтын жеке элементтердің орны мен рөлі бірдей емес. Бастапқы (басты) элемент жүйенің басқа элементтерінің арасында алдыңғы орынды алады, өйткені жүйе элементтері мен буындардың өзара байланысындағы оның рөлі айқындаушы болып табылады. Қаржы жүйесінде мұндай элемент (сала) болып бірінші кезекте мемлекеттік бюджеттен көрінетін мемлекеттің қаржысы болып саналады.

Жеке меншік және мемлекеттік кәсіпорындардың қаржысы саласының бастапқы табыстары, сондай-ақ азаматтардың табысы кез келген мемлекеттің қаржы жүйесі құрамының негізін қалайтынын ескеру қажет және бұл тек теориялық жәйт қана емес, өйткені бұл ресурстардың бүкіл жиынтығы Қазақстанның қаржы ресурстарының балансында қамтып көрсетіледі.

Екінші саланың - шаруашылық жүргізуші субъектілердің екі дербес қосалқы сферасы болады:

- материалдық өндіріс сферасының шаруашылық жүргізуші субъектілерінің қаржысы;
- өндірістік емес сфера салаларының ұйымдары мен мекемелерінің қаржысы.

Бірінші қосалқы жүйеде - өндірістік сала қаржысында өндірістік компанияларда, фирмаларда, корпорацияларда, шаруашылық қызметті ұйымдастырудың басқа нысандарында орталықтандырылған ақша

қорларын қалыптастырып, оларды тиімді пайдаланудың мәселелері шешіледі. Бұл қосалқы жүйенің қаржысы өндірістік қызметке қызмет көрсетеді, қаржы тұтқаларының еңбек өнімділігінің арттыруға белсенді ықпалын қамтамасыз етеді.

Екінші қосалқы жүйе - өндірістік емес сфера қаржысының орны мен рөлі оның ұлттық табысты бөлу және пайдалану жөніндегі байланысымен айкындалады. Бұл қосалқы жүйеден қаржы қатынастары оның бастапқы құрылымдарында және олардың арасында, қаржы жүйесінің басқа буындарымен, өзге экономикалық жүйелердің: бағалардың, несиенің және басқалардың буындарымен пайда болады.

Бұл қосалқы жүйеде қаржы қатынастары түрлі мақсатты сипаттағы сан алуан ақша қорларын қалыптастыру арқылы одан әрі тұтыну мақсатында құнды қайта бөлудің каналдары бойынша жасалынған құнның қозғалысына қызмет көрсетеді.

Қаржы қатынастарының буындарына тән болып келетін тиісті орталықтандырылған және орталықтандырылмаған ақша қорларының жиынтығы қаржы жүйесінің екінші бөлігін құрайды.

Қаржының материалдық мазмұны өзінің көрінісін қаржы ресурстарын қалыптастырып, пайдалануда табады, бұл ресурстар бюджет, мемлекеттік және мемлекеттік емес әлеуметтік сақтандыру және қамсыздандыру, амортизация, айналым қаражаттары, тұтыну, резерв және басқа көптеген ақша қорларын қамтиды. Бір қорлар едәуір дәрежеде, біреулері аз дәрежеде орталықтандырылған, бір қорлар үнемі жұмсалынады (тұтыну қоры), басқалары уақытша сақталынады (резервтік капитал), үшіншісі қорланады (амортизациялық аударымдар).

Қаржы қатынастарының нысандары мен ақша қорлары басқарылатын материалдық объектіні құрайды. Басқарушы субъект қаржыны басқарудың мемлекеттік және қоғамдық аппаратының жүйесі – қаржы аппараты болып келеді, бұл қаржы жүйесінің үшінші бөлігі болып табылады. Қаржы қызметін ұйымдастыру мен жоспарлау процесіндегі экономикалық және бақылау жұмысымен, қаржы қатынастары буындарының байланысын жетілдірумен айналысатын қаржы аппараты қаржы жүйесінің басқа бөліктерімен қабысып, етене ұштасып жатады. Бұл қаржы жүйесінде базистік қатынастардың да, қондырмалық қатынастардың да айқыш-ұйқыш тоқайласуын және оның басқарымдылығын білдіреді.

Жалпы қаржы жүйесінің құрамы – бұл қаржы қатынастарының әр түрлі салалары мен буындарының жиынтығы, қатынастардың бұл процесінде түрлі ақша қорлары құрылып, пайдаланылады. Нәтижесінде ол өзінің ықпалымен бүкіл экономиканы қамтиды. Қаржы қатынастарының салалары мен буындары өзара тығыз байланыста болады және елдің бірыңғай қаржы жүйесінің құрамын құрайды. Сонымен бірге қаржы құрамын мемлекеттің қаржы саясатын жүзеге асыруға қызмет ететін нақтылы қаржы органдары болып табылатын қаржы жүйесінен ажырата білген жөн.

Қазіргі таңда қаржы жүйесінің құрамы, жоғарыда атап етілгендей,

қаржы қатынастарының біршама дербес мына сфераларынан тұрады.

- мемлекеттік бюджет жүйесі;
- арнаулы бюджеттен тыс қорлар;
- мемлекеттік несие;
- жергілікті қаржы;
- шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы;
- халықтың қаржысы.

Қаржы қатынастарының алғашқы үш бөлігі жалпы мемлекеттік, яғни орталықтандырылған қаржыларға жатады және макродеңгейінде экономика мен әлеуметтік қатынастарды реттеу үшін пайдаланылады. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы орталықтандырылмаған қаржыларға жатады және микродеңгейіндегі экономика мен әлеуметтік реттеу және ынталандыру үшін пайдаланылады.

Жергілікті қаржы мемлекеттің қаржы жүйесінің маңызды құрамы болып табылады. Жергілікті қаржының әлеуметтік рөлі, оның құрамы мен құрылымы бүгіндей жергілікті органдарға жүктелінген функциялардың сипатымен, сондай-ақ мемлекеттің әкімшілік-аумақтық құрылысымен және оның саяси – экономикалық бағыттылығымен анықталады.

Жалпы, қаржылардың бүкіл құрамы екі ірілендірілген бөлікке біріктіріледі:

- мемлекеттік және муниципалдық қаржы;
- шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы.

Қаржы жүйесінің әр буыны өз кезегінде буыншаларға (ондағы қаржының өзара байланысының ішкі құрылымына сәйкес) бөлінеді. Мәселен, салалық бағыныштылығына қарай коммерциялық негізде жұмыс істейтін кәсіпорындар (ұйымдар) қаржысының құрамына өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, сауда, көлік, құрылыс және т.т.с. кәсіпорындарының қаржылары, ал меншік нысанына қарай - мемлекеттік, кооперативтік, акционерлік, жекеше және басқа кәсіпорындарының қаржылары болып мүшеленеді. Мемлекет қаржысының құрамында буындар ішіндегі қаржы қатынастарын топтастыру, мемлекеттік басқарудың деңгейіне (республикалық, жергілікті) сәйкес жүзеге асырылады. Сақтық қатынастар сферасында буындардың әрқайсысы сақтандырудың түрлеріне (жалпы сақтандыру, өмірді сақтандыру) бөлінеді.

Мемлекеттердің көпшілігінде қаржы жүйесін құрудың қағидаты - фискалдық (қазыналық) федерализм қағидаты.

Қаржы жүйесінің функционалдық құрылысы мынадай негізгі қағидаттарды қанағаттандыруы тиіс:

- біріншіден, қаржы жүйесінің жеке алынған әрбір буыны ақша қатынастарының аса кең шеңберін қамти алмайды, бұл жалпы категория болып табылатын «қаржыға» ғана тән қасиет;

- екіншіден, тұтастай алынған қаржы жүйесі әрбір нақты сәтте объективті экономикалық категория ретіндегі қаржының қағидалы мәндік сипаттамаларына және функционалдық арналымына дәл сәйкес келуі тиіс.

Қаржы жүйесін құрудың негізіне мына қағидаттар қойылған:

Қаржы жүйесін ұйымдастыруда централизм мен демократизмнің үйлесуі. Мемлекеттік қаржы органдары тарапынан болатын орталықтандырылған басшылықпен бір мезгілде жергілікті қаржы органдарына және шаруашылық жүргізуші субъектілерге кең құқық пен дербестік берілген.

Бұл қағидат жергілікті қаржы органдарының тиісті жергілікті әкімшілікке және жоғарғы қаржы органдарына екі жақты бағынышты жүйесін алдын ала айқындайды.

Салалық қаржыларды басқарудағы демократиялық негіз шаруашылық жүргізуші органдарға капиталды (негізгі және айналым капиталдарын) бекітіп беруде, оларға әр түрлі мақсатты арналымның ақша қорларын жасауға және оларды пайдалануға құқық беруде көрінеді. Жоғары тұрған органдар өзінің құзыры шегінде салалық қорлар мен резервтерге орналастырылатын қаражаттардың бір бөлігін қайта бөлу туралы шешім қабылдайды, оларды мақсатты пайдаланудың тәртібін анықтайды.

Кәсіпкерлік секторда қаржы дербестігі неғұрлым толық көрінеді: оның қатысушылары мемлекеттің қаржы жүйесі алдындағы міндеттемелерді орындағаннан кейін қаржы ресурстарын еркін иемденеді.

Ұлттық және аймақтық мүдделерді сақтау. Бұл қағидат қаржы қатынастарында аймақты дамытудың қабылдауға болатын деңгейі сияқты ұлттық тендікті қамтамасыз етуді де талап етеді. Қаржы жүйесін құрудағы оның көрінісі - мемлекеттік қаржы органдары құрылымының ұлттық-мемлекеттік және әкімшілік - аймақтық құрылымына сай келуі. Әрбір облыста, ауданда және қалада қаржы органдарының тиісті аппараты бар. Төменгі құрылымдарда арнаулы қаржы органдарының болмауы мүмкін, онда олардың функцияларын жергілікті әкімшіліктің аппараты атқарады. Федеративтік құрылысы бар көп ұлтты мемлекеттерде бұл қағидаттың маңызы аса артып отыр.

Қаржы жүйесі бірлігінің қағидаты орталық қаржы органдары арқылы мемлекеттің жүргізіп отырған бірыңғай мақсаттарымен алдын ала айқындалып отырады. Қаржылардың барлық буындарын басқару бірыңғай негізгі заңнамалық және нормативтік актілерге негізделеді. Қаржы жүйесінің бірлігі қаржы ресурстарының басты кездерінің ортақтастығында (бірлігінде), олардың қозғалысының өзара байланыстығында, қажетті қаржылық көмек көрсету үшін қаражаттарды аймақтар, салалар арасында қайта бөлуде болып отыр. Қаржы жүйесі бірлігінің қағидаты экономиканы басқарудың барлық деңгейлерінде жасалатын қаржы жоспарлары мен байланыстардың өзара үйлесу жүйесінде өзінің нақтылы көрінісін табады.

Қаржы жүйесінің жеке құрамды элементтерінің функционалдық арналымының қағидаты қаржының әр буыны өз міндеттерін шешіп отыратындығынан көрінеді. Оған айрықша қаржы аппараты сәйкес келеді. Мемлекеттік бюджеттің ресурстарын құрып, пайдалану жөніндегі

жұмысты ұйымдастыруды республиканың Қаржы министрлігі мен Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі жүзеге асырады.

Бюджеттен тыс қорлардың (ресурстардың) мақсатты міндеттерін тиісті аппараттар анықтайды және шешеді немесе белгілі бір министрліктің және үкіметтің басқаруына беріледі.

Ұлттық шаруашылықты басқарудың сатылас қағидаты жоғары органдар (министрліктер, ведомстволар, холдингтер, ассоциациялар, бірлестіктер) деңгейінде де, сондай-ақ төменгі (фирмаларда, компанияларда және т.т.) деңгейде де қаржы аппаратының тиісті құрылымын байланыстырады (қамтамасыз етеді). Бұдан басқа, қаржы аппаратын ұйымдастыруда акционерлік, бірлескен, аралас, кооперативтік, сондай-ақ қоғамдық кәсіпорындар мен ұйымдарды басқарудың ерекшеліктері қамтып көрсетіледі.

Қазіргі кезде қаржы жүйесі терең өзгерістерге ұшырап, қайта құрылуда. Қаржы жүйесін қайта құрудың басты міндеті әлеуметтік-экономикалық дамуын тұрақтандырып, одан әрі тездетуге ықпал етуді күшейту, ұлттық табыстың үздіксіз өсуін қамтамасыз ету, өндірістің барлық буындарында шаруашылық-коммерциялық есепті нығайту болып табылады.

Нарықтық қатынастарға кешу барысында қаржы жүйесінің рөлі мен маңызы шұғыл артады. Қаржы-несие нарықтық механизмдердің неғұрлым тиімді жұмыс істейтін секторларының біріне айналуы тиіс.

Қаржы жүйесін құрудың негізіне мына қағидаттар қойылған.

Мемлекеттердің көпшілігінде қаржы жүйесін құрудың қағидаты – фискалдық (қазыналық) федерализм қағидаты.

Қаржы жүйесінің функциялық құрылысы мынадай негізгі қағидаттарды қанағаттандыруы тиіс:

- біріншіден, қаржы жүйесінің жеке алынған әрбір буыны ақша қатынастарының аса кең шеңберін қамти алады, бұл жалпы категория болып табылатын «қаржыға» ғана тән қасиет;

- екіншіден, тұтастай алынған қаржы жүйесі әрбір нақты сәтте объективті экономикалық категория ретінде қаржының қағидалы мәндік сипаттамаларына және функциялық арналымына дәл сәйкес келуі тиіс.

Қаржылық жүйені ұйымдастыру қағидалары:

1) *біртұтастық* қағидасы орталық қаржылық органдар арқылы мемлекет өткізетін бірыңғай саясат және бірыңғай мақсат арқылы анықталады, ал қаржылық жүйені басқару бірыңғай құқықтық базаға, менеджменттің бірыңғай амалдары мен әдістеріне негізделеді;

2) *дербестік* қағидасы қаржылық жүйенің әр звеносы өз міндеттерін шешетіндігімен, әрбіреуінде өзіндік қоғамдық бағыты, ұйымдастырудың арнайы формасының болатындығымен және оларға зінің ерекше қаржылық аппараты сәйкес келетіндігімен ерекшеленеді;

3) жалпы ұлттық және жергілікті (субұлттық) мүддені ұстану қағида-сы мемлекет пен аймақтардың қаржылық қатынастырының тең дәрежелі жағдайымен қамтамасыз етіледі.

Қаржылық жүйені жетілдірудің негізгі бағыттары: 1) өндірістік қатынастарды жетілдіру, 2) экономиканы әлеуметтік жағына бұру, 3) ұлттық шаруашылықты құрылымдық қайта құру, 4) ғылыми-техникалық прогресті жеделдету, 5) сыртқы экономикалық қызмет белсенділігін арттыру, 6) ішкі өндіріс есебінен тұтынушылар нарығын толтыру мәселелерін шешу. Қаржылық шараларға инвестицияны тиімділігі, басқару аппаратын қанымдау шығындарын төмендету, шаруашылық жүргізудің барлық деңгейлерінде үнемдеу режимін қатал болдыру; экономиканың төменгі звеноларында – залалды жою, коммерциялық есепті дамыту, қаржылық жүйенің барлық звеноларында қаржылық қатынастарды индикативтік реттеу жатады.

Қоғамда істің жайы қаржы ахуалымен анықталады, сонедықтан тұрақтану мен дамудың бағдарламасы бірінші кезекте экономиканың тиімділігін арттыру жөніндегі жалпы экономикалық шараларды іске асыруды қарастыруы тиіс. Бұл шаралардың қатарында – өндірістік қатынастарды жетілдіру, экономиканы әлеуметтік қайта бағалау, ұлттық шаруашылықтың құрылымын жаңғырту, ғылыми – техникалық прогрессті жетілдіру тұр.

Бақылау сұрақтары

1. Қаржылық жүйенің мәнін атаңыз.
2. Қаржы жүйесінің құрылымы?
3. Қаржылық жүйенің ұйымдастырылуының негізгі қағидаларына сипаттама беріңіз.
4. Қаржылық жүйені жетілдірудің бағыттарын атаңыз.
5. Қаржылық жүйенің функционалдық белгісі бойынша құрылымы қандай?

3 Үй шаруашылығының қаржысы

Жоспар

1. Үй шаруашылықтары және ұдайы өндіріс процесінде экономикалық ресурстарды қамтамасыз етудегі олардың рөлі.
2. Үй шаруашылығы қаржысының мәні, олардың қызметтерінің мазмұны.
3. Үй шаруашылығы бюджеті. Кірісті қалыптастыру.
4. Халықтың өмір сүру деңгейін мемлекеттік реттеу.
5. Үй шаруашылығы шығыстары, олардың жіктелуі және құрылымы.
6. Азаматтардың кәсіпкерлік қызметтері, олардың түрлері.

Үй шаруашылықтары экономикалық қызметтің маңызды субъекттерінің бірі, олардың қызмет нәтижелеріне тек ғана жекеленген шаруашылық

бірліктерінің ғана емес, елдегі барлық халықтың әл-аухаты тәуелді. Коммерциялық кәсіпорындар және мемлекетпен қатар экономиканың ірі субъектілері бола отырып, үй шаруашылықтары барлық макрореттеу процесстеріне қатысады. *Үй шаруашылығы* дегеніміз бір немесе бірге тұратын және ортақ бюджеті бар бірнеше тұлға жүргізетін шаруашылық. Үй шаруашылығы барлық жалданбалы жұмысшыларды, ірі және шағын капитал, жер, бағалы қағаз иелерін біріктіреді. Едәуір бөлік шаруашылық субъекттер едәуір бөлік заттық қоғамдық өнім жасалатын заттық өндірістің саласында қоғамның тіршілік қамтамасыздығының көзі шұғылданғандығы, онда бұл буынның қаражаттары негізгі, бастапқы қаражаттардың бір бөліктері болады.

Үй шаруашылықтарының қаржысы дегеніміз шаруашылық мүшелерінің материалдық жағдайларын қамтамасыз ету және оларды ұдайы өндіру мақсатында ақша-қаражаттарын қалыптастыру және пайдалану бойынша экономикалық ақшалай қатынастар.

Үй шаруашылықтары қаржысының қызметтері: 1) отбасы қажеттіліктерін ақша-қаражаттарымен қамтамасыз ету, бұл қызметі отбасының тіршілік етуіне нақты жағдайлар жасайды; 2) үй шаруашылықтары қаржысының бөлу қызметі ұлттық табысты бөлуді және отбасының алғашқы табыстарын қалыптастыруды қамтиды.

Үй шаруашылықтарының қаржылық қатынастары екі топтан тұрады: 1) жалақы, зейнетақы, жәрдемақы және басқалары түрінде алғашқы табыстар қалыптастыра отырып, аталмыш шаруашылық бірлігі мен қаржылық жүйенің басқа звенолары (мемлекеттік қаржы – бюджет және бюджеттен тыс қорлар, коммерциялық ұйымдар мен кәсіпорындар қаржысы) арасындағы қатынастар; 2) қаражаттар бөлініп, ерекше ақша қорларын құра отырып, бөлінген кездегі үй шаруашылықтары мүшелері арасындағы қатынастар. Шаруашылық субъекттердің қаражаттары ұлғаймалы ұдайы өндірістің процессінің негізгі тараптарын ақшалай формаларда білдіреді және экономикалық заңдардың талаптарымен сәйкес оның жүзеге асыруларына мүмкіндік туғызады. Олар ақшалай табыс және ұлттық шаруашылықтың ары қарай дамытуы үшін қажетті жинақталуларды үлестірілу және қолдану үшін қажетті қолданылады. Бұл дамытулардың мүмкін емес мықтысыз және ұлттық шаруашылықты басқару жүйесінің маңызды экономикалық аспаптары болып табылған шаруашылық субъекттердің қаражаттарының жақсы тәртіпке келтірілгендері экономиканың өрнектеуінің қуатты құралымен. Басқа өндірістік қатынастармен олар бірігіп ұлттық шаруашылықты басқарудың төменгі жағы буындарының шаруашылық жұмысының тиімділіктеріне өндірістік қатынастардың бөлігі бола тікелей әсер етеді. Олардың арасында бір жақты, екі және көп жақты, үздіксіз ақша ағымдары туындайды. Шаруашылық субъекттердің қаражаттары мән және әсер етудің сыртқы формаларын алады. Қаражаттардың әсер етуінің мән және формалары өзара байланыстырған.

Үй шаруашылықтарының қаржылық ресурстары – бұл отбасы иелігіндегі және жеке ақша-қаражаттары қорлары түріндегі ақша-

қаражаттарының жиынтық қоры. Жеке қорлардың негізгі түрлері: а) тұтыну қоры, аталмыш ұжымның - отбасының жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруға (азық-түлік өнімдерін, өнеркәсіп өндірісінің тауарларын сатып алу, әртүрлі ақылы қызметтерге ақы төлеу, т.б.) арналады; б) жинақтау қоры, келешекте қымбат тауарлар сатып алуға, не пайда алуға пайдаланылады.

Үй шаруашылығының қаржылық ресурстары құрамы: 1) меншікті қаражаттар, яғни отбасының әр мүшесі еңбегімен тапқан жалақы, қосымша шаруашылықтан түскен табыс, коммерциялық қызметтен түскен пайда; 2) несие ұйымдарынан алынған несие түріндегі нарықта қозғалысқа түскен қаражаттар, дивидендтер, пайыздар; 3) қайта бөлу тәртібімен түскен қаражаттар – зейнетақы, жәрдемақы, бюджеттен және бюджеттен тыс әлеуметтік қорлардан алынған ссудалар.

Үй шаруашылығы қаржысы бюджеттермен (республикалық, жергілікті және бюджеттен тыс әлеуметтік қорлар) және әртүрлі меншік формаларындағы кәсіпорындардың орталықтандырылмаған қаржысымен, сондай-ақ, қаржылық нарықтармен байланысқа түседі. Үй шаруашылығының қаржысы республикалық, жергілікті бюджеттермен және бюджеттен тыс әлеуметтік қорлармен және меншіктің түрлі нысандары кәсіпорындарының орталықтандырылмаған қаржыларымен, сондай – ақ қаржы рыногымен өзара іс – әрекет етеді. Олардың арасында үздіксіз біржақты, екі және көп жақты ақша ағындары пайда болады. Үй шаруашылығы мен мемлекет арасында ақша ағындарының тұрақты қозғалысы жүзеге асырылады. Үй шаруашылығының мүшелері мемлекеттік сектор үшін жұмыс күшін береді, мемлекетке өз өндірісінің тауарлары мен қызметтерін сатады. Осы үшін отбасы еңбекақы мен табыс алады. Бұдан басқа қаржылық қатынастар қазынаға баждар және аударымдар төлеген кезде пайда болады. Сонымен бірге үй шаруашылықтары үкіметтен әр түрлі ақшалай трансферттер, сондай – ақ заттай нысанда қоғамдық игіліктер мен қызметтер алады.

Үй шаруашылығында ақша ағындары мемлекеттік емес сектормен – кәсіпорындармен, ұйымдармен, компаниялармен пайда болды. Олардан тауарлар, қызметтер ала отырып, үй шаруашылықтары ақша нысанындағы оларға алынған түрлі игіліктердің құнын қайтарады. Заңды тұлғалар сонымен қатар, бұл ұжымның мүшелерінде тиісті меншік болған жағдайда үй шаруашылықтарын кредит ресурстармен, сондай – ақ табыстармен, дивиденттермен, пайыздармен, жалгерлік ақымен қамтамасыз ете алады. Қаржы ресурстарының толық айналымының нәтижесінде үй шаруашылықтары қазіргі және келешектегі жеке қажеттіліктерін қанағаттандыра алады.

Қазақстан халқының қаржы ресурстарына жинақтаушы зейнетақы қорлары, салымшыларының зейнетақы қорлары банктердегі салым ақшалары жатады.

Қаржылық ресурстар үй шаруашылығы бюджетін құрайды. Материалдық мазмұны бойынша үй шаруашылығының бюджеті – бұл үй

шаруашылығының ақшалай қаражаттарын қалыптастыру және пайдалану формасы. Ол үй шаруашылықтары мүшелерінің жиынтық табыстары мен олардың жеке қажеттіліктерін қамтамасыз ететін шығындарды біріктіреді. Бюджет шеңберінде жеке ақша қорлары қалыптасады, олар: а) *жеке*, отбасының жеке мүшелеріне арналады және әртүрлі тауарлар сатып алуға, көңіл көтеруге, оқуға, медициналық қызмет, т.б. жұмсалады; б) *біріккен*, ортақ пайдаланылатын тауарлар сатып алуға арналады; в) *жинақтар және болашақ капитал шығындарын қамтитын қорлар (резервтік қор)* (үй, пәтер, жер учаскесін, көлік құралдарын сатып алу, сондай-ақ, коммерциялық қызметке арналған бастапқы капитал қалыптастыру).

Үй шаруашылықтарының табыстары – өндіріс процесінде құралған және шаруашылық мүшелерінің материалдық және рухани байлықтарын қанағаттандыруға арналған ҰТ бір бөлігі. Бұл табыстар еңбек шығындарын, яғни өндіріс процесінде жұмсаған адамдардың дене және ой күштерін өтеуге тиіс.

Үй шаруашылықтарының жалпы табысы – бұл ақшалай табыстар, өнімдердің натурал түсімдерінің құны және мемлекет пен кәсіпорындар натурал түрде ұсынған жеңілдіктер, дотациялар, сыйлықтар (жинақталған қаражаттарды есепке алмағанда).

Үй шаруашылықтарының ақшалай табыстары үй шаруашылығының мүшелері жалақы түрінде алған ақша-қаражаттары, жеке қызметтен және кәсіпкерлік қызметтен түскен табыстары, зейнетақылары, жәрдемақылар, өтемақылар мен басқадай төлемдер (оған қайырымдылық көмектер де қосылады), пайыздар, дивидендтер, ренталар мен меншіктен түсетін басқадай табыстар, жеке меншік қосалқы шаруашылық өнімдерін сатудан түсетін қаражаттар және басқадай ақшалай түсімдер.

Халықтың табысы – жалданбалы және жеке жұмыстан, меншіктен, сату-дан түсетін табыстар, әлеуметтік трансферттер мен натурал және ақшалай түрдегі басқадай табыстар. *Жалданбалы жұмыстан түсетін табыс* – жалақы, ынталандыру төлемдерінің барлық түрлері, жалақыға қосымша төлемдер, гонорар, сыйақылар, пайдадан төленетін төлемдер, сырқаттану қағазы бойынша төленетін төлем, демалысқа төленген жәрдемақылар, жұмыс берушіден натурал және ақшалай түрде алынған медициналық шығындардың өтемақылары. *Жеке жұмыспен айналысудан түсетін табыс* – ақшалай және натурал формада кәсіпкерлік қызметтен түскен табыстар.

Әлеуметтік трансферттер – зейнетақы, стипендия, жәрдемақы, өтемақы төлемдері, қосымша жеңілдіктер, қайырымдылық көмек. *Меншіктен түсетін табыс* - акция және басқадай бағалы қағаздар бойынша дивидендтер мен ұтыстар; қарыз түрінде берілген соманы пайдаланғаны үшін, салымдар бойынша алынған пайыздар; үйді, көлік құралдарын, техниканы, жер учаскесін жалға беруден түсетін табыс. *Сатудан түскен табыс* - бұл қозғалмайтын мүлікті, әртүрлі бұйымдар мен тауарлар, жеке шаруашылықтан алынған азық-түлік өнімдерін сатудан, көрсетілген

қызметтерден түскен табыс. *Табыстың басқа көздері*-алименттер, туыстар мен таныстардан түскен түсімдер.

Қолда бар ақша-қаражаттары - міндетті төлемдер мен жарналарды алып тастағандағы ақшалай табыстар. *Нақты ақшалай табыс* - тұтыну бағаларының өзгерісін ескергендегі ақшалай табыстар. *Нақты қолда бар табыстар* - тұтыну бағаларының өзгерісін ескере отырып, міндетті төлемдер мен жарналарды алып тастағандағы ақшалай табыстар.

Ақшалай табыстар *номинал* (салық пен міндетті төлемдерді төлегенге дейін) және *қолда бар* (аталған төлемдерді төлегеннен кейін) деп бөлінеді. Нақты ақшалай табыстар – тұтыну бағасы өзгерісін алып тастағандағы ақшалай табыстар. Ол ақшалай табыстарды тұтыну бағасы индексіне бөлу арқылы есептеледі. Нақты қолда бар ақшалай табыстар - тұтыну бағасы өзгерісін алып тастап, міндетті төлемдер мен жарналарды азайтқандағы ақшалай табыстар.

Табыстар әртүрлі белгілер бойынша бөлінеді: 1) *табыс көзіне байланысты* мынадай түрлерге бөлінеді: жалақы және еңбекке төленетін қосымша ақы; кәсіпкерлік қызметтен түсетін табыс; бағалы қағаздардан түсетін табыс; мүлікті уақытша қолдануға бергені үшін төленетін арендалық төлем; сақтандыру төлемдері; мүлікті сатудан түсетін табыс; мемлекеттік ақша қорларынан (бюджет, бюджеттен тыс қорлар) төленетін төлемдер; т.б.; 2) *түсімнің біркелкі болуына* байланысты мынадай түрлерге бөлінеді: жүйелі (еңбек ақы, арендалық төлем, т.б.); мерзімдік (авторлық гонорар, бағалы қағаздан түсетін табыс, т.б.); кездейсоқ немесе бір реткі (сыйлықтар, мүлік сатудан түсетін табыстар); 3) *түсімнің сенімділігіне* қарай табыстар мынадай түрлерге бөлінеді: *кепілдік берілген* (мемлекеттік зейнетақы, мемлекеттік займадан түсетін табыстар); *шартты түрде кепілдік берілген* (еңбек ақы); *кепілдік берілмеген* (гонорар, комиссиялық сыйақы).

Әлемдік тәжірибедегі халықтың өмір сүру деңгейінің индикаторларының бірі - ең төменгі күнкөріс деңгейі. Оны мемлекеттік әлеуметтік саясатта кедейлік шегін және әлеуметтік төлемдер мөлшерін анықтау үшін қолданады.

Халықаралық тәжірибеде күнкөріс минимумы мәні мен шамасын анықтаған кезде адамның белгілі тауарлар мен қызметке деген ең аз қажеттілігін, яғни *тұтыну қоржынын* анықтауға негізделген көзқарас таралған. Ол *азық-түлік және азық-түлік емес* деген бөліктерге бөлінеді. *Тұтынушылар қоржынының құны* нормативтік, статистикалық немесе комбинациялық әдістермен анықталады.

Кедейлік масштабы - табыстары күнкөріс деңгейінен (кедейліктің азық-түлік шегі және кедейліктің анықталған шегі) төмен халық үлесін (саны); адам басына шаққанда тұтыну деңгейі белгіленген мөлшерден төмен халық үлесін көрсететін сандық көрсеткіш.

Кедейлік шегінің коэффициенті - табыс (тұтыну) деңгейі күнкөріс минимумынан төмен адамдардың күнкөріс минимумы шамадан орташа ауытқуын көрсетеді және үй шаруашылығы мүшелерінің жалпы санына қатынасы бойынша табыстың жиынтық тапшылығының шамасын көрсетеді.

Кедейлік құлдырау шегінің коэффициенті зерттеліп отырған үй шаруашылығының табысының күнкөріс минимумынан ауытқуын сипаттайды және зерттеліп отырған үй шаруашылығы мүшелерінің жалпы санына бөлінген табыс тапшылығының қосындысының квадратына тең шамамен өрнектеледі. Аймақтық ұйымдар бюджеттік сфера жұмысшыларының аз қамтамасыз етілгенін ескере отырып, оларға бюджет көлеміне байланысты қаржылық қолдау көрсетеді.

Азаматтардың кәсіпкерлік қызметі. Жеке кәсіпкерлік түсінігі жеке кәсіпкерлік туралы Заңда көрсетілген. *Жеке кәсіпкерлік* дегеніміз табыс алуға бағытталған, азаматтар меншігіне негізделген және азаматтардың атынан олардың мүліктік жауапкершілігі және тәуекелділігі есебінен жүзеге асырылатын азаматтардың бастамалық қызметі.

Кәсіпкерлік түрлері: жеке кәсіпкерлікті азаматтар дербес атқарады; *бірік-кен кәсіпкерлікті* азаматтар тобы заңды тұлға құрмай-ақ жүзеге асырады.

Біріккен кәсіпкерлік формалары: а) біріккен меншік негізінде жүзеге асырылатын жұбайлардың кәсіпкерлігі; б) отбасылық кәсіпкерлік, шаруа қожалығының біріккен меншігі немесе жекешелендірілген тұрғын үйдің біріккен меншігі негізінде жүзеге асырылады; в) қарапайым серіктестік, онда кәсіпкерлік қызмет жалпы үлестік меншік негізінде жүзеге асырылады.

Үй шаруашылығының шығындары - материалдық және рухани құндылықтарды сатып алатын, адамның өмір сүруіне қажет шығындар, оларға тұтыну шығындары мен тұтынуға тікелей байланысты шығындар жатады және үй шаруашылығының жеке мүшелерінің жұмыс күшін ұдайы өндіруде маңызды роль атқарады.

Халықтың ақшалай шығындары – тұтыну шығындары, салықтар, алымдар, төлемдер; қозғалмайтын мүлік сатып алу, тұтынумен байланысты емес басқадай шығындар. *Тұтыну шығындары* – тұтыну тауарлары мен қызметтерін сатып алуға жұмсалатын халықтың ақшалай шығындарының бір бөлігі (азық-түлік, азық-түлікке жатпайтын тауарлар сатып алу, төлемді қызмет пайдалану).

Салықтар, алымдар, төлемдер – табыстан, қозғалмайтын мүліктен алынатын салықтар; алымдар, айыппұлдар, өсімпұлдар, жарналар; үй, пәтер, техникалық құралдар, техника жалдағаны үшін төлейтін төлемдер.

Қозғалмайтын мүлік сатып алу – үй, пәтер, бақша және жер учаскелерін сатып алу.

Басқадай шығындар – қайырымдылық қорларына аударылатын төлемдер, алимент төлеу, туыстарға, таныстарға көмек көрсету.

Ақшалай шығындар - тұтыну шығындары: салықтар, алымдар, сақтандыру және басқадай төлемдер; қарызды, алимент, айыппұл төлеу, несиені өтеу, туыстарға көмек көрсету; қозғалмайтын мүлік, бағалы қағаз, шетел валютасын сатып алу; отбасының *өндірістік қызметімен байланысты шығындар* (шикізат, тұқым, мал, жем, т.б. сатып алу); тұтынумен байланысты емес басқадай шығындар.

Үй шаруашылығының ақшалай шығындарын *әртүрлі белгілер* бойынша топтастырады:

1) *жүйелілік дәрежесі бойынша*: тұрақты шығындар (азық-түлік, коммуналдық қызмет және т.б. шығындар); жүйелі шығындар (киім, көлік және т.б.); *бір реткі шығындар* (емдеу, ұзақ уақыт қолданатын тауарлар сатып алу шығындары);

2) *қажеттілік дәрежесі бойынша*: тамақ, киім, медицинаға қажет бірінші кезектегі (қажет) шығындар; екінші кезектегі шығындар (білімге қажет, сақтандыру жарналары, т.б.); басқадай шығындар (қалғандары);

3) *пайдалану мақсаттары бойынша*: тұтыну шығындары (тауар сатып алу және қызметке төлеу); салықтар мен басқадай міндетті төлемдер төлеу; салымдар мен бағалы қағаздар бойынша жинақтаған жинақтар; шетел валютасын сатып алу; халық қолындағы ақша өсімі.

Бақылау сұрақтары

1. Үй шаруашылықтары және ұдайы өндіріс процесінде экономикалық ресурстарды қамтамасыз етудегі олардың рөлі қандай?
2. Үй шаруашылығы қаржысының мәні қандай?
3. Үй шаруашылығы бюджетіне сипаттама беріңіз.
4. Азаматтардың кәсіпкерлік қызметтерінің қандай түрлері бар?
5. Үй шаруашылығы шығыстарының құрылымы қандай?
6. Халықтың өмір сүру деңгейін реттеудегі мемлекеттің рөлі?

4 Қаржылық саясат және қаржылық механизм.

Жоспар

1. Қаржылық саясат түсінігі, мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік саясатындағы оның орны.
2. Қаржы саясатының міндеттері, мақсаттары, қағидалары мен сатылары.
3. Қаржылық механизмнің мазмұны мен құрылымы.
4. Қаржылық қатынастарды құқықтық реттеу.

Қаржылық саясат – мемлекеттің өз қызметтері мен міндеттерін атқару үшін қаржылық қатынастарды пайдалану бойынша мемлекеттік шаралар жиынтығы. Қаржы саясаты экономикалық саясаттың құрамдас бөлігі болып табылады.

Қаржылық саясат мақсаты – мемлекеттік бюджетті теңестіру, экономиканы тұрақтандыру негізінде халық шаруашылығын қаржылық сауықтыру мәселелерін шешу.

Қаржылық саясат мазмұны – елде экономикалық заңдардың әрекет етуі негізінде қаржыны дамытудың ғылыми негізі бар тұжырымдамасын жасау; экономиканың жағдайы және қоғамның әлеуметтік-экономикалық

даму келешегін игеру; экономикалық саясаттың стратегиялық және тактикалық шараларын қалыптастыру; экономикалық қайта құрудың түбегейлігіне байланысты оны түзету және реконструкциядан өткізе отырып, қаржылық механизм арқылы белгіленген әрекеттерді тәжірибеге айналдыру сияқты сатыларды біртіндеп жүзеге асыру.

Қаржылық саясат міндеттері: елдің дамуының нақты сатысының ерекшелігі негізінде қаржылық ресурстар көлемін қалыптастыруға жағдай жасау; қаржы ресурстарын қоғамдық өндіріс, шаруашылық секторлары арасында нақты бөлу және пайдалану; ресурстарды нақты мақсатқа жұмсау; экономикалық дамудың нақты бағытын орындау үшін қаржылық механизм жасап, оны үнемі жетілдіріп отыру. Мемлекеттің *қаржылық саясаты* қаржылық стратегия мен қаржылық тактикаға бөлінеді.

Қаржылық стратегия – келешекке есептелген және экономика мен қоғамның әлеуметтік дамуының ірі мәселелерін шешуді қарастыратын ұзақ мерзімді бағыт. *Қаржылық тактика* – елдің дамуының белгілі сатысындағы мәселелерді шешу және қаржылық қатынастарды ұйымдастыру тәсілдерін уақытында өзгерту жолымен дамуды қамтамасыз ету.

Қаржылық саясат *қағидалары* қоғамдық өндірістің барлық мүшелерінің мүд-десін ұстанады, олар: 1) қаржылық қатынастарды тиімді ұйымдастыруды қамтамасыз ету; 2) мемлекеттік қаржы кірісі мен шығынын теңестіру; 3) мемлекет резервін және әлеуметтік қорлар құру; 4) қаржы ресурстарын оптимал түрде бөлу.

Қаржылық саясат қаржылық механизм арқылы жүзеге асырылады. *Қаржылық механизм* – экономика мен қоғамдағы қаржыны басқару басқару жүйесіндегі белсенді элемент, қаржылық қатынастарды ұйымдастыру түрлері, формалары мен әдістерін, оларды саны жағынан анықтау тәсілдерін қамтиды, өзіндік ішкі құрылымы бар (Сурет 3).

Қаржылық механизм (жүйе)							
Ішкі жүйелер							
Қаржылық жоспарлау (болжау)		Қаржылық тетіктер мен стимулдар			Ұйымдастыру құрылымы және құқықтық режим		
Блоктар							
Қаржылық болжамдар, жоспарлар және баланстар	Қаржылық консервация	Ағымдағы жоспарлауға қолданылатын қаржылық нормалар мен нормативтер	Қаржылық ресурстарды бөлу нормативтері (макроэкономикалық нормативтер: салық ставкалары, қорларға аударылатын төлемдер	Ұдайы өндіріс пен ынталандыруды қаржылық қамтамасыз ет у қорлары	Қаржыны басқаруды ұйымдастыру	Қаржылық қатынастарды реттейтін заңдық және нормативтік актілер	Қаржылық бақылау
Элементтер							
Қаржылық қатынастарды ұйымдастырудың бастапқы түрлері, формалары, әдістеріне, ішкі жүйелер мен блоктарға, оларды саны жағынан анықтау тәсілдеріне сай нақты атаулар.							

Сурет 3 – Қаржылық механизм жүйесі

Қаржылық механизм *құрылымына* жүйелі талдау, ішкі жүйе, блок, элемент сияқты түсініктер кіреді.

Ішкі жүйе (бөлік) – қаржылық жоспарлау, қаржылық тетіктер мен стимул, ұйымдастыру құрылымы, қаржылық жүйенің құқықтық режимі және қаржылық бақылау.

Блок (звено) – жалпы мақсаттық бағыт белгісі бойынша (қаржылық болжамдар, жоспарлар мен баланстар, қаржылық көрсеткіштер, ұдайы өндірісті қаржымен қамтамасыз ету және ынталандыру қорлары, қаржылық қатынастарды реттейтін заңдық және нормативтік актілер) біріктірілген біртекті, өзара байланысты элементтер жиынтығы.

Элемент – қоғамдық өндіріс мүшелерінің мүдделері ерекше түрде көрінетін қарапайым шаруашылық формасы.

Қаржылық механизм ерекшеліктері: динамикалылығы, үнемі жетілдіріп отыру, шаруашылық механизм звеноларымен тығыз байланыста болу. Нақты, жақсы ойластырылған қаржылық механизм көмегімен өндіріс көлемі мен сапасына белсенді түрде ықпал етуге, оның эффектілігін көтеріп, экономиканы өсіру үшін қаржылық ресурстармен, мемлекетті әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларды орындау үшін орталықтандырылған меншікті мемлекеттік қаржымен қамтамасыз етуге болады.

Әлемдік тәжірибені ескере отырып, ҚР экономикасының дамуының қазіргі сатысындағы *қаржылық механизмді жетілдіру міндеттері* өндірісті кең көлемде демократияландырумен, коммерциялық бастама енгізумен, нарықтық реттеумен, шаруашылық нәтижесінде экономикалық мүддені күшейтумен байланысты. Қаржылық саясат қазір қарама-қайшы міндеттерді шешеді, қаржылық саясат теңестірілген болуы тиіс.

Қаржылық саясаттың негізгі бағыттары: 1) шаруашылық субъекттерінің қаржысы сферасындағы нарықтық қатынастарды нығайту шараларын өткізу; 2) дағдарысты жағдайды жеңу және қаржылық жүйені сауықтыру; 3) халықты әлеуметтік қорғау шараларының кешені; 4) монополияға қарсы саясатты ары қарай дамыту; 5) салық жүйесін жетілдіру; 6) қаржы нарығын дамыту; 7) бюджеттік тапшылықты азайту; 8) ішкі және сыртқы қарызды азайту, т.б.

Қаржыны басқару туралы түсінік. Басқару – *бұл нақты нәтижеге жету үшін объектіге мақсатты түрде ықпал ету амалдары мен әдістерінің жиынтығы*. Қаржыны басқару – *қаржылық және аралас экономикалық және әлеуметтік жүйелерге оларды жетілдіру және дамыту мақсатында ықпал ету процесі*. Басқару элементтері – *жоспар және болжам, қаржылық қатынастар сферасындағы саясат және стратегия, әрекет және құқықтық негіз, бақылау*. *Қаржылық жүйеде басқару қаржылық механизм арқылы оның әдістері, стимулдары және санкциялары көмегімен жүзеге асырылады*.

Қаржыны басқару *қағидалары:* демократизм; қаржылық мәселелерге саяси көзқарас; басқаруда экономикалық және әкімшілік көзқарастардың

оптималь түрде үйлесім табуы; ғылыми негіздің болуы; орталықтандырылған, салалық және территориялық басқарудың келісілуі; басқарудағы жауапкершілік, шаруашылық шешімдерінің тығыз байланыста болуы.

Қаржыны басқарудың өзара байланысты *элементтері* төмендегідей:

- бухгалтерлік, статистикалық және оперативтік есеп формасындағы *қаржылық ақпараттың* ғылыми негізде жоспарлау үшін де, барлық қаржылық процестерді оперативтік түрде басқару үшін де басқару шешімдерін қабылдауда аса маңызды болып келеді;

- *жоспарлау* қаржыны басқаруда негізгі орын иеленеді және материалдық, еңбек және қаржылық ресурстардың тепе-теңдігін, өндірістік және қаржылық көрсеткіштердің өзара байланысын, кіріс пен шығынның, халық шаруашылығының барлық деңгейлеріндегі қаржылық жоспарлар байланысын қамтамасыз етуге тиіс;

- *ұйымдастыру* – басқарудың барлық деңгейлерінің бірігуі, нақты болуы, қаржылық аппараттың нәтижелілігі;

- *қаржылық реттеу* резервтік қорлар, жоспардан артық ресурстар, бөлініп, пайдаланылмай қалған қаражаттар есебінен қызметтің барлық түрлерінің пропорциясы мен бір мезетте орындалуын қамтамасыз етуге тиіс;

- қаржылық жоспарлардың орындалуын *бақылау* ақша қорларының қалыптасу және пайдаланылу процесіндегі шаруашылық жүргізудің барлық деңгейлеріндегі жоспарлау сатысында да, оперативтік басқару сатысында да жүзеге асырылады.

Министрліктер мен басқадай жоғары деңгейдегі *қаржылық басқару аппараты* жиынтық қаржылық жоспарлау, жүйені несиелік жоспарлау, кіріс пен шығынның жиынтық балансын орындауды бақылау жұмыстарын атқарады, ведомстволық кәсіпорындардың қаржылық бөлімдерінің жұмысын үйлестіреді. ҚР Конституциясында қаржыны *стратегиялық басқару* мемлекеттік билік пен басшылықтың жоғарғы органдарына жүктелген, олар: Парламент, Президент Аппараты, Үкімет, Қаржы министрлігі. ҚР Президентінің қаржыны басқару құзыреті өте кең, ол көбінесе Президент Аппараты арқылы жүзеге асырылады. Президент жыл сайын халыққа елдегі жағдай және республиканың ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы жолдауын жариялайды, елдің экономикалық және әлеуметтік дамуының стратегиялық мәселелері туралы жарлықтары мен өкімдерін, т.б. шығарады.

Парламент құзырына мыналар кіреді: маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін, салық салу, алымдар мен басқадай міндетті төлемдерді бекітуге; республикалық бюджетке; қорғаныс пен ел қауіпсіздігін және т.б. қамтамасыз етуге байланысты негізгі қағидалар мен нормаларды анықтайтын заңдар мен парламент қаулыларын шығару. *Парламенттің жұмыс органдары: Сенат пен Мәжілістің тұрақты комитеттері* – тұрақты жұмыс атқаратын экономика, қаржы, бюджет комитеттері.

Жалпы мемлекеттік қаржыны ҚР *Қаржы министрлігі* жүзеге асырады, ол қаржыны стратегиялық және оперативтік түрде басқарады, қаржылық

жоспарлау саласында әдістемелік жетекшілік жүргізеді. Әдістемелік жетекшілікке мыналар кіреді: қаржылық заңдылық жобаларын жасау, мемлекеттің кәсіпорындармен, ұйымдармен қаржылық қатынастарын жетілдіру; мемлекеттік бюджет кірісі мен шығындарын жоспарлау, т.б. *Салық қызметі ұйымдарына* ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігі және қалалар мен аудандардағы қалалық және аудандық звеноларға бөлінетін республика облыстарындағы салық комитеттері.

Қазынашылықтық ұйымдық құрылымы Қаржы министрлігі құрамындағы Қазынашылық департаменті мен оған бағынатын, облыстардағы территориялық бөлімшелерден тұрады.

Басқарудың автоматтандырылған жүйесі – қаржыны, қаржы жүйесін эф-фективті басқаруға мүмкіндік беретін әкімшілік, экономикалық, математикалық әдістер, есептеу және ұйымдастыру техникалары, байланыс мен құралдарының жиынтығы.

Қаржылық жоспарлау – белгіленген мақсаттарға жетуге бағытталған және қоғамда қаржы ресурстарын, орталықтандырылған, орталықтандырылмаған және нақты ақшалай жинақтар, қорлар құруға бағытталған нақты ақша қорларын қалыптастыру, бөлу, пайдаланудың барлық сфераларын қамтитын қаржылық жоспар (тапсырмалар) дайындау, қарастырылған мерзімде олардың орында-луын ұйымдастыру процесі.

Қаржылық жоспарлау мақсаты мен міндеттері – қаржылық ресурстарды қалыптастыру көздерін, олардың мөлшерін, қаржылық қатынастарға қатысушылар арасында табысты бөлген кезде оптимал пропорцияны анықтау, экономикада, салалар, шаруашылық жүргізуші субъекттерде, территориялық аспект-лерде пропорционалдыққа және тепе-теңдікке қол жеткізу.

Болжам – қаржылық қатынастардың нақты даму келешегі, ақша-қаражаттары қорының қозғалысы туралы болжам жасау. Қаржылық жоспарлау құра-мында келешектегі мемлекет пен шаруашылық жүргізуші субъекттердің стра-тегиясы, саясатының байланысын болжау.

Қаржылық жоспарлау қағидалары: орталықтандырылған және орталықтан-дырылмаған көзқарастар арасында қарама-қайшылық болмаған жағдайда олардың *үйлесім табуы*; қаржылық жоспарлаудың экономикалық және әлеуметтік жоспарлаумен *бірігуі*; қаржылық жоспарлаудағы *үздіксіздік* перспективті және жылдық жоспарлауды (жоспарларды) байланыстырады, болжамдағы белгісіздікті дұрыстауға, ағымдағы және келешектегі жоспарлар арасындағы алшақ-тықты жоюға көмектеседі.

Қаржылық жоспарлау әдістері: баланстық әдіс; бағдарламалық-мақсаттық әдіс; экономикалық-математикалық әдіс; нормативтік әдіс; экстраполяция (немесе коэффициенттер) әдісі; экономикалық-математикалық әдістерді пайдаланып есептаудің көп нұсқалылығы, ұзақ мерзімге арналған қаржылық болжамдарға арналған ЭЕМ.

Сондай-ақ, нарықтық жүйеде *индикативтік*, яғни ұсыну түріндегі жоспарлау да қолданылады, ол ақпараттық-үйлестіру ролін атқарады және

қаржылық қызмет субъекттеріне экономикалық реттеушілер арқылы жанама әсер етеді. *Индикативтік* жоспарлаудың негізгі мақсаты – болжанған деңгейде даму үшін қажет қаржылық ресурстардың көлемін және жұмсалудың шамамен анықтау.

Қаржылық жоспарлаудың негізгі құжаты *қаржылық жоспар*. Бұл кәсіпорындар мен ұйымдар, салалар, аймақтар мен мемлекеттердің ақшалай табыста-рының қалыптасуының және пайдаланылуының жоспары, қаржылық ресурстар-мен халық шаруашылығының қамтамасыз етілуін көрсетеді.

Қаржылық жоспарлар (баланстар) жүйесі – қамтылған қатынастардың кеңдігімен, яғни ресурстардың жоспарланған түсу және пайдалану көлемімен ерекшеленетін жоспарлардың түрлері. Осы белгі бойынша жоспарлар бірінші реткі және жиынтық деп бөлінеді. *Бірінші реткі жоспарлар* – материалдық өндіріс сферасы кәсіпорындарының, бірлестіктері мен ұйымдарының жоспары; шығындарын толық немесе негізінен бюджеттік қаражаттар есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың сметалары.

Жиынтық жоспарлар – жалпы мемлекеттік, салалық, территориялық. Қаржылық жоспарлар түрлері өзара байланысты болып келеді. Мысалы, салалық жоспарлар ведомство ішіндегі кәсіпорындар мен ұйымдар жоспарларын қамтыса, территориялық жоспарлар жалпы мемлекеттік немесе салалық жоспарлардың бөлігі болып саналады.

Шаруашылық коммерциялық қызметтің кәсіпкерлік звенолары бизнес-жоспарларды басшылыққа алады. *Бизнес-жоспар* – қызметтің техникалық-экономикалық негізіне сай құжат. Бизнес-жоспар өнім мен қызметтің ерекшеліктерін, олардың бәсекелестік қабілетін, сату нарығының бағасын, маркетинг стратегиясын, өндірістік, ұйымдық және заңдық жоспарларды, қауіп-қатер және сақтандыру бағасын сипаттайтын бөлімдерді қамтиды.

Жоспарлау *сатылары*: *бірінші* – есептегі кезеңдегі қаржылық көрсеткіштердің орындалуына экономикалық талдау; *екінші* – әлеуметтік және экономикалық даму жоспарлары мен бағдарламаларының көрсеткіштері негізінде кіріс-тер мен шығыстардың негізгі топтары бойынша кірістер мен шығыстардың нақ-ты түрлеріне жоспарланған кезеңге есеп жүргізу; *үшінші* – жеке бөліктер мен статьялар бір жүйеге біріктіріледі, яғни теңестіріледі.

Жоспарлау кезеңіне қарай қаржылық жоспарлау жылдық, орташа мерзімдік (үш-бес жылдық) және келешектегі деп бөлінеді.

Мемлекеттің біріктірілген (консолидированный) *қаржылық балансы* республикалық және жергілікті бюджеттердің ақшалай қаражаттарының жиынтығы, орташа мерзімдік дамудың жалпы мемлекеттік болжамының қаржылық бағдарламасы болып табылады. Оны Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі дайындайды. Дайындауға Қаржы министрлігі, Мемлекеттік кіріс министрлігі, Ұлттық банк белсене қатысады. Аймақтарда баланс есебін сәйкес аймақтық ұйымдар жүргізеді.

Жиынтық қаржылық баланста мемлекеттің, мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың, басқа меншік формаларындағы кәсіпорындар мен

ұйымдардың ақша-қаражаттарының құрамы мен оларды қалыптастыру көздері және ұлғайтылған ұдайы өндіріс пен қоғам қажетіне (әлеуметтік-мәдени шаралар, қорғаныс, басқару) пайдалану көрсетіледі.

Кіріс пен шығын балансының классикалық формасы 4 тараудан тұрады: шығындар; қаражаттар аударымы; бюджет төлемдері; бюджеттен бөлінген қаржы.

Қаржылық жоспарлаудың *негізгі бағыттары* – жалпы мемлекеттік, ұжымдық және жеке мүдделердің бөлу қатынастарын оптимал үйлестіруге; ақшалай жинақтарды оларды өсірудің интенсивті факторлары есебінен ұлғайтуды ынталандыруға; өндірісті дамыту, әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыру және еңбек ұжымдарын материалдық жағынан ынталандыру шығындарын қаржыландыруға бағытталған, мемлекеттің бірыңғай қаржылық саясатын өткізумен қамтамасыз ету.

Қаржылық құқық – бұл ақшалай қорларды қалыптастыру, бөлу және пайдалану процесінде туындайтын қаржылық қатынастарды реттейтін заңдық нормалар жиынтығы. Ол біртекті қаржылық қатынастарға жататын жекеленген бағыттармен шектеледі. Оларға бюджеттік құқық, салық құқығы, шаруашылық құқығы, банктік құқық, сондай-ақ, қаржыны ақшалай қатынастар ретінде кең мағынада түсіндіру-мен байланысты валюталық және сақтандыру заңдылықтары, мемлекеттік несие-ні, ақша айналысын құқықтық реттеу сияқты бөлімдер жатады.

Заңдық нормалар енгізу қаржылық байланыстарды ұйымдастырудың бірыңғай ережелерін бекітуге, қоғамның, кәсіпорын ұжымдары мен жекеленген азаматтардың экономикалық мүдделерін қорғауға мүмкіндік береді. Құқықтық нормаларды қадағалау қатаң *қаржылық тәртіппен* қамтамасыз етеді, қаржы саласында бірыңғай саясат өткізуге мүмкіндік береді. Қаржы сферасында тәртіп бұзу қаржы саясатының нашар құқықтық қамтамасыз етілгенін көрсетеді.

Қаржылық-құқықтық реттеу әдістері қаржылық қатынастардың бір қатысу-шысының мемлекет жағынан сөйлейтін және сәйкес құзыры бар басқа жақтан шығарылған мемлекеттік биліктің ережелері, ұсыныстары, келісімдері болып табылады.

Қаржылық-құқықтық нормалар императивтік (билік жүргізу) сипатында болады. Әдетте, оларда категориялық формадағы талаптар болады және ойша өзгертуге жол бермейді, қаржылық қатынастарға қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін нақты анықтайды.

Қаржылық-құқықтық нормалар міндеттейтін, тыйым салатын, өкілеттілік беретін деп бөлінеді.

Қаржылық-құқықтық актлер қарастырылған формада қабылданған және заңдық салдары бар мемлекеттік билік және басқару органдарының құзырына кіретін қаржылық қызмет мәселелері бойынша шешімдер түрінде болады. Олар қаржылық-құқықтық нормаларды бекітеді, өзгертеді немесе жояды немесе нақты құқықтық қатынастардың туындауына, тоқтатылуына,

өзгеруіне негіз болады. Қаржылық-құқықтық актлер жиынтығы *қаржылық заңдылықты* құрайды.

Қаржылық-құқықтық актлер заңдық негіздері бойынша төмендегідей түрлерге бөлінеді:

- *нормативтік актлер* – біртекті қаржылық қатынастар тобын реттейді, оларды оған қатысушылардың әрекеттерінің жалпы ережелері, яғни құқықтық нормалары болады және олар ұзақ уақыт қызмет етеді (бұл актлер мемлекет алдындағы кәсіпорындар мен азаматтардың қаржылық міндеттемелерінің түрлерін, бекітілген төлемдерді есептеу тәртібін, төлеушілердің типтік белгілерін, т.б. анықтайды);

- *жеке актлер* белгілі төлеуші немесе қаражатты алушыға қатысты құқық нормаларын анықтайды;

- *Заңдық актлер* – бұл Парламент шығарған заңдар мен қаулылар, ҚР Президентиінің Жарлықтары;

- *ішкі заңдық актлер* – бұл заңға негізделген және заңды орындау үшін қабылданған актлер (салалық және жоғарғы органдардың бұйрықтары, Қаржы министрлігінің және Мемлекеттік кіріс министрлігінің инструкциялары, қандай бір әрекеттерді шешу туралы лауазымды тұлғалардың резолюциясы, т.б.);

- *жоспарлы-қаржылық актлердің* ерекшелігі – оларда белгілі уақытқа қаржы саласындағы нақты тапсырмалар болады, яғни қаржы ресурстарын қозғалысқа түсіру, бөлу және пайдалану жоспарлары болып табылады; оларға бюджеттің барлық түрлері, кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржылық жоспарлары, бюджеттен қаржыланатын мекемелер шығындарының сметалары кіреді.

Қаржылық бақылау – қаржының бақылау қызметін жүзеге асыру формасы, ол қоғам, ең әуелі мемлекет тарапынан материалдық құндылықтарды өндіру, айырбастау, бөлу және тұтыну процесіне ықпал етуге мүмкіндік жасайды. *Қаржылық бақылау* ақша-қаражаттарын жұмсауға, есепті дұрыс жүргізуге байланысты барлық объектілерді тексеруге бағытталған арнайы қызмет болып табылады.

Қаржылық бақылаудың *болуы* экономикалық категория ретінде қаржыға бақылау қызметінің тән екендігіне негізделеді. Осы қызмет арқылы қаржы қорларды бөлу, олардың қатынасының пропорциясы, оларды қалыптастыру көздері, пайдалану туралы ескертеді.

Қаржылық бақылаудың *ерекшелігі* – оның ақшалай формада жүзеге асырылатындығында. Оның объектісі кіріс пен жинақ қалыптастыру процесі, ақша қорларын құру және пайдалану. *Қаржылық бақылаудың әрекет ету сферасы* бақылаудың басқа түрлерімен (әкімшілік, құқықтық, әлеуметтік, техникалық, саяси) сәйкес келеді.

Бақылауды жүзеге асырудың *негізгі қағидалары*: бақылаудың жүйелілігі, әмбебаптығы, барлық жерде болатындығы, бақылаудың сақтандыратындығы, яғни оның ескерту сипаты; нәтижелілігі, нақтылығы, жариялылығы, оларға бақылау жұмысын дұрыс ұйымдастырғанда ғана қол

жеткізіледі; дәлелденген әдістеме қолданылатындығы, істің жан-жақты зерттеліп, нақты ұсыныстар жасайтындығы; бақылаудың ашық болуы; бақылау органдары жұмысшыларының тәуелсіздігі.

Қаржылық бақылаудың *негізгі міндеттері*: 1) мемлекет, ұйым және халық алдында қаржылық міндеттемелердің орындалуын тексеру; 2) шаруашылық субъекттерінің өз ақша-қаражаттарын дұрыс қолдана білуін тексеру; 3) шаруашылық субъекттерінің қаржылық операцияларды атқару, есеп айырысу және ақша-қаражаттарын сақтау ережелерін қадағалауын тексеру; 4) өндірістің ішкі резервтерін – шаруашылық рентабельділігін арттыру, еңбек өнімділігін өсіру, айналымдық қаражаттардың айналымдылығын жеделдету, материалдық және ақшалай қаражаттарды айтарлықтай үнемді және эффективті пайдалану мүмкіндіктерін көрсету; 5) қаржылық тәртіп бұзуды түзету және ескерту.

Қаржылық тәртіп – бұл мемлекеттің, оның шаруашылық субъекттерінің ақша қорларын қалыптастыру, бөлу және пайдаланудың бекітілген ережелері мен тәртібін қадағалау.

Бақылау *объектісі* - қаржы ресурстарын, оның ішінде ақша-қаражаттары қоры формасында қалыптастыру және пайдалану кезіндегі бөлу процесі. Қаржылық бақылау *сферасына* негізінен ақшаны пайдаланып, кейде оларды пайдаланбай (бартерлік мәміле.) жүзеге асырылатын барлық операциялар жатады.

Қаржылық бақылау нақтылық және нәтижелілік, жүйелілік және барлық жерде болу, жариялылық және бақылаудың ашық болу қағидаларына негізделеді. Қаржылық бақылау әмбебап, ескертетін болуға, ал, бақылау органдарының жұмысшылары барлық қағидаларды ұстануға тиіс.

Қаржылық бақылау оны жүзеге асыратын субъектлерге байланысты былай топтатырылады: жалпы мемлекеттік, ведомстволық қаржылық, шаруашылық ішкілік және тәуелсіз (аудиторлық). Қаржылық бақылауды жүргізу формалары бойынша алдын-ала, ағымдағы және кейінгі бақылауға бөлінеді. Бақылаудың ондай формалары көптеген бақылау органдарының қызметіне тән.

Қаржылық бақылаудың негізгі *әдістері*: ревизия, тексеру, зерттеу. Ревизия дегеніміз кәсіпорын, ұйым, мекеменің өткен кезеңдегі қаржылық-шаруашылық қызметін айтарлықтай толық зерттеу. Қаржылық бақылау *субъекттеріне* бақылау қызметі жүктелген ерекше органдар мен ұйымдар жатады.

Аудиторлық бақылау – тәуелсіз аудиторлық фирма мен кәсіпорын, компа-ния, банк, сақтандыру компаниясының иесі (меншік иесі) жасаған келісім (келісім-шарт) негізінде қаржылық-шаруашылық қызметінің жағдайын тексеру. Аудиторлық фирмалар бір мезетте шаруашылық субъектлердің резервтерін көрсетуге, коммерциялық және қаржылық-шаруашылық қызметі, бухгалтерлік есепке қою, қаржылық жоспарлау мәселелері бойынша көмек көрсетуге, тиімді жұмыс жүргізу жолдарын іздестіруге бағытталған кеңес беру қызметін атқара алады. Аудиторлық

фирмалар аудиторлық қызметті жүргізуге мемлекеттік органдар немесе басқа органдардан арнайы рұқсат алады.

Жалпы мемлекеттік қаржылық бақылауды мемлекеттік билік және басқару органдары жүзеге асырады, олар: Президент Аппараты, ҚР Парламенті, Үкімет, жергілікті өкілетті органдар (депутаттар жиналысы), жергілікті әкімшілік органдар. Алдын-ала парламенттік бақылау жүргізу мақсаты – нақты саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайда қарастырылған шығындардың жалпы біртұтастығын анықтау. Жалпы мемлекеттік бақылау жүргізетін *органдарға* ҚР Ұлттық банкі, Қаржы министрлігі мен Мемлекеттік кіріс министрліктері де жатады.

Бақылау сұрақтары

1. Қаржылық саясатқа толық сипаттама беріңіз.
2. Қаржылық саясаттың экономикалық және әлеуметтік саясаттағы орны қандай?
3. Қаржы саясатының міндеттерін атаңыз.
4. Қаржылық механизмнің құрылымы қандай?
5. Қаржылық саясаттың мақсаттары мен қағидаларын атаңыз.

5 Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы

Жоспар

1. Шаруашылық жүргізуші субъектілер қаржысының жұмыс істеу негіздері.
2. Шаруашылық жүргізуші субъектілер қаржысының қызметтері мен негізгі қасиеттері.
3. Шаруашылық жүргізуші субъектілер қаржысын әртүрлі белгілер бойынша жіктеу.
4. Меншікті қайта құрудың қаржылық аспектілері: мемлекет иелігінен алу, жекешелендіру, қайта құру.

Шаруашылық жүргізуші субъектілер қаржысы – бірыңғай қаржы жүйесінің құрамды бөлігі және айрықша сферасы, оның орталықтандырылмаған бөлігін құрайды. Елдегі ақша қатынастарының аса маңызды сферасын, атап айтқанда, халықтың қажеттіліктерін, өндірістік емес сфераның материалдық шығындарын қамтамасыз етудің көздерін жасалатын қоғамдық өнімді, ұлттық табысты және ұлттық байлықты алғашқы бөлуді қамтитындықтан және кәсіпорындар деңгейінде мемлекеттің қаржы ресурстарының басым ауқымы қалыптасқандықтан бұл буынның қаржысы қаржылардың негізгі, бастапқы бөлігі болып табылады.

Шаруашылық жүргізуші субъектілер қаржысының болуы, жалпы мемлекеттің қаржысы сияқты, тауар-ақша қатынастарының өмір сүруімен және экономикалық заңдардың іс-әрекетімен байланысты.

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы бөлу және бақылау сияқты функцияларды орындайды.

Шаруашылық жүргізуші субъекті қаржысының өзіндік ерекшелігі оның бөлгіштік сипатында, өйткені шаруашылық жүргізуші субъектінің қаржылық қатынастардың негізгі бөлігі ақшалай табыстар мен қорланымдарды бөлу нәтижесінде пайда болады.

Бөлу функциясы екі жақты негізде жүзеге асырылады:

- бухгалтерлік, статистикалық және жедел есептемедегі қаржылық көрсеткіштер арқылы;

- қаржылық ықпал ету арқылы.

Шаруашылық жүргізуші субъектілер қаржысының *бөлгіштік функциясының* ерекшелігі қаражаттардың жеке-дара толық айналымының үдерісінде өндірілген өнімнің құны белгіленген экономикалық нормативтер негізінде бөлінетігінде болып отыр, мұның өзі қаржының ұдайы өндіріс үдерісінде құнды бөлу және қайта бөлуге қатысуын айқындайды және оның көмегімен шаруашылық жүргізуші субъектілердегі бүкіл ақшалай табыстар мен қорлар қалыптасады және пайдалынады.

Бөлу – өндіру мен тұтыну арасындағы байланыстырушы буын. Бұл үдеріс шаруашылық жүргізуші субъектілердің өнім өткізуден түсім – ақша алуы және оны өндірістің жұмсалынған қаражаттарын өтеуге және таза табысты жасауға пайдалану арқылы болып жатады. Табыстың бір бөлігі қайта бөлу ретінде орталықтандырылған қорларға – мемлекеттік бюджетке, бюджеттен тыс қорларға түседі, ал қалған бөлігі еңбекке ақы төлеуге, әлеуметтік мұқтаждарға, өндірісті кеңейту және дамыту жөніндегі шығындарды қаржыландыруға шаруашылықтың қарамағында қалады.

Шаруашылық жүргізуші субъектілер қаржысының *бақылау функциясы* кәсіпорын экономикасында маңызды рөл атқарады: есепсіз және бақылаусыз шаруашылық жүргізуге болмайды.

Қаржылық қатынастардың құрамында шаруашылық жүргізуші субъектілердің ақша қатынастардың мынадай топтарын бөліп көрсетуге болады:

басқа әр түрлі кәсіпорындармен және ұйымдармен (олар: өнім өткізуден түсім-ақша алу, өткізуден тыс табыстар түсіру, материалдық шығындарды төлеу т.б.);

өзінің еңбек ұжымымен (бұл қатынастар еңбекке ақы төлеуді, сыйлық қорын жасауды, табысты бөлу және тұтыну қорынан жұмыскерлерге жәрдемақылар төлеуді, сонымен бірге жұмыскерлердің қаражаттарын тартуды ортақтастырады);

мемлекетпен – бюджетке салықтар төлеу, бюджеттен қаржыландыру кезінде, мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алған кезде, сондай – ақ олар бойынша төлемдер алғанда, вадюта қорлары мен ресурстарын қалыптастырғанда;

банктермен (қаржылық қатынастардың бұл тобы банк кредиттерін алу, оларды қайтару, кредиттер бойынша пайыздар төлеу, банктерге уақытша

пайдалануға белгілі бір төлем мен бос ақшаны беру, банк өткізетін бағалы қағаздармен жасалатын операциялар нысаны түрінде іске асады);

сақтық органдарымен – мүлікті, қызметкерлерді, коммерциялық және коммерциялық емес тәуекелді сақтандыру жөнінде;

жоғары ұйымдармен – ішкі салалық қайта бөлу шегінде (пайданы, табыстарды, капиталды қайта бөлу кезінде, жалгерлік төлемдер бойынша және басқалары);

құрылтайшылармен – (бұл қатынастар құрылтайшылардың жарғылық капиталды қалыптастыру үшін қаржы жарналарын (салымдарын) төлеу кезінде, сондай – ақ шаруашылық жүргізуші субъектінің пайдасын бөлгенде және оның бір бөлігін шартқа сәйкес құрылтайшыға аударған кезде қалыптасады) және т.с.с.

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысына, бір жағынан жалпы қаржылардың экономикалық табиғатын сипаттайтын белгілер, басқа жағынан қоғамдық өндірістің түрлі сферасындағы қаржылардың қызмет етуіне байланысты ерекшеліктер тән. Сонымен бірге бұл қаржыға тән мынадай *негізгі белгілерді* атауға болады:

1. *қаржылық қатынастардың көпқырлылығы*, олардың нысандары мен мақсатты арналымының сан алуандығы;

2. *өндірістік құралдардың (капиталдардың) міндетті болуы* және оларды қалыптастырумен, көбейтумен және қайта бөлумен байланысты қатынастардың пайда болуы. Өндірістік капиталдар – бұл өндірістің серпінді элементі, олар өндірістің өзі сияқты үздіксіз қозғалыста болады, сонымен қатар құн нысандарының тұрақты ауысымы болып отырады. Шаруашылық жүргізуші субъекті қызметінің кез келген мезетінде өндірістік құралдар материалдық – заттай және ақша нысанында болуы мүмкін;

3. *жоғары белсенділік*, шаруашылық қызметінің барлық жағына әсер ету мүмкіндігі;

4. шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы бүкіл қаржы жүйесінің *айқындаушы* негізі болып табылады.

Сөйтіп, *шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы деп өнім өндіріп, сату кезінде ақшалай табыстарды, қорланымдарды және қорларды жасаумен, бөлумен және пайдалумен байланысты экономикалық қатынастарды айтады*. Ақшалай табыстар мен қорланымдарға, мыналар жатады: өнімді, жұмысты, қызметтерді өткізуден түсетін түсім-ақша; кәсіпорынның жалпы және таза табыстары.

Кәсіпорындар мен ұйымдар қаржысы қаржының біртұтас жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қаржының негізгі бастапқы бөлігін білдіреді, өйткені ол елдегі ақша қатынастарының маңызды сферасын қамтиды.

Қаржы бірінші реткі ортада – материалдық құндылықтарды өндіру кезінде пайда болады.

Кәсіпорын қаржысы ұлғайтылған ұдайы өндірістің негізгі жақтарын ақшалай түрде көрсетеді және экономикалық заңдар талаптарына сай оны жүзеге асыруға жағдай жасайды. Олар халық шаруашылығын ары қарай

дамытуға қажет ақшалай табыстар мен жинақтарды ары қарай бөлу және пайдалану үшін қолданылады. Өндіріс сферасында туындай отырып, қаржы ары қарай жалпы мемлекеттік қаржы тәуелді болатын ресурстармен қамтамасыз ете отырып, кәсіпорынды дамытады.

Кәсіпорын және ұйымдар қаржысына: кәсіпорындар, фирмалар, қоғамдар, концерндер, ассоциациялар, салалық министрліктер мен басқадай шаруашылық органдарының (ауылшаруашылық, құрылыс, көлік, халыққа тұрмыстық қызмет көрсету, қоғамға пайдалы қызметтің әртүрлі сфераларында әртүрлі қаржылық, несие, сақтандыру, ғылыми, маркетингтік және басқадай қызметтер ұсыну) қаржысы кіреді.

Қазақстанда *меншік формаларының дамуы* кәсіпорындардың мынадай жаңа түрлерінің туындауына ықпал етті: жеке, кооперативтік, акционерлік, аралас, шетелдердің кәсіпорындарымен бірлескен кәсіпорындар және фирмалар, шаруашылық серіктестері. Әртүрлі меншік формаларындағы кәсіпорындар жаңа заңдық негізде дами келе, қаржы категориясына тікелей қатысты болады. Себебі олар ақша қорларын құрып, табыс табады.

«Шаруашылық серіктестер туралы» Заңда шаруашылық серіктестікке мынадай анықтама беріледі: *шаруашылық серіктестік дегеніміз* негізгі мақсаты пайда тауып, ары қарай ұдайы өндіріс процесінде оны қайта бөлу және пайдалану болып табылатын, жарғылық қоры құрылтайшылардың (қатысушылардың) жарналарына (үлестеріне) бөлінетін заңды тұлға болып саналатын *коммерциялық ұйым*.

Акционерлік қоғамдардың қаржылық қатынастарының ерекшеліктері акцияны өндірістік және коммерциялық қажеттіліктерді қаржыландыру құралы ретінде акцияны пайдаланатындығында. Дамыған нарықтық жүйе акция есебінен қаржылық ресурстарды ұлғайтуды білдіреді.

Мемлекеттік секторда кәсіпорындардың төмендегідей түрлері қызмет етеді: шаруашылықты жүргізу құқығына негізделген; оперативтік басқару құқығына негізделген (қазыналық кәсіпорындар). Кәсіпкерлік қызметті жүргізудің тиімді ұйымдық-құқықтық формасының бірі - шетелдік фирмалар қатысқан *біріккен кәсіпорындар*. Біріккен кәсіпорындар отандық кәсіпорындардың да, шетелдік серіктестердің де мүдделерін көздеуге тиіс.

Экономиканың *кооперативтік секторы* біртұтас халық шаруашылығы кешенінің звеноларының бірі болып табылады. Кооперация жүйесінде екі типтегі кооперативтер қызмет етеді: өндірістік және тұтыну. *Өндірістік кооперативтер* кәсіпорындарға, ұйымдарға, мекемелер мен азаматтарға ақылы қызмет көрсетеді, тауар, өнім өндіреді, ал *тұтыну кооперациясы* сауда және көтерме сауда қызметінде өз мүшелері мен басқа азаматтардың қажеттілігін қанағаттандырады. Қазақстан үшін ауылдық тұтыну кооперациясының маңызы зор.

Нарықтық экономика жағдайында меншік иелерінің көп болуы (мемлекеттік, жеке меншік, акционерлік, кооперативтік, т.б.), олардың арасындағы бәсеке ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін және қоғамдық өндірістегі өзгерістерді тез қабылдай алатын, икемді, динамикалық

экономика құруға мүмкіндік береді. Меншік формаларының, шаруашылық субъектілерінің көп болуының өзі өндіріске, бөлу процестеріне қатысатын, қаржылық қатынастарға түсетін халықтың әртүрлі қатарының мүдделерін көрсете алады.

Мемлекеттік меншікті *мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру* жолымен басқа формаларға ауыстыру оның формаларының көбеюін қамтамасыз етеді. Солардың негізінде материалдық өндіріс және қызмет сферасында нақты шаруашылықтарды қалыптастырудың объективті алғышарттарын құрайды, кәсіпкерлік пен бәсекелестікті ынталандырады, жұмысшылардың еңбек нәтижесін арттыруына жағдай жасайды.

Мемлекет иелігінен алу - бұл мемлекет меншігін басқа формаға ауыстыру. Егер мемлекеттік және муниципалдық кәсіпорынды азаматтар жеке меншікке сатып алса немесе акционерлік қоғамдарға айналдырылса, ол *жекешелендіру* болып табылады.

Мемлекеттік меншікті жекешелендіру және қайта құру бағдарламасында мемлекеттік кәсіпорындар мүлкін сатудың екі түрі қарастырылған:

- аукциондық және тендерлік негізде сауда сату;
- алушыға тікелей сату.

Кәсіпорындар мен ұйымдар қаржысы қаржының негізгі және материалдық өндіріспен байланысқан біртұтас қаржылық жүйенің бөлігі болып саналады. Кәсіпорын қаржысын бөлу (онда қайта құрылған құн қайта бөлінеді) қатынастары негізіндегі экономикалық өсім көзі болып табылады.

Кәсіпорын қаржысының мәні – бұл оның ішкі мазмұны, онда құн, яғни өндірістік және бөлу қатынастарының өзара байланысында қайта құрылған құн жаңа ақша қорына айналады. *Қаржының көріну формалары* қаржыға қатысушылардың өзара қатынасына қарай өзгереді, бірақ мәні солай қалады, дегенмен, арнайы әдебиеттерде оған қатысты әртүрлі пікірлер айтылады.

Кәсіпорын қаржысы төмендегідей *қызметтер* атқарады: 1) ұдайы өндіру - өндірісті жаңарту үшін құн жасалады; 2) бөлу – мемлекет алдында басқа қатысушылар қаржылық міндеттемелерін атқара отырып, әртүрлі ақша қорларын құрады; 3) бақылау – ақша қорларының қалыптасуы, оны бөлу және бақылауға толық есеп және бақылау жүріледі.

Шаруашылық жүргізуші субъекті қаржысының өзіндік ерекшелігі оның бөлгіштік сипатында, өйткені шаруашылық жүргізуші субъектінің қаржылық қатынастарының негізгі бөлігі ақшалай табыстар мен қорланымдарды бөлу нәтижесінде пайда болады.

Бөлу функциясы екі жақты негізде жүзеге асырылады:

- бухгалтерлік, статистикалық және жедел есептемедегі қаржылық көрсеткіштер арқылы;
- қаржылық ықпал ету арықылы.

Шаруашылық жүргізуші субъектілер қаржысының бөлгіштік функциясының ерекшелігі қаражаттардың жеке дара толық айналымының үдерісінде өндірілген өнімнің құны белгіленген экономикалық нормативтер

негізінде бөлінетігінде болып отыр, мұның өзі қаржының ұдайы өндіріс үдерісінде құнды бөлу мен қайта бөлуге қатысуын айқындайды және оның көмегімен шаруашылық жүргізуші субъектілерге бүкіл ақшалай табыстар мен қорлар қалыптасады және пайдаланылады.

Шаруашылық жүргізуші субъектілер қаржысының бақылау функциясы кәсіпорын экономикасында маңызды орын атқарады. Есепсіз және бақылаусыз шаруашылық жүргізуге болмайды. Ақшамен бақылау тек шаруашылық жүргізуші субъектілердің ішінде ғана емес, сонымен бірге оның басқа субъектілерімен, жоғары ұйымдармен және қаржы-кредит мекемелерімен өзара қарым-қатынастарды да жүзеге асырылады.

Кәсіпорын қаржысын ұйымдастырудың негізгі қағидалары төмендегідей:

- *коммерциялық есеп қағидасы* кәсіпорын тұрақты қолдануға, оның қызметіне қажет, оның жарғылық қорын құратын негізгі және айналымдық қаражаттар (капитал) бөлетінін білдіреді және бұл қағида табыс (пайда) табуды мақсат тұтқан кәсіпкерлік формасында жүзеге асырылады;

- *өзін-өзі өтеу және қаржыландыру* коммерциялық есептің негізгі белгісі болып табылады, ол заласыз қызметті және нормативтік пайда алуды білдіреді;

- *жоспарлылық қағидасы* кәсіпорынның қаржылық қызметі алдын-ала өндіріс мақсаттарына, міндеттеріне, оларға жетудің белгіленген әдістеріне, жету сатылары мен мерзімдеріне сай оның параметрлерін алдын-ала есептеу жолымен қарастырылатынын білдіреді;

- кәсіпорындар мен ұйымдардың барлық меншік формаларының *теңдік қағидасы*, қатынастардың тұрақтылығына және меншік формаларының (мемлекеттік, жеке меншік, шет мемлекеттері мен заңды және жеке тұлғалардың, халықаралық ұйымдардың меншігі) дамуына мемлекет кепілдігі арқылы жүзеге асырылады;

- басқарудың барлық деңгейлерінде *қаржылық резервтердің* (резервтік қор, тәуекелділік қоры) болуы.

Коммерциялық негізде жұмыс істейтін кәсіпорындар табыс таба отырып, оны пайдалануға және бөлуге көшеді. Кәсіпорынның барлық жиынтық табысы кәсіпорын шығындарының барлық көлеміне азаяды. Ережеге сай пайданы бөлу сызбасы: салық мемлекет бюджетіне төленетін жалпы баланстық пайда (*салық салынатын пайда*) есептеледі. Салық төлегеннен кейін қалған пайданы (*таза пайданы*) кәсіпорын әртүрлі қорларға бөледі: 1) өндірісті дамыту; 2) ұжымның әлеуметтік қажеттіліктері; 3) материалдық ынталандыру; 4) қаржылық резерв және т.б. құру.

Шаруашылық-қаржылық қызметі процесінде кәсіпорындар мен ұйымдар қаржылық қорлар қалыптастырады және ұйымдастырады. *Қаржылық қорлар* дегеніміз белгілі мақсаттарға арналған ақша-қаражаттары. Олар жарғылық, резервтік, жинақтау қоры, тұтыну қоры, еңбекақы қоры, валюталық, жөндеу қорларына бөлінеді. Кәсіпорынның дербестік жағдайында басқа да мақсатты қорлар құрылуы мүмкін. Мысалы, медициналық

сақтандыру қоры, жекешелендіру қоры, өндірістік және әлеуметтік құрылымды дамытуға қатысудың үлестік қоры т.б.

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығына (рентабельділік, төлемқабілеттілік, несиелік қабілеттілік), нарықтағы оның жағдайын (бәсекелестік қабілет) сипаттау үшін кәсіпорынның қаржылық жағдайына талдау жүргізу қажет. Талдауға қажет *ақпараттар* бухгалтерлік баланста, қаржылық-шаруашылық қызмет нәтижелері туралы есепте (пайда мен залал туралы есепте), ақша-қаражаттары қозғалысы туралы есепте болады; сондай-ақ, оперативтік ақпаратта қолданылады. Бухгалтерлік баланс көрсеткіштерінде кәсіпорынның активтері мен пассивтері туралы мәліметтер болады және олар бағалы қағаздардың өтімділік, түсімділік деңгейін, кәсіпорынның ағымдағы және стратегиялық мүмкіндіктерін сипаттайтын қаржылық коэффициенттерді есептеуге мүмкіндік береді.

Коммерциялық емес мекемелер мен ұйымдар әлеуметтік сипаттағы мынадай қызметтерді көрсетеді: басқару, қоғамдық тәртіпті қорғау, елдің қорғанысы, халықты әлеуметтік қорғау, қоршаған ортаны қорғау, мәдениет және өнер, қайырымдылық және гуманитарлық ұйымдар құру.

Коммерциялық емес ұйымдар мен мекемелер қызметінің *материалдық негізі* натурал және ақшалай формадағы өндірістік емес бағыттағы қорлар. *Натурал формадағы қорларды* ұйымдар мен мекемелер белгілі бағаға сауда жасау тәртібімен тауар ретінде құрады және тұтыну процесінде олар өз құнынан айырылады. Материалдық емес өнім және қызмет жасау процесіндегі *өндірістік емес қорлар қозғалысының формалары*, сондай-ақ, ұдайы өндіріс шарттары салалық сипатта болады.

Коммерциялық емес қызмет шаруашылығын жүргізу *әдістері*: көрсетілген қызметтер мен құндылықтар тегін болған жағдайда сметалық қаржыландыру, ал өтелетін болған жағдайда шаруашылық есеп айырысу және өзін-өзі өтеу негізінде жүріледі. Нарық жағдайында көптеген ұйымдар төмендегідей коммерциялық есеп айырысу түрлеріне көшіп келеді, яғни қызметтерді өзіне дамуға жететін қаржы жинақтау арқылы сұраныс бағасымен көрсетеді:

1) *сметалық қаржыландыру* – меншікті кірісі жоқ ұйымдар мен мекемелер шығындарын жабу үшін мемлекеттік бюджеттен ақша-қаражаттарын беру (мұнда ақша-қаражаттары негізгі қорларды, материалдық запастарды сатып алған кезде, қызмет ақысын төлегенде, еңбек ақы төлегенде, басқа шаруашылық қажеттіліктерге тұтынылады);

2) *шаруашылық жүргізудің шаруашылық есеп айырысу әдісі* шығыстары материалдық емес қызметтер мен құндылықтар өткізуден түскен түсімдерден өтелетін мекемелер мен ұйымдарда қолданылады (бұл әдісті коммерциялық емес ұйымдар мен мекемелердің шаруашылық ұйымдары қолданады);

3) *шығындардың өзін-өзі өтеу әдісі* шаруашылық қызметін жинақтамайтын шығындарға қатысты бағасы анықталатын төлем бойынша қызмет көрсетуді қарастырады.

Қаржыны ұйымдастыру ерекшеліктері қоғамдық қайырымдылық және гуманитарлық ұйымдар мен қорларға (қайырымдылық, балалар, табиғат, флора мен фаунаны қорғау және т.б. қорлар) тән. Олар бекітілген статус негізінде, автономды түрде қызмет етеді, төлемді штаттық персоналы бар басқару немесе міндеті ретінде тегін қызмет көрсететін орган болып табылады.

Экономиканың коммерциялық емес секторының мекемелері мен ұйымдарының *қаржылық ресурстары* – бұл қызметтерін жүзеге асыру мен кеңейтудің әртүрлі көздерінен алынатын ақша-қаражаттары.

Қаржылық ресурстар көздері екі факторға (көрсетілетін қызмет түрлері және көрсетілетін қызмет сипатына) тәуелді және олардың түрлері мынадай болып келеді: 1) *мемлекеттік бюджет қаражаттары* (мемлекеттік басқару, құқықтық тәртіпті қорғау, білім беру, денсаулық сақтау); 2) *меншікті қаражаттар* (көрсетілген қызметтен, орындалған жұмыстан түсетін түсім, пайда); 3) *басқадай мүліктерді пайдаланудан түскен кірістер* (ұйым меншігіндегі мүліктерді, құралдарды жалға беру, мүлік пен ғимаратты кепілге қойып алған қаражаттар).

Сонымен қатар қаржыландырудың төмендегідей көздері бар: материалдық өндіріс сферасының кәсіпорындары мен ұйымдары тарапынан қайырымдылық мақсаттарға аударған төлемдер; шет мемлекеттердің, халықаралық ұйымдардың *гуманитарлық көмек*; *демеушілік қаржы*; ғылыми зерттеулерге қаржы бөлу - *гранттар*. Коммерциялық емес қызмет ұйымдары мен мекемелері мен ұйымдарын қанымдау және дамыту үшін қаражаттарды толықтырудың белгілі көздеріне оның коммерциялық және жинақ банктердегі депозиттеріндегі, сондай-ақ, қаржылық нарықтағы бағалы қағаздармен алынған ресурстарының бір бөлігін бөлуден түскен табыстар жатады. Қаржыландырудың аударылған көздері пропорциясы әртүрлі болып келетін коммерциялық емес қызмет ұйымдары мен мекемелерінің ақшалай қаражаттарын қалыптастырады.

Коммерциялық емес ұйымдар мен мекемелер *шығындары* ережеде, жарлық немесе басқадай бекітілген құжаттарда қарастырылған қызметті қамтамасыз етуге жұмсалады. Шығындар құрамы мен құрылымы ұйым немесе мекемеге қатысушылардың қызмет бағыттарының біріне қатысуы арқылы, сондай-ақ, қызметті жүргізуге қолданылатын әдіспен анықталады.

Бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар мен мекемелер қызмет ету сметасын жасайды. Онда мекеменің қызмет етуіне тән көрсеткіштер және төмендегі статьялар бойынша қаражаттар бөлінісі көрсетіледі:

-«*Ағымдағы шығындарға*» тауарлар мен қызмет көрсету шығындары жатады және олар мынадай ішкі топтардан тұрады: жалақы; жұмыс берушілер және т.б. төлемдері, ішкі топтар құрамында пайыыз төлеу; ішкі займа және басқалары бойынша пайыыз төлеу; ішкі топтар құрамындағы субсидиялар мен басқадай ағымдағы трансферттік төлемдер: қаржылық және қаржылық емес мекемелерге арналған залалдарға, тауар сату, қызмет көрсетумен байланысты залалдарға және коммерциялық емес ұйымдар, басқа кәсіпорындар залалдарын жабуға бөлінген субсидиялар;

-«*Капиталдық шығындарға*» негізгі капитал сатып алу; негізгі капиталды құру; запас және басқаларды құруға тауар сатып алу сияқты ішкі топтар құрамында негізгі капитал сатып алу және құру жатады;

-«*Несие беру, үлес арқылы қатысу және қаржыландыруға*» ішкі несие беру, сыртқы несие беру, шетелдік мекемелерден акция сатып алу сияқты ішкі топтар құрамында несие беру жатады;

-«*Қаржыландыруға*» мынадай ішкі топтар жатады: Ұлттық банктің ішкі қарызын өтеу, ішкі қарызды және басқаларын өтеу, халықаралық қаржы ұйымдарының, коммерциялық банктер мен фирмалардың сыртқы қарыздарды өтеуі. Нарықтық қатынастар жағдайында бюджеттік мекемелерді қаржыландырған кезде қаржыландыру қызметті ұсыну бағдарламаларын конкурстық іріктеу негізінде ұйымдасырылуға тиіс екенін ескеру қажет. Ондай кезде бюджеттен қаржыландыру үшін айтарлықтай тиімді мекеме немесе ұйымның қызметі таңдалып алынады.

Бақылау сұрақтары

1. Шаруашылық жүргізуші субъектілер қаржысы жайлы не түсіндің?
2. Шаруашылық жүргізуші субъектілер қаржысының қызметтерін атаңыз.
3. Шаруашылық жүргізуші субъектілер қаржысы қалай жіктеледі?
4. Шаруашылық жүргізуші субъектілер қаржысының негізгі қасиеттері қандай?
5. Меншікті қайта құрудың қаржылық аспектілерін атаңыз.

6 Мемлекеттік қаржы. Бюджет және бюджеттік жүйе.

Жоспар

1. Мемлекеттік қаржының мәні.
2. Мемлекеттік кірістер жүйесі.
3. Мемлекеттік шығындар жүйесі.
4. Бюджет және бюджет жүйесі.

Мемлекет бірқатар факторларға байланысты: қоғам дамуының таңдалған үлгісі, саяси құрылым, туындаған дәстүрлер, сыртқы факторлар және т.б. экономикалық өмірге араласады.

Мемлекеттің экономикалық қызметі төмендегідей қызметтерінен байқалады:

1. Экономикалық дамудың барысына әсер ететін құқықтық базаны анықтау.
2. Монополиялық қызметті шектеу және бәсекелестікті қорғау.
3. Табыстар мен байлықты қайта тарату.
4. Экономиканың тұрақтануы.

5. Ресурстарды қайта тарату.

Осы қызметтердің әрекеті қаржылар категориясымен тығыз байланысты.

Мемлекеттік қаржының экономикалық мәні олардың мемлекеттің қаржы ресурстарын, оның кәсіпорындарын және алынған қаражаттарды мемлекеттің және мемлекеттік кәсіпорындардың қызметтерін орындауға қалыптастыру үшін қоғамдық өнім құны мен ұлттық табысты таратумен және қайта таратумен байланысты ақша қатынастарын көрсетеді.

Ақша қатынастарының субъектілері:

1. Үкімет және басқару органдары.
2. Кәсіпорын, ұйым, мекеме, азаматтар.

Мемлекеттік қаржы үшін ЖҰӨ өсуімен салыстырғанда мемлекеттік шығындардың артығымен өсуі сипатты болып табылады.

Мемлекеттік қаржы қызметтері қаржы қызметтеріне ұқсас: тарату және бақылау. Алайда, мемлекеттік қаржыны толығымен сипаттау үшін тарату қызметінің құрамында келесі қызмет буындарын бөлуге болады:

1. орналастыру;
2. қайта тарату;
3. тұрақтандыру.

Мемлекеттік қаржының өз мақсатын орындайтын ерекшеленген звенолары бар. Мемлекеттік қаржы құрамына кіретіндер: мемлекеттік бюджет, бюджеттен тыс қорлар, мемлекеттік несие, мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдар қаржысы.

Мемлекеттік басшылық деңгейі бойынша экономикалық және әлеуметтік салада мемлекеттік қаржы жалпы мемлекеттік және жергілікті деп бөлінеді.

Мемлекеттік сектордың қызмет етуі мемлекеттік меншіктің болуына негізделеді. Меншіктің жіктелуіне байланысты мүліктің мемлекеттік заңды тұлға және мемлекеттік қазына түрлері бар.

Мемлекеттік заңды тұлғалар мүлігі – заңды түрде ерекшеленген және мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың қызмет етуіне негіз болады.

Мемлекеттік қазына республикалық және жергілікті болып бөлінеді.

Республикалық қазына келесілерден тұрады:

1. республикалық бюджет қаражаттары;
2. мемлекеттің алтын валюта қоры;
3. мемлекеттің меншік құқығынан ерекшеленген мүлік түрі;
4. республикалық меншікке жататын ерекшеленбеген мүлік түрі – қазыналық.

Жергілікті қазына келесілерден тұрады:

1. жергілікті бюджет қаражаттары;
2. коммуналдық меншікке жататын ерекшеленбеген мүлік.

Мемлекет меншігіне түсетін қаржы жиынтығы қалыптастырған экономикалық қатынастар жүйесі мемлекеттік кіріс болып табылады.

Кірістер – қаржымен тығыз байланысты қызмет ететін күрделі экономикалық категория.

Кірістер – құралдар шығынымен байланысты белгілі қызмет нәтижесі.

Кірістердің құрылуы мемлекеттің тікелей қатысуымен жүзеге асырылады: ол бюджетте орталықтандырылатын қоғамның таза табысының үлесін бекітеді, сонымен қатар қоғамның жеке табысы үлесін шоғырландырады.

Мемлекеттік кірістің жіктелуі олардың экономикалық табиғатын, құрамы мен мақсатты бағыттылығын, құрылу қағидаларын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Мемлекеттік кірістің жіктелуі

1. Меншік құқығының ұйымдастырушылық-құқықтық ресімделуі бойынша:

- 1) мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдар кірістері;
- 2) жеке кәсіпкерлік сектордан салықтық түсімдер;
- 3) тұрғындардың салықтық түсімдері;
- 4) кооперативтік және ұжымдық ұйымдар мен кәсіпорындардың салықтық түсімдері;
- 5) қоғамдық ұйымдардың салықтық түсімдері.

2. Құрылу саласы бойынша:

- 1) Материалдық өндіріс саласында құрылатын кірістер;
- 2) Өндірістік емес салада құрылатын кірістер;

3. Қаржылық мазмұны бойынша:

- 1) салықтық;
- 2) салықтық емес;

4. Мобилизация әдістері бойынша:

- 1) орталықтандырылған;
- 2) орталықтандырылмаған;

Мемлекеттік шығындар – мемлекеттің қызмет етуіне байланысты ақшалай шығындар.

Мемлекеттік шығындар құрамына мемлекеттік бюджет, мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар, мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдар шығындары жатады.

Шығындардың барлық түрлерінің жиынтығы бағыты және мақсаты бойынша мемлекеттік шығындар жүйесін құрайды.

Қаржыландыру қағидалары:

- жоспарлау;
- мақсатты сипаты;
- қайтымсыз сипаты;
- жоспардың орындалу шамасы бойынша қаржыландыру;
- үнем режимін қадағалау.

Мемлекеттік шығынның жіктелуі:

1. Экономикалық мазмұны бойынша:

1) материалдық өндіріспен байланысты және өндірістік емес салаға қатысты шығындар;

2) қызметтің өндірістік саласы шығындары;

3) мемлекеттік резервтерді құруға арналған шығындар.

2. Пәндік белгісі бойынша:

1) экономикаға;

2) әлеуметтік-мәдени шараларға;

3) ғылымға;

4) қорғанысқа;

5) басқаруға;

3. Салалық белгісі бойынша.

Материалдық өндіріс саласындағы шығындар:

1) өнеркәсіп;

2) құрылыс;

3) ауыл шаруашылығы;

4) транспорт және байланыс;

5) сауда;

6) жабдықтау және дайындау.

Өндірістік емес сала шығындары:

1) білім беру;

2) ғылым;

3) денсаулық сақтау;

4) бос уақытты және демалысты ұйымдастыру;

5) мәдениет саласы;

6) қорғаныс;

7) басқару.

Бюджет – мемлекеттің міндеттері мен қызметтерін іске асыруды қаржымен қамтамасыз етуге арналған орталықтандырылған ақша қоры.

Бюджет – мемлекеттің заңмен және жергілікті өкілді органдарының шешімімен бекітілетін мемлекеттің өз міндеттерін қамтамасыз етуге арналған және салық, алым, басқа да міндетті төлемдер, капиталмен жүргізілетін әрекеттерден алынатын кірістер, салыққа жатпайтын және заң актілерінде көзделген басқа да түсімдер есебінен құрылатын орталықтандырылған ақша қоры.

Мемлекеттік бюджет экономикалық қатынастар жиынтығы ретінде объективті сипатта болады.

Орталықтандырылған қаржы ресурстары мемлекетке қоғамдық өндірістің қажетті қарқыны мен пропорцияларын, оның салалары мен аумақтық құрылымдарын жетілдіруге қол жеткізуге, қажетті мөлшерде экономиканың бірінші кезекті даму бағдарламасы үшін қаражаттар құруға мүмкіндік береді.

Бюджет кірістері – бюджетке қайтымсыз негізде түсетін салық, алым және бюджетке басқа да міндетті төлемдер, капитал әрекеттерінен түсетін кірістер көлемі.


Бюджет шығыстары – шығындар және бюджет несиелері жиынтығы.

Бюджет дефициті дегеніміз – түсімдер мен шығындар арасындағы теріс айырма, басқа сөзбен айтқанда шығындар көлемінің түсімдердің жалпы сомасына асып түсуі.

Бюджет профициті – түсімдер көлемінің шығындар сомасынан асып түсуі.

Кірістер мен шығындардың толығырақ тізімі мен топтастырылуы бюджеттік жіктелумен анықталады.

Бірыңғай бюджеттік сыныптама – бюджет кірістері мен шығыстарын сыныптама объектілеріне топтамалық кодтар бере отырып, функционалдық, ведомстволық және экономикалық сипаттамалар бойынша топтастыру болып табылады.



Сурет – 4 Бюджет құрамы

Бюджет жүйесі – бюджеттердің және ҚР Ұлттық қорының, сондай-ақ бюджеттік процестер мен қатынастардың жиынтығы немесе басқаша айтқанда, экономикалық қатынастар мен заңды нормаларға негізделген жеке бюджеттердің жиынтығы.

Бюджеттік құрылым – бюджеттік жүйені құрудың қағидалары, оның звенолары байланысының ұйымдастырушылық нысандары.

Бюджет жүйесі келесі принциптерге негізделеді: бірлік, толықтық, реалистік, транспаренттілік, дәйектілік, тиімділік және нәтижелілік, басымдылық, жауапкершілік, бюджеттердің дербестік принциптері.

Бірлік принципі – Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының бірыңғай бюджеттік сыныптауды, бюджет процесін жүзеге асырудың бірыңғай рәсімдерін пайдалануды қамтамасыз ету;

Толықтық принципі - Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген барлық кірістер мен шығыстарды бюджеттерде және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорында көрсету, бюджет қаражатын пайдалана отырып, өзара талаптарды есепке алуға, сол сияқты бюджет қаражаты бойынша талаптар құқықтарынан шегінуге жол бермеу;

Реалистік принципі – бекітілген бюджет көрсеткіштерінің орта мерзімді фискалдық саясатқа және Қазақстан Республикасы мен аймақтарды әлеуметтік-экономикалық дамытудың орта мерзімді жоспарының бекітілген өлшемдері мен бағыттарына сәйкес келуі;

Транспаренттілік принципі – мемлекеттік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын мәліметтерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының бюджет заңдары саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді, бекітілген бюджеттерді және олардың атқарылуы туралы есептерді, мемлекеттің қазыналық саясатына қатысты басқа да ақпаратты міндетті түрде жариялау, бюджет процесінің ашықтығы, мемлекеттік қаржы бақылауын жүргізу;


Дәйектілік принципі – бюджеттік қатынастар аясында бұрын қабылданған шешімдерді мемлекеттік басқару органдарының сақтауы;

Тиімділік және нәтижелілік принципі – бюджеттерді бюджеттік бағдарламалар паспорттарымен көзделген белгілі бір нәтижелерге қол жеткізу қажеттілігін негізге алып, бюджет қаражатының осы нәтижелерге қол жеткізу үшін қажетті оңтайлы көлемін пайдалана отырып әзірлеу және атқару, немесе бюджеттік қаражаттың бекітілген көлемін пайдалана отырып ең үздік нәтижені қамтамасыз ету;

Басымдылық принципі – бюджеттік процесті республиканың немесе аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттарына сәйкес жүзеге асыру;

Жауапкершілік принципі – бюджет процесіне қатысушыларды Қазақстан Республикасының бюджеттік заңдарын бұзғаны үшін жауапқа тарту;

Бюджеттердің дербестік принципі – әр түрлі деңгейдегі бюджеттердің арасында түсімдердің тұрақты түрде бөлініп тұруын және бюджет қаражаттарынан жұмсалу бағыттарын анықтау, мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлерінің бюджет процесін дербес жүзеге асыру құқығы, жергілікті бюджеттердің атқарылуы барысында қосымша алынған кірістерді, жергілікті бюджеттер қаражатының бос қалдықтарын жоғары тұрған бюджетке алып қоюға жол берілмейтіндігі, тиісті өтемсіз төмен тұрған бюджеттерге қосымша шығыстар жүктеуге жол берілмейтіндігі.



Сурет - 5 Қазақстан Республикасы бюджеттік жүйесі құрылымы

Бақылау сұрақтары

1. Мемлекеттік бюджеттің экономикалық мәні және рөлі.
2. Бюджетті құру принциптері.
3. Бюджет балансы.
4. Мемлекеттік кірістер мен шығыстар мәні.
5. Әлеуметтік-мәдени шараларға бөлінген шығындар.
6. ҚР-ның бюджеттік жүйесі.

7 Сақтандыру

Жоспар

1. Сақтандырудың экономикалық мәні.
2. Сақтандыру нарығы, оның атрибуттары
3. Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығы.

Қолайсыз табиғи, стихиялық күш, кездейсоқ жағдайлар, өндірістік факторлар әрекетімен байланысты экономикалық қатынастар және залалды ақшалай жарналар есебінен өтеу *сақтандыру* деген дербес категориямен анықталады. Сақтандырудың *мақсаты* – қоғамдық ұдайы өндірістің үздіксіздігін қамтама-сыз ету үшін азаматтарды, мүлікті, өндіріс процестерін қоғамдық немесе ұжым-дық түрде қорғау. Сақтандырудың негізгі қасиеттері:

қатынастың *ықтималдық* сипаты; қатынастың *төтенше* сипаты (кез-келген масштабта - мемлекеттік, аймақтық, кәсіпорын немесе оның бөлімшелері, жеке адам деңгейінде).

Сақтандыру қоры қоғамға табиғи апаттар және кездейсоқ келтірілген әр түрлі зияндардың орнын жабу үшін материалдық және ақшалай қаражаттар резерві түрінде құрылады.

Қоғамдық тәжірибе сақтандыру қорының бірқатар ұйымдастырушылық нысандарын жасады. Сақтандыру қорының келесідей нысандарын көрсетуге болады:

- орталықтандырылған сақтандыру қоры;
- өзін-өзі сақтандыру қоры;
- сақтанушының сақтандыру қоры.

Орталықтандырылған сақтандыру қоры жалпы мемлекеттік ресурстар есебінен құрылады. Осы қордың мақсаты – адам шығынын және басқа материалдық шығын әкелген төтенше жағдайларды қалпына келтіру, табиғи апат салдарлары мен ірі аварияларды жою.

Өзін-өзі сақтандыру қоры – шаруашылық субъектілерінің натуралды қор түріндегі орталықтандырылмаған, ерекшелендірілген қоры. Өзін-өзі сақтандыру қорының ақшалай түрі де болуы мүмкін.

Сақтандырушының сақтандыру қоры – ол қатысушылардың үлкен шеңбері есебінен құрылады – кәсіпорындар, мекеме, ұйымдар, жеке азаматтар.

Сақтандырудың экономикалық категориясына келесі белгілері сипаттайды:

- табиғаттың бұзушы күштерінің байқалуы мен стихиялық апаттардың төнуінің кездейсоқ сипаты;
- залалдың натуралды және ақшалай нысандағы көрінісі;
- залалдың орнын толтырудың объективті қажеттілігі;
- нақты жағдайлардың салдарын ескерту және алдын алу бойынша шараларды жүзеге асыру.

Сақтандырушы – сақтандыруды жүргізетін және зиянның орнын жабуға және сақтандыру сомасын төлеуге міндеттеме алған ұйым.

Сақтанушы – сақтандыру жарнасын төлеген заңды немесе жеке тұлға, заң немесе келісім – шарт негізінде сақтандыру жағдайы туған кезде ақша сомасын алуға құқығы бар.

Сақтанып қоюшы – келісім – шарт өз пайдасына жасалған тұлға.

Сақтандыру жағдайы – сақтандыру келісім-шарты немесе заңмен сәйкес сақтандыруды қалпына келтіруді төлеу қарастырылатын жағдай.

Сақтандыру объектісі – мүліктік сақтандыруда – материалдық құндылықтар, жекеде – өмір, денсаулық, азаматтардың еңбекке қабілеттіліктері.

Мүліктің сақтандыру бағасы – сақтандыру кезінде есептелінетін оның құны.

Сақтандыру сомасы – сақтандыру бойынша бекітілетін қамтамасыз етудің нақты мөлшері.

Сақтандыруды қалпына келтіру – зиянның орнын жабуға жіберілетін төлемдер.

Сақтандыру төлемі – барлық сақтандыру сомасынан белгілі бір мерзімге төлем.

Сақтандыру тарифі – сақтандырудың бір жылдық кезеңіне сақтандыру сомасы бірлігінен сақтандыру төлемі.

Нарықтық экономиканың қажеттіліктері сақтандыру нарығының дамуын нарықтық қатынастардың жалпы жүйесі элементі ретінде ынталандырады. Нарық сақтандыру ұйымдарын коммерциялық сипаттағы әрекеттерге қатысуға, сақтандыру қызметтерін көрсетуден басқа белсенді инвестициялық қызмет жүргізуге шақырып, нәтижесінде экономиканың дамуына қосымша импульс береді.

Сақтандыру нарығы дегеніміз – сатып алу-сату объектісі ретінде ерекше қызмет – сақтандыру қорғауы болатын ақша қатынастарының ерекше саласы, оған сұраныс пен ұсыныс қалыптасады.

Сақтандырудың нарығының атрибуттары:

1. сатушы – сақтандырушы
2. сатып алушы – сақтанушы
3. тауар – сақтандыру қорғауы
4. сатып алушының тауар таңдауы кезіндегі нақты еркіндігі.

Сақтанушы пайдалана алатын барлық сақтандыру түрлерінің тізбегі – *сақтандыру нарығының ассортименті* деп аталады.

Сақтандыру қызметін жүзеге асыру шарты – *сақтандыру нарығының конъюктурасы* деп аталады.

Сақтандыру қорғауына қажеттілік әлеуетті сақтанушы нақты сақтанушыға айналдыруды қамтамасыз етпейді: ол тек сақтану қажеттілігі болған кезде сақтандыру қатынастарына түседі. Бірақ сақтану ықыласының бар болуы сақтандыру қызметіне жеке сұраныс емес, өйткені оны алу үшін сақтанушы төлем қабілетті болуы керек. Осыдан қорытынды жасауға болады:

1. Сақтандырушы сақтанушыға өз қызметінің экономикалық мақсаттылығын көрсетуі керек және сақтанушы алатын ұтыс сақтанушыға оның сақтану ықыласын ойлауға көмек көрсетуі керек.

2. Сақтандыру қызметі оған бағаның сақтанушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес келетіндей етіп құрылуы керек.

Қазақстанда Республикасында сақтандыру нарығы 1996 жылдан бастап құрыла бастады. 1996 жылдың басында нарықта 65 компания тұрақтанды. Бірнеше жылдың ішінде Қазақстан Республикасының сақтанлыру ісінде міндетті сақтандыру есебінен қол жеткен сапалы көрсеткіштердің өсуі байқалады.

Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметі Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар «Сақтандыру туралы» жарлығымен реттеледі.

Сақтандыру қызметін жүзеге асыру жарғылық қоры толығымен төленген сақтандыру ұйымдары ретінде тіркелген заңды тұлғаларға лицензиясы болғанда ғана құқық беріледі.

Бақылау сұрақтары:

1. Сақтандырудың экономикалық мәні қандай?
2. Нарықтық экономика жағдайында сақтандыру қатынастарының дамуы жайлы айтыңыз.
3. ҚР-да сақтандыру нарығының дамуы жайлы айтыңыз.

8 Қаржылық нарық

Жоспар

1. Қаржы нарығының экономикалық мәні мен функциясы.
2. Валюта нарығы.
3. Қор биржасы, оның қызметін ұйымдастыру.

Қаржы нарығы – бұл капиталға деген сұраныс пен ұсынысты қалыптастыру шеңберінде делдалдардың көмегімен несие берушілер мен қарыз алушылар арасындағы капиталды қайта бөлу механизмінің жүйесі. Тәжірибеде ол ақша қаражаттары ағымын меншік елерінен қарыз алушыларға және олардан кері бағыттайтын қаржы-несие институттарының жиынтығын білдіреді. Қаржы нарығының негізгі функциялары мыналар:

- реттеушілік – оның көмегімен мемлекеттік басқару органдарының және өзін-өзі реттеу ұйымдарының тарапынан нарықты реттеу ұйымдарының тарапынан нарықты реттеу жүзеге асырылады;

- ақпараттық – қаржы нарығына қатысушылардың барлығын ақпараттармен толық және теңдей қол жеткізуін қамтамасыз етеді;

- бөлу – қаржы нарығы құралдарының айналысы ақша қаражаттарының экономиканың бір саласынан екіншісіне, нарықтың бір қатысушысынан екіншісіне, бір аймағынан екіншісіне өтуін қамтамасыз етеді және сонымен бірге қаржы ресурстарының бөлуіне әсер етеді;

- коммерциялық – қаржы нарығындағы жүзеге асырылатын операциялар мәмілеге қатысушылардың барлығына қандайда бір табыс әкеледі.

- баға белгілеу – қаржылық құралдардың бағасы нарықта еркін бәсекелестік жағдайындағы сұраныс пен ұсыныстың әсерімен қалыптасады.

Қаржы нарығының функциясын анықтайтын алғышарттарға мына факторларды жатқызуға болады:

- қаржы ресурстарын қайта бөлуде мемлекеттің рөлін барынша азайту;

- монополияны шектеу және бәсекелестікті дамыту мақсатында барлық меншік түріндегі шаруашылық жүргізуші субъектілердің толық дербестігін қамтамасыз ету;

- бюджет тапшылығын қаржыландыру үшін елдегі орталық банктің ссудалық қорын пайдалануды тоқтатып, бұл мәселелерді мемлекеттік займдарды, яғни облигациялар және басқада міндеттемелерді айналысқа шығару арқылы шешу;

- бағалы қағаздарға инвестициялануы мүмкін шаруашылық жүргізуші субъектілер мен халықтың ақшалай табыстарының тұрақты өсуі.


Валюта нарығы қаржы нарығының түрлі құрастырушыларының өзара әрекетін қамтамасыз етуде оның аса маңызды бөлігі болып табылады.

Валюта – кез келген төлем құжаттары немесе халықаралық есеп айырысуларда пайдаланылатын және қандай да бір ұлттық ақша бірлігіне көрініс табатын ақшалай міндеттеме.

Валюталық айырбас – бұл бір елдің валютасын басқа елдің валютасымен айырбастау. Валюта нарығының негізгі қатысушылары – банктер, экспорттаушылар, трансұлттық компаниялар, қаржы мекемелері, инвесторлар, үкімет агенттіктері, кәсіпорындар мен жеке тұлғалар.

Валюта нарығы басқа қаржы орталықтарында орналасқан корреспонденттік банкте сақтаулы шетелдік валютадағы депозиттер айналымы арқылы әрекет ететін халықаралық төлемдерді жүргізу барысында клиринг механизмін қамтамасыз етеді.

Қазақстандағы валюта нарығы құралдарының құрылымын былайша көрсетуге болады.



Сурет - 6 Қазақстан валюта нарығының құрылымы

Валюта нарығы тұрақты түрде қолданылатын және ақша қаражаттардың қажетті шоғырландырушысы болып табылады. Ол қандай да бір нақты орында шектеліп қалмайды, керісінше, байланыс құралдарының күрделі жүйесіме, атап

айтқанда телефондық, телекстік, тіпті электрондық жүйелері арқылы байланысқан операциялық залдардың желісін білдіреді.

Қор биржасы – қызмет ету заты бағалы қағаз айналымының қажетті шар-тын қамтамасыз ету, нарықтық бағаларды анықтау және олар туралы ақпарат тарату болып табылатын ұйым.

Қор биржасы екінші реткі бағалы қағаз нарығын ұйымдастырушы болып табылады.

Биржадан тыс нарық жаңадан шыққан бағалы қағаздарды қамтиды. Онда ірі несие-қаржылық институт, ең әуелі ком-мерциялық банктер атынан ұжымдық салымшы қызмет етеді. Биржадан тыс нарықта көбінесе облигациялар таратылады. Биржада, керісінше, ескі бағалы қағаздарға, негізінен АҚ акцияларына курс тоқтатылады.

Қор биржасы ЖАҚ формасында құрылады және Қазақстан заңдылықтары-на сай кем дегенде он мүшесі болуы қажет. Қор биржасының мүшелері тек ғана акционерлер болуы мүмкін емес. Ол коммерциялық емес ұйым болып табыла-ды, пайда табуды мақсат тұтпайды, өзін-өзі өтеу қағидасына құрылған және мү-шелеріне өз қызметінен табыс төлемейді. Заң қор биржаларының ең төменгі жарғылық капиталын бекітеді. Қор биржасы инвестициялық институт ретінде қызметпен айналыспайды, брақ оның мүшесі ретінде кіру құқығын беретін меншікті акцияларын шығарып, сата алады.

Қор биржаларының мүшелері: инвестициялық институттар, сондай-ақ, не-гізгі міндеттері бағалы қағазбен жасалатын операцияларды жүзеге асыру болып табылатын мемлекеттік атқару ұйымдары. Қор нарығындағы операцияларды тек ғана оның мүшелері атқарады. Солардың тапсырысы бойынша бағалы қа-ғазды брокерлер мен дилерлер алып-сатады.

Брокерлер – мәміле жасаған кезде клиент тапсырмасы бойынша, соның есебінен, белгілі төлем ала отырып, қыз-мет атқаратын делдалдар.

Дилерлер өз атынан және өз есебінен бағалы қағаз саудасымен айналысады: бұл – жеке фирмалар, банктер, жеке тұлғалар – қор биржаларының мүшелері.

Қор биржасының қаржылық қызметі оның мүшелігіне құқық беретін ак-ция сату; қор биржасының жүйелі мүшелік жарнасы; биржада жасалған әр мәміледен алынатын биржалық алымдар; биржа қызметінің басқадай табыстары есебінен жүзеге асырылады.

Бақылау сұрақтары

1. Қаржы нарығы дегеніміз не? Оған анықтама беріңдер?
2. Қаржы нарығына қандай функциялар тән?
3. Қазақстан қаржы нарығының құрылымы қандай?
4. Валюта нарығы дегеніміз не?
5. Елдің қаржылық жүйесіндегі валюта нарығының рөлі қандай?

9 Экономиканы мемлекеттік қаржылық реттеу

Жоспар

1. Мемлекеттік қаржылық реттеу түсінігі, оның қажеттілігі.
2. Экономиканы қаржылық реттеуді топтастыру.
3. Салықтық-бюджеттік реттеу.

Экономиканы мемлекеттік қаржылық реттеу – мемлекеттің қызметінің әр сатысында экономиканы дамытудың макроэкономикалық тұрақтылығына ықпал ету үшін шаруашылық субъекттерге қаржылық ықпал ету формалары мен әдістерін мақсатты түрде және рет-ретімен қолдануы.

Мемлекеттік реттеу типтері - экономикалық (оның қаржылық, бағалық, несиелік, валюталық, еңбек ақы сияқты бөліктерімен қоса) және әкімшілік. Реттеу *түрлері* - салықтық, бюджеттік, мемлекеттік-несиелік, кедендік-тарифтік, валюталық-қаржылық, ішкі шаруашылық. Реттеу *формалары*: бюджеттік сферада - *субвенция, субсидия, трансферттер*; салық сферасында – *тікелей және жанама салық салу*; валюталық қаржылық сферада – *сыртқы инвестициялау, сыртқы займалар, сыртқы қарыз*.

Топтастырудың саны көп элементіне реттеу *әдістері* жатады, олар жекеленген формалар үшін ерекше болуы (мысалы, салықта ставка әдісі, займада айналдыру) немесе бірнеше формада (мысалы, бюджет пен кәсіпорынның қаржылық жоспарында теңестіру, осы формаларда резерв құру әдісі, т.б.) қолданылуы мүмкін.

Нарықтық экономикада *реттеудің* жанама әдістері басымырақ болады. Бірақ елдің экономикалық дамуындағы стихиялық құбылыстарға жол бермеу мақсатында мемлекет нарықтық механизмдердегі ақпаратқа қажет заңдық нормалар мен нормативтер жасайды.

Нарықтық экономикада мемлекеттік қаржылық реттеудің маңызы зор. Бұл ақшалай, несиелік, қаржылық қатынастар сферасында реттеушілерді қолданудағы, ел экономикасын басқарудың барлық органдарының жұмысындағы, Қазақстанның халықаралық экономикалық байланыстарды ұйымдастыруындағы белсенділікпен байланысты.

Оның сыртында, «сұраныс экономикасы» теориясы салықтардың төменгі ставкалары салық түсімдерін азайтпайды, керісінше, оны салық базасын кеңейту, яғни ұлттық өндіріс пен табысты өсіру есебінен көбейтеді.

Салықтың инвестициялық саясатқа ықпалының теориялық түрдегі дәлелі-не америкалық ғалым – «сұраныс экономикасының» өкілі А. Лаффэр жасаған салық салудың прогрессивтігі мен бюджет табысы арасындағы тәуелділік жата-ды. Осы теорияға сәйкес салық ставкаларының белгілі шекке дейін өсуі салық табыстарын өсіреді, одан кейін өсім баяулайды, ал одан кейін бюджет табысы күрт төмендейді. Осыдан экономиканы, инвестициялық белсенділікті ынталан-дыру мәселесін салық ауыртпалығын түбірімен жеңілдету жолында шешу керек деген қорытынды шығады. Экономиканы қозғаушы күш - шаруашылық агент-тердің нарыққа

бейімделген экономикалық қызметке мүдделілігі. Егер бұл қыз-мет оларға тиімді болса, онда ұдайы өндіріс интенсивті қарқынмен жүріледі. Ал нарықтық нәтижелі қызметі айтарлықтай жоғары және прогрессивті салықтар түріндегі күшті дискриминацияға тап болса, онда экономикалық белсенділік төмендейді. Лаффэрдін ойынша, салық түрінде кәсіпкерлер мен халықтың табысының барлық сомасының 30% артығын бюджетке алуға болмайды. Егер табыстың 40-45% алынса, олар экономиканың жеке секторындағы жинақты, соған байланысты инвестицияны азайтады.

Салықты азайту, салық салудың шекті нормасын төмендету экономикаға, салық базасына үш жақты ынталандырушы ықпал етуі мүмкін: салық базасы нарыққа ұсынылған еңбек пен капитал санын және өндірістің ұлғаймалы көлемін ұлғайту салдарынан өсе түседі; нарықта бұрын қолданылған еңбек пен капитал аз салық салынатын сферадан шаруашылық қызметінің жоғары деңгейде салық салынатын сферасына ауысады (мұнда капиталды сфера бойынша бөлу жақсарып, нәтижесінде экономиканың жалпы тиімділігі артады); экономикалық агенттердің белгілі бөлігі «заңсыз экономикадан» заңды, «бағасы белгіленген» экономикаға шыға отырып, салықтан бас тартуды азайтады. Бірақ салық ұсыныстан қарағанда, сұранысқа тезірек ықпал ететінін ескеру қажет. Қысқа мерзімде салықтың төмендеуі жиынтық сұранысты өсіреді және бюджетке салықтық түсімдерді азайтады. Ал ұсыныс факторлары (жинақ, инвестиция, еңбекке деген стимул) әрекетінің инерциялығына байланысты салық-тың ұсынысқа ықпалы ұзақ мерзімді сипатта болады.

Тауарлық салықтар өдірушілер мен мемлекеттің тұтынушыларының ортақ мақсатқа қолданатын қаражаттарының бір бөлігін қоғамға беруді білдірмейді. Олар қоғам үшін тиімділігінен айырады. Бұл құбылыс артық салықтың ауырлығы деп аталады. Жеке табыс салығын салу фискальдық маңызымен қатар маңызды әлеуметтік қызмет атқарады, яғни халықтың әртүрлі әлеуметтік топтарының табысын теңестіреді. Бұл қызметті әлеуметтік бағдарламалар бойынша бюджеттік шығындар да атқарады, нәтижесінде табысы төмен халық айтарлықтай жоғары табысы бар топқа көшеді. Сөйтіп, әлеуметтік теңсіздік азаяды. Салық ставкасымен мөлшерімен, сәйкесінше, салықты алу мөлшерімен байланысты салықтық реттеудің маңызды аспектісі ішкі жинақты «ұстап тұру» және шетел инвестициясын тарту болып табылады. Жоғары деңгейдегі салықтар капиталдың салық ставкалары төмен, салықтық климаты қолайлырақ елдерге «ауыс-уына» әкеп соғады. Бұл факторға салық салу ставкасы төмен немесе тіпті жоқ «оффшорлық зона-лардың» болуы да ықпал етеді. Екінші жағынан жоғары салық ставкалары шетел капиталының елге келуіне кедергі жасайды, ішкі жинақ жетіспеген жағдайда экономиканың өсімін тоқтатады. Сондықтан салықтық реттеу аталған факторларды ескеріп, экономикалық байланыстағы елдердің салықтық жағдайларын теңестіруге ықпал етуге тиіс.

Мемлекеттік қаржы – мемлекеттік қаржы ресурстарын қалыптастыру үшін және алынған қаражаттармен мемлекеттің қызметін атқару үшін

қоғамдық өнімнен ұлттық байлықтың құндылығын бөлу және қайта бөлуге қатысты ақша қарым-қатынасы.

Ақша қарым-қатынасының субъектілері: азаматтар, мемлекет және өндірістік қоғамда.

Мемлекеттік қаржылар үшін мемлекеттік шығыстардың өсуінің жалпы мемлекеттік өнімнің өсуінен жоғары болуы сипатты болып келеді және де бұл Вагнер заңы деп аталады.

Вагнер заңы 3 факторлармен байланысты:

1) экономиканың өсуіне байланысты экономикалық өмірдің қиындауы және еңбек бөлінуінің тереңдеуі тиімді экономиканы қолдауды қажет етеді;

2) техника және технологиялық дамулар үлкен мөлшерде капитал қажеттіліктерін қажет етеді. Оларды акционерлік қоғам мен мемлекеттік корпорациялар қамтамасыз етеді. Мемлекет техникалық шаралар арқылы монополиялық өнірістер пайда болатын жерде олардың қызметін реттеуші ретінде қатысуы керек;

3) мемлекет білім беру және денсаулық саласында белсенділік танытады. Өйткені бұл салалардан түсетін пайда экономикалық бағалауда төзімді болып келеді.

Мемлекеттік қаржы ұғымында жеке дара звенолардың әрқайсысы спецификалық орын алады.

Мемлекеттік қаржылар құрамына кіретіндер:

1) мемлекеттік бюджет;

2) бюджеттік емес қорлар;

3) мемлекеттік несие;

4) мемлекеттік қоғамның қаржылары.

Мемлекеттік басқару деңгейі бойынша экономикалық және әлеуметтік салада мемлекеттік қаржылар республикалық және жергілікті болып бөлінеді.

Бюджеттік қарым-қатынас мемлекеттік қаржы құрамында маңызды рөл атқарады. Бюджеттік өзара байланыс арқылы ақша қаражаттары қайта бөлінеді, яғни шаруашылық мекемелерден мемлекеттік пайдасына және керісінше.

Республикалық бюджеттің рөлі

Оның қорлары жалпы мемлекеттік іс-шараларды жүзеге асыруға арналған.

Республикалық бюджеттің көмегі арқылы экономиканың тұрақтылығы, бюджет теңгерімділігі мәселелері шешіледі.

Жергілікті бюджет

Бұл экономикалық процесті реттеу үшін өндірістік күштерді орнатуы, территориялық инфрақұрылымның дамуы үшін қолданылады. Әлеуметтік шығындарды қаржыландыру барысында үлкен рөлді жергілікті бюджет атқарады.

Бюджеттік емес қорлар

Бұл жеке мақсатты іс-шараларды аударымдармен және басқа да дерек көздермен қаржыландыру.

Мемлекеттік несие

Мұнда қарым-қатынастар мекеменің уақытша бос ақша-қаражаттарын мобилизациялаумен байланысты, оларды мемлекеттік мекемеден берілуі мемлекеттің қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін керек. Мемлекеттік қаржылар меншіктің жіктелу тұрғысынан қарағанда мемлекеттік заңды тұлғаның меншігі және мемлекеттік қазына болып табылады.

Мемлекеттік заңды тұлғаның бөлігі заңды түрде жеке дара болып табылады және мемлекеттік қаржылардың негізін құрайды.

Мемлекеттік қазына 2-ге бөлінеді:

1) республикалық;

2) жергілікті.

Республикалық қазына жүйесі:

1) республикалық бюджет қаражаттары;

2) алтын валюта қорлары;

3) тек қана мемлекеттік меншігіндегі мүліктер (жер, флора мен фауна, табиғи

ресурстар);

4) республикалық меншікке жататын жеке дара емес мүлік.

Жергілікті қазына жүйесі:

1) жергілікті бюджет қаражаттары;

2) коммуналдық меншікке жататын жеке дара емес мүлік.

Осыдан барып мемлекеттік қаржылардың рөлі бөлінеді, яғни мемлекеттік қаржылар – әр анықталған тіршілік ету кезеңінде үкіметтің экономикалық функциялардың орындалуын және қоғамның дамуының мақсаты мен міндеттерін жүзеге асырудың негізі болып табылады.

Бақылау сұрақтары

1. Экономикалық қаржылық реттеу дегеніміз?
2. Мемлекеттік қаржы құрамы.
3. Салықтық бюджеттік реттеу.

10 Инфляция

Жоспар

1. Инфляция, оның пайда болу нысандары.
2. Инфляцияның түрлері мен типтері.
3. Инфляциялық салық

Экономикалық құбылыс ретінде инфляция көптен бері өмір сүріп келеді. Оны тіпті ақшаның шығуымен бірге пайда болды әрі ақшаның қызметімен тығыз байланысты деп саналады.


«Инфляция» термині (латынның inflation сөзінен шыққан – кебіну, ісіну) ақша айналысына қатысты XIX ғасырдың орта шенінде пайда болды және АҚШ-тың азамат соғысы жылдары (1861-1865 ж.ж.) қағаз долларының («гринбергтердің») қисапсыз көп шығарылуымен байланысты болды. XIX ғасырда бұл термин сондай-ақ Англия мен Францияда қолданылды. Экономикалық әдебиеттерде инфляция ұғымы XX ғасырда бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін кеңінен таралды, ал бұрынғы кеңестік экономикалық әдебиеттерде ол 20-сыншы жылдары жазыла бастады.

Инфляция – бұл айналым арналарының артық белгілерімен аса толып кетуінің нәтижесінде тауар мен көрсетілетін қызметтердің бағасының өсуі, сонымен қатар халықтың нақты табысының төмендетілуі, ақшаның құнсыздануы.

Қазіргі заманғы инфляция елдің экономикалық дамуының қолайсыз жағдайымен байланысты. Ол өндіріс және сату саласындағы сияқты, ақша айналымы, несие және қаржы салаларындағы әр түрлі факторлармен туындаған өндіріс процесінің қарама-қайшылықтарымен шартталған.

Инфляцияның бірінші себебі – қоғамдық өндірістің әр түрлі элементтері арасындағы диспропорция: ақшалай өлшемдегі шаруашылық қажеттіліктер мен ақша жиыны, мемлекеттің табыстары мен шығындары, сұраныс және ұсыныс, жинақтау және тұтыну.

Инфляцияның ішкі және сыртқы факторлары, себептері бар. Оны төмендегі сызба бойынша көрсетуге болады.



Сурет – 7 Инфляцияның ішкі және сыртқы факторлары, себептері

Инфляцияның айқындалу нысандары:

- Тауарлар мен қызметтерге бағаның өсуі, ол ақшаның құнсыздануына, олардың сатып алу қабілеттерінің төмендеуіне әкеледі.

- Шетел ақша бірлігіне қатысты ұлттық ақша бірлігі бағамының төмендеуі.

- Ұлттық ақша бірлігімен көрсетілген алтынның бағасының артуы. Алтынның бір Троя унциясы 1960 – жылдары ресми нарықта 35 долларға, ал 1995 жылдың соңында – 350-400 долларға сатыла басталды.

Нарықтағы бағаның өсу қарқынына байланысты инфляцияның төмендегідей түрлері бар:

Жылжымалы – бағаның жыл сайын 3-4%-ға өсу қарқыны кезінде орын алады. Мұндай инфляция оны ынталандырушы фактор ретіне қарастыратын дамыған елдерге тән.

Ұшқыр инфляция – бағаның жыл сайын 10-50%-ға (кейде 100%-ға дейін) өсу қарқыны кезінде болады, ол дамушы елдерде орын алып отыр.

Гиперинфляция – бағаның жыл сайын 100%-дан жоғары өсу қарқыны кезінде орын алады, ол өзінің экономикалық құрылымын түбірімен жоюды бастан өткеретін кезеңдердегі елдерге тән.

Себептеріне байланысты *инфляцияның екі түрі* болады:

Сұраныс инфляциясы. Инфляция дәстүрлі түрде артық сұраныс кезінде туындайды. Ұсынысқа қарағанда тауарларға сұраныс көп, осыған байланысты өндірістік сектор тұрғылықты халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыра алмайды. Сұраныстың бұл артықшылығы бағаның өсуіне әкеледі.

Өндіріс шығындары инфляциясы. Инфляция өндірістегі циклдық ауытқулармен, құрылымдық өзгерістермен туындайтын еңбек өнімділігі өсуінің төмендеуінен туындайды. Ол өнім бірлігінің шығынына және пайданың азаюына әкеледі. Нәтижесінде ол өндіріс көлемінің кемуіне, өндірістің қысқаруына және бағаның өсуіне әкеледі. Сонымен қатар шығын инфляциясын қызмет саласының кеңеюі, компания қызметкерлеріне төлемақының жоғарылауы, жанама салықтардың өсуі тудырады.

Инфляциямен күресудің негізгі әдістері: **ақша реформасы** және **антиинфляциялық саясат**.

Ақша реформасы – ақша айналымын ретке келтіру және нығайту мақсатында мемлекетпен жүргізілетін ақша жүйесінің толық және ішінара құрылуы. Ол нуллификация, реставрация, девальвация және деноминация әдістері арқылы жүзеге асырылады.

Нуллификация – құнсызданған ақша бірлігін жою және жаңа ұлттық валюта енгізу жолымен жүргізіледі.

Реставрация – ақшаның бұрынғы алтындық құрамын қалпына келтіру.

Девальвация – ұлттық валюта бағамын басқа бір елдің ұлттық валютасы бағамына қатысты төмендету.

Деноминация – «нөлдерді қысқарту» әдісімен ақшаның атаулы (номиналдық) құнын ірілендіру.

Антиинфляциялық саясат – инфляциямен күресуге бағытталған экономиканы мемлекеттік реттеу бойынша жүргізілетін шаралар кешені. Осы себепке байланысты екі бағыт көрсетіледі – дефляция саясаты және табыстар саясаты.

Дефляция саясаты мемлекеттік шығындарды қысқарту, несие үшін пайыз мөлшерлемесін (ставка) жоғарылату, салықты нығайту, ақша жиынын шектеу жолымен ақшаға сұранымды шектеу әдістерінен тұрады. Бірақ ол экономикалық дамуға әсер етпейді, керісінше өндіріс қарқынын төмендетеді және экономикалық дағдарысқа әкеледі.

Табыстар саясаты бағаға және төлемақыға бақылау жасау шараларын білдіреді.

Үкімет ақшаны басып шығару арқылы табысын арттырғанда, ол инфляциялық салықты өндіріп алады. Үкімет ақшаны басып шығарғанда, баға деңгейі артады, ақша құнсызданады (еңбекақы тұрақты болған жағдайда). Үкімет ақша басып шығарса, бұны ақшасы бар адамдардың бәріне салынған салық деуге болады. Бұл тіпті, қатты айтқанда, прогрессивтік салық, бай болған, көбірек ақша ұстаған сайын, сәйкесінше инфляциялық салық көбірек әсер етеді.

Инфляциялық салық – үкімет ақша шығару арқылы арттыратын табыс.

Инфляциялық салықтың маңыздылығын *гиперинфляция* деп аталатын өте жоғары инфляция жағдайларынан көруге болады. **Гиперинфляция** – бұл баға деңгейінің төтенше және үдемелі арту кезеңі. 1920 жылдардағы Германиядағы, 1970 және 1980 жылдардағы Латын америкасының түрлі елдеріндегі және соңғы кездердегі Югославия мен Зимбабведегі гиперинфляция кезінде инфляциялық салық әжептәуір болды.

Инфляцияның барлығы дерлік бір схема бойынша өрістеп дамиды: үкімет шығындары өте көп, қарыз алу мүмкіндігі шектеулі, ақылға қонбайтын салық түсімдері бар және нәтижесінде ол, барлық шығындарын төлеу үшін баспа машинасына жүгінеді. Ақша мөлшерінің жаппай артуы инфляцияның үдеуіне алып келеді. Инфляция үкімет инфляциялық салыққа деген қажеттілікті жоятын мемлекеттік шығындарды қысқартатын немесе кей жағдайларда валютадан толығымен бас тартып, жаңа валютаны енгізетін фискалды реформаларды орнатқанда аяқталады.

Кезінде экономист Джон Мейнард Кейнс атап өткендей, инфляциялық салық арқылы мемлекеттік шығындарды өтеу үшін үкіметке жай ғана ақшаны басып шығару қызығына төтеп беру қиынға соғады: «салық ауыртпалығы елдің бәріне бірдей түседі, одан жалтаруға болмайды, салық жинап әуре болмайсың және жәбірленуші байлығына пропорционал құлдырайды. Оның осындай артықшылықтары қаржы министрлерін қызықтырғанына таң қалуға болмайды». Әдетте, Кейнс экономикаға жоғары инфляцияның үлкен зардабы болатынын мойындаған, сондықтан да ол инфляциялық салық артықшылықтарын «үстіртін» деп атады.

Бақылау сұрақтары

1. Қаржы мен инфляцияның өзара байланысы қандай?
2. Инфляцияның қандай түрлері бар?
3. Инфляцияның типтеріне сипаттама беріңіз.
4. Инфляциялық салық дегеніміз.

11 Салықтар және салық жүйесін ұйымдастыру

Жоспар

1. Салық түсінігі, оның мәні. Салық қызметтері.
2. Салық жүйесі, нарықтық экономика жағдайында оны құруға қоятын талаптар.
3. Салықтарды әртүрлі белгілері бойынша жіктеу. ҚР-дағы салық түрлері.

Салықтар – заңда қарастырылған, белгіленген мөлшерде және бекітілген мерзімде алынатын міндетті төлемдер. Салықтардың экономикалық мәні мемлекет иелігіндегі ақша-қаражаттарын қозғалысқа түсіру бойынша мемлекеттің заңды және жеке тұлғалармен жасайтын экономикалық қатынастарымен сипатталады.

Салықтар мемлекеттің пайда болуымен пайда болады және оның болуын негіздер болып табылады. Салық формалары және әдістер адам баласының дамытулары тарих бойы мемлекеттің қажеттіктерге және сұрау салуларына өзгеріп, істеліп өтеліп, ыңғайланды. Салықтар ең үлкен дамыту тауарлық-ақшалай қатынастардың дамыған жүйелерінде олардың күйіне ықпал бола жеттігіміз.

Салықтардың мәні олардың қызметтерінен көрінеді: салықтың *фискальдық* қызметі мемлекеттік бюджетке қаражаттардың түсуімен және мемлекеттік шығындарды қаржыландырумен қамтамасыз етеді; *қайта бөлу* – мемлекет пайдасына шаруашылық жүргізуші әртүрлі субъекттердің табысын қайта бөлу; *реттеу* қызметі бағдарламаларға сай халық шаруашылығының дамуына ықпал етеді.

Нарықтық экономикада салықтар мемлекеттің кіріс бөлігін қалыптастыру-да маңызды роль атқарады. Соңғы жылдары салық түсімдерінің үлес салмағы 70-80% деңгейінде сақталуда, ал нарықтық экономика дамыған елдердегі салықтық түсімдерге келетін болсақ, олардың үлесі 50-55% шамасында.

Салықтар мынадай белгілер бойынша *топтастырылады*: *салық салу объектісі бойынша* (тікелей – жеке табыс салығы, мүлік, жер салығы; жанама - ҚҚС, акциздер, кеден баждары); *пайдалану белгісі бойынша* (жалпы - мемлекетке түседі; арнаулы салықтардың нақты мақсаты болады); *салықты алатын және бөлетін орындарға байланысты* (мемлекеттік және жергілікті); *объектінің экономикалық белгілері бойынша* (табысқа салынатын салықтар

және тұтынуға салынатын салықтар: біріншілері төлеуші салық салудың кез-келген объектісінен алатын табыс-тарынан алынады; екіншілері – тауар және қызметті тұтынған кезде төленетін шығындарға салынатын салықтар).

Салық салу *элементтері*: субъект, жүктеуші, объект, салық көзі, салық салу бірлігі, салық ставкасы, салық төлеушілердің құқықтары мен міндеттері, салықтар-ды, салық заңын бұзғаны үшін салынатын айыппұл санкцияларын төлеуді бақылау.

Мемлекет салық саясат жүргізеді - салықтардың төңіректеріндегі шараларының жүйесін - істеп шығарылған экономикалық саясатпен сәйкес әлеуметтік-экономикалық тағы басқа мақсаттар және оның дамытуын әрбір нақты мерзімнің қоғамының есептеріне байланысты.

Салық саясатын негізгі бағытының нарықтық қатынастарының құрастырулары шарттарындағы тұтынудың аса орталықтандырылған қоғамдық қорлары тұрғынның нақты табыстарының едәуір бөліктің құрастыруын қағидасының ақтамаған өзін қалдығы болып табылады. Бұл еңбекке жарамды тұрғынның бір бөлігінің табыстары еңбектік белсенділіктің күшейтуіндегі экономикалық мүдделіліктің себеп тетігі арқылы үлкейтуге айтарлықтай мүмкіндік береді. Еңбекке жарамсыз қоғам мүшелерді тиімдірек және сенімді әлеуметтік қорғау салық жүйе арқылы қамтамасыз етіледі. *ҚР салық жүйесі* дегеніміз ставкалары, төлеушілері мен салық салу объек-тлері, төлеу мерзімдері мен тәртібі, есептеу және есепке алу, сондай-ақ, сәйкес әкімшілік ережелер әдістемесі көрсетіле отырып, берілген белгілі кезеңге қолданылатын заңды түрде бекітілген салықтар тізімі. Объекттің экономикалық белгілері бойынша тұтынуға табыстар және салықтарға салықтар өзгешеленеді; алғашқысы салымның төлеуші алынатын кез келген объектілерінің табыстарымен алынады; екінші жағдайда - бұл тауарлар және қызметтердің тұтынуында төленетін шығындарға салықтар.

Төрт салықты алу тәсілдер есепке алу және салымның объектілерінің опенкасының әдістеріне байланысты бар болады: кадастр, салық төлеушінің декларациялары бойынша, табыстың алуын көзде, патент бойынша

Салықтың есепке алу және телемін кадастр әдісіне сәйкес олардың (жер, мүліктік) пайдалылығының нормасының нұсқауы бар салымының объектілерінің тізімінің негізінде нақты пайдалылықтың есепке алуысыз іске асады.

Салық төлеуші декларацияларда қажетті шегермелер жеңілдік қажетті табыстың өлшемін көрсетеді салықтың сомасын есептеп шығарып төлеп қояды.

Салық көзде табыстың алулары төлеуші жұмыс істейтін заңды тұлғаның бухгалтериясымен табыстың алуын орында саналып есептеседі.

Салықтың патентінің негізінде табыстардың олардың көлемдері анықтап ескеру қиын бойынша қызметтің түрлі түрлерінен алуға төленеді.

Салықтың патентінің негізінде табыстардың олардың көлемдері анықтап ескеру қиын бойынша қызметтің түрлі түрлерінен алуға төленеді.

Салық есепке алуын екі әдістерді қолданылады:

1. кассалық;
2. есептеп шығаруларды әдіс.

Табыстар және шегермелерді кассалық әдіске сәйкес жұмыс жасау, қызмет түрлерін ұсыну, тиеу және дүниенің кірісуінен есепке алынады және төлеуді ол бойынша шығарылған.

Табыстар және шегермелер есептеп шығаруларды әдіс бойынша төлеуді уақыттан тәуелсіздің жұмыс жасауды момент, қызмет түрлерін ұсыну, тиеу және дүниенің кірісуінен есепке алынады.

Салық қызметтер үшін екінші әдіс төлеушілердің салық төлемдері үшін қолайлырақ және оның кемшілігінің Қазақстан барлық төлеушісімен оның қолдануына болып табылады айналымдағы ақшалардың алаңдатуына алып келген мерзімге жабдықтауларды төлем еместің жағдайында тіпті атап көрсетуі керек қабылдалған.

Салық жүйесі мемлекеттік салық қызметін қамтиды. Мемлекеттік салық қызметі Мемлекеттік кіріс министрлігінің Салық комитеті мен облыстардағы, ірі қалалардағы салық басқармаларынан, аудандар мен қалалардағы салық бөлімдерінен тұрады.

Салық жүйесінің қағидалары: 1) салық салу формаларын анықтаған кезде техникалық жағынан қарапайым формаларға көңіл бөлген дұрыс; 2) салық жүйесі бейтарап болуға тиіс; 3) пропорционал сызықтық салықтармен қатар прог-рессивтік салықтарды қолданған жөн; 4) экономиканың қызметін жақсартуға және капиталдық салымдарды өсіруге кедергі келтірмеуге тиіс; салықтық жүйе салықтың белгілі түрлері бойынша салық ставкаларының басқа серіктес елдермен байланыс жасағанда тұрақты болуына жағдай жасауға тиіс.

Формалар және олардың құрастыруының әдістерінің мемлекет төлетілетін салықтарының түрлері, салық қызметтің органдарының жиынтығы мемлекеттің салық жүйесін құрастырады.

Салықтар, олардың төлеушілері, салықты алу тәсілдер, салық жеңілдіктерінің жиыны бар болатындығынан, салық жүйелер болды енді күрделі үлгілер ұсына алады. Салықтар қағидаларға әр түрлі классификациялауға болады:

- салымдар және төлеуші және мемлекеттің арақатынастарының объектінен;
- қолдану бойынша;
- органнан, өндіріп алу;
- экономикалық белгі бойынша.

Қазақстан республикасының салық жүйесі салықтар, жиындар және баждардың түрі, салық қатынастары және (Қазақстан республикасының мемлекеттік табыстарының министрлігі және оның жергілікті органдары) салық қызметтің орган реттейтін заңға сүйенген нормалар қосады.

Салықтар, жиындар және сипаттың салық төлемдерінің Қазақстанындағы тізім қосады:

1. Салықтар

- 1.бірлескен табыс табысы;
- 2.жеке табыс салығы;
- 3.қосылған құнға салық;
- 4.акциздер;
- 5.(саудалық табуды жазылып алып тұратын бонус, бонус, роялти, жоғарғы пайдаға салық) жер пайдаланушылардың арнаулы төлемдер және салықтары; өнімнің бөлімі бойынша Қазақстан республикасының еншісі
- 6.әлеуметтік салық;
- 7.жер салық;
- 8.көлік құралдарына салынатын салық;
- 9.мүлік салығы.

Салық жалақысы - салықтың бір объектен субъект төлеп қойылатын сомасы.

Салық жеңілдіктері - заңмен сәйкес төлеушілердің толық немесе жартылай салықтан босатуы. Салық жеңілдіктеріне жатады:

салық салынбайтын минимум - салықтың салым толық босалатын ең кіші объектінің бір бөлігі; тұрғыннан табыс салығы бойынша қарауыдағы жандар, жарымжандарға есептелген табыстар жиынтықтан жеңілдіктері; әлеуметтік объектілер, табиғи ортаны қорғау шаралары іргелі салымға, мазмұн шығын сомалар, пайдаға салыққа және тағы басқалар бойынша; жанында шығу жәрдемақыларының сомасы мысалы салық салынатын табыстың құрам қосылмайтын сомалар. тұрғыннан табыс салығы бойынша жұмыстан шығару, төлеулерді компенсационных; салымның жеке субъектілері және төлеушілердің дәрежелері үшін салық мөлшерлемесінің төмендеуі.

Салық жеңілдіктеріне салық бойынша төленбеген салықтардың салықтардың төлеуін кейінге қалдыру және есептен шығаруы сонымен бірге жатады.

Жанама салықтар мемлекеттің тергеуші мүдделерін білдіреді. Ақылды олардың қолдануы баға белгілеуді процесске әсер етуге және тұтыну құрылымына позитивті ықпал ете алады. Бұдан басқа, салық төлеушілер үшін табыстардың салық өндіруді түзуін өсуге қарағанда олардың шығындарының салық өндіруін өсу артықшылығы барырақ. Сатулармен акциздер, салықтар болып табылған тұтынуға қолдану салықтар қосылған құнға салық артықшылығы барырақ, өйткені:

- олардан қиындау бұлтару;
- олармен аз экономикалық бұзушылықтар байланған;
- олар еңбекке қызықтырулар аз қысқартады,
- дефициттің жоқтығы шарттарындағы, қоса және тауарларға - ауыстырғыштар, олар таңдаудың құқығы тұтынушыларға тастап кетеді;
- олар үшін анонимдық тән.

ҚҚС, бюджетке жататын төлеуге "ҚҚС Қазақстан республикасының аумағына өндіріс және тауарлар айналымының процессінде, жұмыстар, қызмет қосылған іске асыруға сонымен бірге бөліп шығару бойынша салық

салынатын айналымды құнның бір бөлігінің бюджетіне бөліп шығару тауарлардың импортында болады ." "Бюджеттерге сөзсіз төлеулері тағы басқалар салықтар туралы" Қазақстан республикасы заңға сәйкес, салық салынатын айналым бойынша алған тауарлар, қызметтер көрсеткен істелінген жұмыстарда жататын төлеулерді қосылған құнға салық жүзеге асырылған тауарлар, қызмет және қосылған құнға салықтың сома көрсеткен істелінген жұмыс есептелген сомалардың арасындағы айырмашылықпен сияқты анықталады. Соңғы салық бойынша сынақтың тетігі айқындалады.

Қазақстандағы салықты сипаттайтын көрсеткіштер тізімі:

- *салықтар* (корпоративтік табыс салығы; жеке табыс салығы; қосымша құн салығы; акциздер);
- *жер қойнауын пайдалушылардан алынатын арнаулы төлемдер мен салықтар* (табу бонусы, коммерциялық табу бонусы, роялти, пайдаға салынатын салық);
- *алымдар* (заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуден өткізгені; жеке кәсіпкерлерді; қозғалмайтын мүлікке құқықты және олармен мәміле жасауды, радиоэлек-трондық құралдарды және жиілігі жоғары құрылғыларды, механикалық көлік құралдары мен тіркемелерді, теңіз, өзенде, көлде жүретін кемелерді, азаматтық әуе кемелерін тіркегені үшін).

Салық төлеушілердің жекеленген түрлері үшін *арнаулы салық режимдері* қарастырылған. Салық төлеушілердің жекеленген топтары үшін *арнаулы салық режимдері* қарастырылған, оларда жекеленген салықтарды есептеу және төлеу және олар бойынша есеп берудің оңайлатылған тәртіптерін қолдану қарастырылған. Оған шағын бизнес субъекттері, шаруа (фермерлік) қожалықтары, заңды тұлғалар – ауылшаруашылығы өнімдерін өндірушілер, кәсіпкерлік қызметтің жекеленген түрлері жатады. Мұндай режимдерде салық патент; бір реткі талон; оңайлатылған декларация; салықтың белгіленген сомасы (ойын бизнесі үшін) негізінде төленеді.

Салық саясаты – мемлекеттің экономикалық саясатын салық құралдары, са-лық ставкалары, жеңілдіктері негізінде жүзеге асыру, ол экономикаға мемлекеттің араласу деңгейін көрсетеді. Салық саясатын активті және пассивті деп бөледі.

Активті тип – мемлекеттің өндіріс ресурстарын экономиканың жеке сек-торына тарату процесіне араласуы және экономикалық циклді реттеуі (жоғары деңгейдегі салық ставкалары бекітіледі және салық жеңілдіктері көрсетіледі, прогрессивті салық ставкалары қолданылады).

Пассивті тип - мемлекеттің ресурстарды жеке секторларға таратуына ара-ласуын төмен деңгейге түсіру: салық жеңілдіктерін шектей отырып, номинал салық ставкаларын төмендету.

ҚР салық саясаты біртіндеп салық саясатының активті типінен пассивті типіне көшіп барады.

ҚР салық саясатының негізгі мақсаттары мен міндеттері: 1) бюджет тү-сімдерінің сәйкестігі, яғни салық түсімдері мемлекеттік шығыстарды қамтама-сыз етуге жеткілікті болуға тиіс; 2) экономикалық бейтараптық, ол

тұтынудың барлық формасына жанама салықтарды бірдей қолданатындығымен ерекшеле-неді; 3) салық саясаты жинақ пен инвестицияның өсіміне кедергі болмауға тиіс; 4) салық әділдігі, оның көлденең және тік аспектілері болады (көлденең аспект экономикалық қатынастарға қатысушылардың барлығына заң бірдей қызмет ететінін білдірсе, тік аспект кейбір қатысушыларды айыру үшін есептеу мүмкіндіктерін білдіреді); 5) төмен салық ставкалары (ставкалар мөлшері экономикалық қатынастарға қатысушылар тарапынан кері ықпалға әсер етеді), салық заңдарының түсініктілігі мен қарапайымдылығы. Салық өндіруді ұйым салықтардың түрлерінің нақты аттары салық қатынастарының форма қосатын салық тетікті құрастыруға және жұмыс жасауға сонымен бірге рет және олардың қолдануының әдістері, әсер әдістерін апарды. Салық тетікте өзара байланысты элементтердің арнайы құрал-сайманын қолданылады.

Бақылау сұрақтары

1. Салықтың мәні қандай?
2. салықтың қызметтерін атаңыз.
3. Салық жүйесін нарықтық экономика жағдайында құруға қоятын талаптары қандай?
4. ҚР-да қандай салық түрлері бар?
5. Салықтар қалай жіктеледі?

12 Қаржылық бақылау

Жоспар

1. Қаржылық бақылаудың мәні, міндеттері және қағидаттары.
2. Қаржылық бақылаудың түрлері және әдістері.
3. Аудиторлық бақылау.

Мемлекет пен муниципалдық құрылымдардың қаржылық қызметінің ажырағысыз құрамды бөлігі *қаржылық бақылау* болып табылады.

Қаржылық бақылау - қаржы жүйесінің барлық буындарының ресурстарын жасау, бөлу және оларды пайдаланудың негізділігін тексеруге бағытталған айрықшалық қызмет және қаржыны басқарудың функциялық элементтерінің бірі. Ол басқарудың қаржылық жоспарлау, қаржыны оперативті басқару сияқты басқа элементтерімен тығыз байланысты және бір мезгілде жүзеге асырылады.

Қаржылық бақылаудың болуы экономикалық категория ретіндегі қаржыға бақылау функциясының тән болуымен объективті түрде шарттасылған. Бұл функция арқылы қаржы бөлудің қалыптасып отырған үйлесімдері, қорлардың ара салмағы, оларды қалыптастырудың көздері, пайдаланылуы туралы ескертіп отырады. Қаржының бақылау функциясы материалдық игіліктерді өндіру, айырбастау, бөлу және тұтыну үдерісіне

қоғам, ең алдымен мемлекет тарапынан ықпал жасауға мүмкіндік береді. Бірақ бұл мүмкіндік тек қоғамдық қатынастарда ғана адамдардың қатысуымен, мынадай белгілі бір шарттардың кезінде: бақылаудың айрықша органдарын күсрғанда; оларды білікті мамандармен толықтырғанда; бұл органдардың құқықтарын регламенттегенде шындыққа айналады.

Сөйтіп, бақылау функциясы қаржыны бақылаудың құралы ретінде пайдалану үшін объективті жағдай жасайды, ал оны саналы түрде қолдану қоғамдық өндірісте қаржының іс-әрекет ету барысында жүзеге асырылады. Егер қаржы экономикалық базистің қатынастарын, яғни өндірістік қатынастардың бір бөлігін білдірсе, қаржыны басқару элементтерінің (жоспарлау, есеп және талдаумен қатар) бірі ретіндегі қаржылық бақылау қондырмалық категория болып табылады. Практикада қаржының бақылау функциясы қаржылық бақылау нысанында жүзеге асырылады, бірақ бұл ұғымдарды бірдей деуге болмайды. Бақылау функциясы - қаржының ішкі қасиеті, ал қаржылық бақылау қаржыға тән объективті мазмұн ретіндегі бақылау функциясын практикалық қолдану болып табылады. Қаржылық бақылау жеке емес, басқа функциялармен етене байланысты іс-әрекет етеді.

Ғылыми негізделген қаржылық саясатты, тиімді қаржылық механизмді қалыптастыруға жәрдемдесу қаржылық бақылаудың мақсаты болып табылады. Қаржылық бақылаудың көмегімен қаржы жоспарларының орындалуы, қаржылық-шаруашылық қызметтің ұйымдастырылуы тексеріледі. Басқа жағынан, қаржылық бақылаудың нәтижелігі қаржылық жоспарлауда, оперативті басқаруда пайдаланылады.

Қаржылық бақылаудың өзіндік өзгешелігі - оның ақшалай нысанда жүзеге асырылатындығында. Оның объекті қаржылық ресурстарды, соның ішінде ұлттық шаруашылықтың барлық деңгейлері мен буындарында табыстар мен қорланымдарды қалыптастыру үдерістері, ақшалай қорларды жасау және пайдалану болып табылады.

Алайда қаржылық бақылаудың объекті тек ақшалай қаражаттарды ғана тек кең тобына таралады, өйткені қаржы басқа құндық категориялармен: еңбекке ақы төлеумен, өнімнің өзіндік құнымен, табыспен, пайдамен, өндірістік қорлармен (негізгі, айналым қорларымен), күрделі жұмсалымдармен, инвестициялармен тығыз байланысты. Ал мекемелер мен ұйымдардың бюджеттік қаражаттарды дұрыс пайдалануын бақылау олардың қызметінің барлық жақтарын - желілер мен контингенттердің толымдылығын, қаражаттарды жұмсаудың белгіленген нормаларын сақтауды талап етеді. Түпкі қорытындыда қазіргі жағдайларда өндіру мен бөлу үдерісі ақшалай қатынастармен ортақтастырылатындықтан ол елдің материалдық, еңбек, табиғи және басқа ресурстарын пайдалануды бақылауды білдіреді.

Қаржылық бақылау іс-әрекетінің сферасы бақылаудың басқа түрлерімен: әкімшілік, құқықтық, әлеуметтік, техникалық, саяси бақылаумен жиі тура келуі мүмкін. Шаруашылық ұйымдардың қаржылық жағы шаруашылық қызметпен тығыз байланысты болатындықтан қаржылық бақылауды шаруашылықтық бақылаудан бөліп алу қиынға түседі, ал кейде

мүмкін болмайды, өйткені қаржылық операциялардың көбінде шаруашылық қызметтің басқа үдерістері бейнелеп көрсетіледі.

Мемлекеттік қаржылық бақылауды жүргізу құпиялылық режимді қамтамасыз ету ескеріле отырып, тәуелсіздік, объективтілік, анықтық, ашықтық, құзырлылық, жариялылық қағидаттары міндетті түрде сақталып жүзеге асырылады.

Тәуелсіздік қағидаты - мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының және олардың жұмыскерлерінің қызметті жүзеге асыру кезінде тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін кез келген араласушылыққа жол бермеу.

Бақылаудың объективтілік қағидаты - бақылауды Қазақстан Республикасы заңнамасына, мемлекеттік қаржылық бақылау стандарттарына қатаң сәйкестікпен жүргізу, мүдделер қалыңдығын болдырмау.

Анықтық қағидаты - бақылау нәтижелерін бухгалтерлік, банктік құжаттармен, бақылау объектінің өзге құжаттарымен растау.

Бақылаудың ашықтық қағидаты - бақылау нәтижелерін баяндаудың айқындығы, мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының Қазақстан Республикасы Президентіне, Үкіметіне, мәслихаттарға, жұртшылыққа есеп берушілігі.

Құзырлылық қағидаты - мемлекеттік қаржылық бақылау органдары жұмыскерлерінің бақылауды жүзеге асыруы үшін қажетті кәсіби білімдер мен дағдылардың жиынтығы.

Жариялылық қағидаты - құпиялылық режимді, қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге құпияны қамтамасыз етуді ескере отырып, мемлекеттік қаржылық бақылау нәтижелерін міндетті жариялау.

Мемлекеттік қаржылық бақылауға қойылатын бірыңғай талаптар мемлекеттік қаржылық бақылау жүргізу стандарттарымен айқындалады. Бұл стандарттарды Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті ішкі бақылау жөніндегі уәкілетті органмен бірлесе отырып әзірлейді және Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді. Мемлекеттік қаржылық бақылау стандарттарын мемлекеттік қаржылық бақылау органдары орындауға міндетті.

Қаржылық бақылаудың алдында тұрған міндеттерге мыналар жатады: шаруашылық жүргізуші субъектілердің қарамағындағы ақшалай ресурстарды (бюджеттік және меншікті қаражаттарды, банк кредиттерін, бюджеттен тыс қаражаттарды) пайдаланудың дұрыстығын тексеру; мемлекет, ұйымдар және халық алдында қаржылық міндеттіліктердің орындалуын тексеру; қаржылық ресурстарды өсірудің, соның ішінде өзіндік құнды төмендету және өнім, қызметтер рентабелділігін арттыру жөнінде ішкі өндірістік резервтерді анықтау; кәсіпорындарда, ұйымдарда және мемлекеттік мекемелерде қаржылық операцияларды, есеп айырысуларды жасаудың және ақшалай қаражаттарды сақтау ережелерін сақтауды материалдық құндылықтар мен ақшалай ресурстарды ұтымды жұмсауды тексеру; қаржылық тәртіпті бұзуларды жою және ескерту. Оларды айқындап білген жағдайда ұйымдарға,

лауазымды адамдарға және азаматтарға белгіленген тәртіппен ықпал ету шаралары қолданылады, мемлекетке және ұйымдарға залалды өтеу қамтамасыз етіледі. Қаржылық бақылаудың міндеттерін жүзеге асыру нәтижесінде заңдылық жақтарының бірін білдіретін қаржылық тәртіп нығаяды.

Қаржылық тәртіп - бұл мемлекеттік, жергілікті өзін-өзі басқару субъектілерінің, шаруашылық жүргізуші субъектілердің ақшалай қорларын жасаудың, бөлудің және пайдаланудың белгіленген ұйғарымдары мен тәртібін айқын сақтау.

Қаржылық бақылау мемлекеттің қаржылық қызметінің түрі ретінде есептелінеді, сондай-ақ экономикалық категория ретінде де қаржыларға бақылау функциясы тән болады. Осы бақылау функциясы мемлекеттік қаржыларды қалыптастыру, бөлу және пайдаланылуын ұйымдастыру процестерінің заңды негізде және мақсатқа сәйкес жүргізілуіне қадағалауды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, осы қаржылық қызмет аясындағы уәкілетті қаржылық органдардың қызметтеріне де бақылау жүргізіледі. Сондықтан қаржылық бақылаудың ұғымы екі тұрғыдан түсіндіріледі. *Қаржылық бақылау* деп, мемлекеттің ақша қорларын қалыптастыру, бөлу және мемлекеттің ақша қаражаттарын пайдалану процестерінің заңды түрде, сондай-ақ мақсатқа сәйкес жүргізілуін тексеруді айтамыз.

Қаржылық бақылаудың екінші ұғымы қаржылық қызметке қатысушылардың өз қаржылық міндеттемелерін орындауларын тексеру жөніндегі мемлекеттік уәкілетті органдардың іс-қимылдары болып табылады.

Қаржылық бақылаудың мына келесідей міндеттері болады:

- қаржылық қызметтің барысында заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ету;
- мемлекеттің ақша қаражаттарының орынды және тиімді түрде пайдалануын қамтамасыз ету;
- кәсіпорындар мен ұйымдардың мемлекет алдындағы қаржылық міндеттемелерінің орындалуын тексеру;
- мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржылық операцияларының тиімді және белгілі мақсатқа сәйкес жүргізілуін тексеру;
- мемлекеттік емес шаруашылық субъектілерінің ақшалай операцияларының заңды негізде жүзеге асырылуын тексеру;
- қаржылық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында қаржылық тәртіп бұзушылықтың алдын алу және жою.

Қаржы бақылау әр түрлі негіздер бойынша мынадай түрлерге бөлінеді:

1. Нысандары бойынша: а) Тікелей бақылау; б) Жанама бақылау;

Тікелей бақылау нақты бақылау объектісінде алғашқы ақша құжаттарын зерделеу және талдау, ақшаларды қайта есептеу, тауарлық-материалдық құндылықтарды түгендеу арқылы жүргізіледі.

Жанама бақылау бойынша, бақылау субъектісі мен объектісі аумақ арқылы бөлінетіндіктен олардың есеп беру және жоспарлау құжаттарын тексеру сырттай сипатта жүзеге асырылады.

2. Жүзеге асыру уақыты бойынша мынадай түрлерге бөлінеді:

- а) алдын-ала қаржылық бақылау;
- ә) ағымдағы қаржылық бақылау;
- б) кейінгі қаржылық бақылау.

Алдын ала қаржылық бақылау қандай да болмасын қаржылық шараларды жүргізгенге дейін жүзеге асырылатын ескертпе бақылау;

Ағымдағы қаржылық бақылау қандай да болмасын қаржылық шараларды жүргізу процесінде жүзеге асырылатын жедел бақылау;

Кейінгі қаржылық бақылау өз қаржылық міндеттерін сапалы орындамағандарға және қаржылық құқық бұзушылық жасаған фактілерін айғақтау мақсатында қаржылық шаралар жүргізілгеннен кейін жүзеге асырылатын бақылау.

3. Субъектілері бойынша: арнайы және функциялық қаржылық бақылау.

а) *арнайы қаржылық бақылау* мемлекеттің арнайы уәкілетті органдары жүзеге асыратын бақылау (мысалы, Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігі, Қазақстанның ұлттық Банкі, Қаржы Министрлігінің қаржы бақылау комитеті және т.б.).

ә) *функциялық қаржылық бақылау* мемлекеттік органдар жүзеге асыратын және олар үшін қаржылық қызмет пен қаржылық бақылау қызметтерінің бір бағыты ретінде көрініс табатын бақылау,

4. Қаржылық бақылау аясына байланысты: а) бюджеттік бақылау; ә) банктік бақылау; б) сақтандыру бақылауы; в) валюталық бақылау; г) салықтық бақылау; д) қаржылық-шаруашылық бақылауы болып бөлінеді.

Қаржылық бақылауды жүзеге асыру әдістеріне мыналар жатады:

1. Ревизия;
2. Алғашқы ақша құжаттарын тексеру;
3. Бухгалтерлік есеп тіркеліміндегі жазуларды тексеру;
4. Статистикалық және бухгалтерлік есептеулерді тексеру;
5. Жоспарлар мен сметаларды тексеру;
6. Тексеру кезінде туындаған мәселелер бойынша лауазымды адамдар мен материалдық жауаптылық жүкгелген тұлғалардан жазбаша түсініктемелер алу;
7. Негізгі қорларды, нақты ақша қаражаттарын және тауарлық - материалдық құндылықтарды түгендеу;
8. Банктер мен басқа да есеп айырысу мекемелеріне ресми сұраныс жасау;
9. Құқық қорғау органдары мен соттардан түскен ақпараттарға талдау жасау.

Осы қаржылық бақылау әдістерінің ішіндегі ең бастысы *ревизия* болып табылады. **Ревизия** деп тексерілетін объектілердің қаржылық-шаруашылық

қызметтерін мұқият зерделеу арқылы олардың заңды түрде, мақсатқа сәйкес және ұтымды жүргізілген тексеруді айтамыз.

Ревизия жүргізу кезінде мына келесідей әдістер қолданылады:

1. Тексеру объектісі бойынша: құжаттық тексеру; факті бойынша, яғни жасалған жұмыстың көлемі мен сапасын тауарлық-материалдық құндылықтардың бар жоқтығын тексеру.

2. Тексеру объектісінің қамтылуы бойынша; толық жаппай тексеру; ішінара, іріктеп тексеру.

3. Ұйымдастырылуы бойынша: жоспарлы тексеру; жоспардан тыс тексеру.

Аудиторлық бақылау – кәсіпорын, компания, банк, сақтандыру компаниялары басшыларымен және тәуелсіз аудиторлық фирмалармен жасалатын келісім негізінде қаржы-шаруашылық қызмет жағдайын тексеру.

Аудиторлар мен аудиторлық фирмалар өз қызметтерін жүзеге асыруда заңды және нормативті актілерді басшылыққа алады; аудиторлық тексерулерді жүргізгенде және қорытынды жасағанда шаруашылық субъектісіне, сонымен қатар үшінші бір тарапқа тәуелсіз.

Аудит келесі сатылар бойынша жүргізіледі:

- 1) Жоспарлау;
- 2) Аудит объектісі туралы ақпарат алу және оны бағалау;
- 3) Аудит процедурасын өңдеу және оның бағдарламасын баяндау;
- 4) Бақылау жүйесінің тестері мен оларды тексеру;
- 5) Аудит процедурасын өткізу;
- 6) Аудиторлық қорытынды қалыптастыру.

Қорытындылар аудиторлық қызмет нәтижесі болып табылады. Олар – аудитормен расталған бухгалтерлік есепті жүргізу және есеп құрауға қойылатын талаптарға сәйкес шаруашылық субъектісінің бухгалтерлік есептері, баланстары мен басқа да құжаттары сәйкестігі туралы толық ақпараттан тұратын құқықтық маңыздылығы бар ресми құжаттар.

Аудиторлық фирмалар бір уақытта кеңес беру қызметтерін де орындайды. Кеңес беру қызметтері шаруашылық субъект резервтерін анықтауға, коммерциялық және қаржы – шаруашылық қызмет сұрақтары бойынша көмек көрсетуге, бухгалтерлік есепті жүргізуге, тиімді жұмыс жолдарын іздестіруге бағытталған.

Аудиторлық фирмалар аудиторлық қызметті жүргізуге мемлекеттік органдардан және басқа да органдардан арнайы рұқсат алады.

Аудиторлық тексеру қорытындыларын пайдаланушылар – шаруашылық субъект қызметі қорытындысына қызығушылық білдірген тұлғалар: мемлекеттік салық және басқа өкілетті органдар, шаруашылық субъект иелері, кредиторлар, инвесторлар мен осы ақпараттарды алуға құқықтары бар тұлғалар.

Кәсіпорын, компания және фирмалардың ішкі бақылау жүйесінің ажырамас бөлігі – ішкі аудит. Ішкі аудиттің объектісі – қаржылық, өндірістік, жабдықтау және басқа қызмет түрлері. Оған барлық бухгалтерлік

құжаттардың толтырылу дұрыстығы, директив пен бұйрықтарды орындаудың әкімшілік тәртібін тексеру, тауарлы-материалдық құндылықтар инвентаризациясы, тауарлышаруашылық әрекеттер бақылауы жатады. Ішкі аудит бас кәсіпорында, сонымен қатар еншілес фирмалар мен филиалдарда жүргізіледі.

Бақылау сұрақтары

1. Қаржылық бақылау мәні.
2. Қаржылық бақылаудың түрлері?
3. Аудиторлық қаржылық бақылаудың қалыптасуы, оның мағынасы.
4. Мемлекеттік және салықтық бақылау рөлі.

13 Қаржылық жоспарлау мен болжау.

Жоспар

1. Қаржылық жоспарлаудың мазмұны, міндеттері, қағидаттары және әдістері.
2. Қаржы жоспардарының жүйесі.
3. Қаржылық көрсеткіштер

Қаржылық жоспарлау - бұл қаржылық механизмнің қосалқы жүйесі, саналы басқарудың аса маңызды элементтерінің бірі және әлеуметтік-экономикалық жоспарлаудың құрамды бөлігі. Ол экономиканың үйлесімді және тепе-теңдік дамуына жетуге, біртұтас ұлттық шаруашылық кешенінің барлық буындарының қызметін үйлестіруге, қоғамдық өндіріс өсуінің жоғарғы қарқынын қамтамасыз етуге, халықты әлеуметтік қорғауға бағытталған. Қаржылық жоспарлаудың өзіндік ерекшелігі сол, бұл жоспарлау өндірістің материалдық-заттай элементтеріне ақшамен қауыштырылған бөлудің қоғамдық ұдайы өндіріске белсенді ықпал жасауына ақша қозғалысының салыстырмалы дербестігіне байланысты ақшалай нысанда жүзеге асырылады.

Қаржылық жоспарлаудың мазмұны экономикалық субъектілердің ақшалай табыстар мен қорланымдарды жасау, бөлу және қайта бөлуді экономикалық үдерістермен оңтайландырудың күні бұрын анықталған мүмкіндік ретінде көрінеді және осының негізінде орталықтандырылған және орталықтандырылмаған ақшалай қорларды қалыптастыру және пайдалану.

Қаржылық жоспарлаудың объектісі шаруашылық жүргізуші субъектілер мен мемлекеттің қаржылық қызметі, ал қорытынды нәтижесі қаржы жоспарлары мен қаржыландырудың дара жоспарларынан бастап мемлекеттік жиынтық қаржы жоспарына дейінгі қаржы жоспарларын жасау болып табылады. Әрбір жоспарда белгілі бір мерзімге белгіленген кірістер мен шығыстар, қаржы және кредит жүйелерінің буындары мен байланыстары анықталады.

Қаржылық жоспарлаудың нақты міндеттері қаржылық саясатпен айқындалады. Бұл: жоспарлы тапсырмаларды орындауға қажетті қаржылық ресурстарды қалыптастыру көздерін және олардың мөлшерін анықтау; орталықтандырылған және орталықтандырылмаған қорлар, ұлттық шаруашылықтың салалары және әкімшілік-аумақтық бөлімшелер арасында қаражаттарды бөлудің оңтайлы үйлесімдерін белгілеу; ресурстарды пайдаланудың нақтылы бағыттарын анықтау және қажетті резервтер жасау.

Қаржылық жоспарлау экономиканы және оның буындарын басқарудың, аса маңызды функциясы болып табылады. Оны мемлекеттік билік пен басқарудың органдары, мекемелері және олардың жоғарғы құрылымдары жүзеге асырады.

Шаруашылық жүргізудің рыноктық жағдайларында шаруашылық жүргізудің белгіленетін түпкілікті нәтижелеріне ықпал етуші көптеген факторлардың екі ұмтылығына байланысты қаржылық жоспарлау көбінесе болжау ретінде жүргізіледі.

Қаржылық болжау — мемлекеттің мүмкін болатын қаржы жағдайын алдын ала көре білу, қаржы жоспарларының көрсеткіштерін негіздеу (дәлелдеу). Болжамдар орташа мерзімді (5-10 жыл) және ұзақ мерзімді (10 жылдан астам) болуы мүмкін. Қаржылық болжау қаржы жоспарларын жасау стадияларынан бұрын болады, қоғам дамуының белгілі бір кезеңіне арналған қаржылық саясаттың тұжырымын жасайды. Қаржылық болжаудың мақсаты - болжанған кезеңдегі қаржылық ресурстардың шынайы мүмкін болатын ауқымын, оларды қалыптастырудың көздерін және пайдалануды анықтау болып табылады. Болжамдар қаржы жүйесінің органдарына қаржы жүйесін (кұрамын) дамыту мен жетілдірудің түрлі нұсқаларын, қаржылық саясатты іске асырудың нысандары мен әдістерін белгілеуге мүмкіндік береді.

Қаржылық болжау әр түрлі әдістерді қолдануды қажет етеді: экономикалық үдерістерді анықтайтын факторларға қарай қаржы жоспарлары көрсеткіштерінің динамикасын бейнелеп көрсететін экономикалық моделдерді жасау; корреляциялық-регрессиялық талдау; тікелей сараптамалық бағалау әдісі.

Қаржылық жоспарлаудың әдістемелігі аса маңызды мына қағидаттарға негізделеді: орталықтандырылған және орталықтандырылмаған тәсілдемелердің үйлесуі, бірлік, үздіксіздік.

Қаржыны жоспарлау (болжау) белгілі әдістердің көмегімен жүзеге асырылады, олардың қатарына жататын ең маңыздылары мыналар:

1. Есептік-талдамалық әдіс. Оның мағынасы қаржылық көрсеткіштерді олардың динамикасын белгілеу негізінде анықтауда болады. Есеп-қисаптар есепті кезеңнің жетістіктері және оларды өсудің немесе төмендеуінің салыстырмалы тұрақты қарқынына түзету негізінде жүргізіледі. Мұндай тәртіптілік айтарлықтай кемшіліктері бар: мүмкін болатын ішкі шаруашылықтық резервтерді анықтауды есепке алмайды; материалдық және ақшалай ресурстарды пайдалануға теріс әсер етеді, өйткені жоспарланатын кезеңде олардың көлемі қол жеткен деңгейге қарай анықталады.

2. Сараптық бағалаулар әдісі жоспарлау объектісінің жай-күйінің параметрлерін анықтау үшін аса білікті мамандардың - сарапшылардың тәжірибесін пайдалануды қажет етеді.

3. Нормативтік әдіске сәйкес жоспарлы қаржылық көрсеткіштер белгіленген нормалар мен нормативтердің негізінде есептеп шығарылады.

4. Баланстық әдіс шығындардың оларды жабу көздерімен үйлесушілігін, қаржы жоспарларының барлық бөлімдерінің, сонымен бірге өндірістік және қаржылық көрсеткіштердің өзара үйлесуін қарастырады. Қаржы балансының талаптарын сақтау кәсіпорынның, саланың, бюджеттердің, бүкіл ұлттық шаруашылықтың шығындары мен табыстарының арасында үйлесімсіздіктің пайда болуынан сақтандыруға; ұлттық шаруашылықты дамытудың қажетті қарқындары мен үйлесімдерін анықтауға; ішкі резервтерді жұмылдыруды ескере отырып оларды жан жақты негіздеуге мүмкіндік береді.

5. Бағдарламалық-мақсатты әдіс әр түрлі деңгейлерде - жалпыұлттық, салалық, бастапқы деңгейлерде жүзеге асырылатын ғылыми-техникалық бағдарламалар негізіндегі қаржылық болжау әдістерінің бірі ретінде рынок жағдайларында дамып отыр. Қаржылық бағдарламалау - бағдарламалық-мақсатты әдісті пайдаланатын қаржылық жоспарлау әдісі, оның негізіне айқын тұжырымдалған мақсаттар мен оған жету құралдары қойылған: басымдылықты белгілеу; қаражаттарды жұмсаудың тиімділігін арттыру; баламалы нұсқаны тандауға сәйкес қаржыландыруды тоқтату.

6. Экономикалық-математикалық әдістер ЭВМ-ді пайдалана отырып есеп-қисаптардың көп нұсқалылығы жағдайларында ең жақсы шешімдерді таңдау үшін қолданылады.

Қаржылық жоспарлауда тарихи мына ұйымдық қағидаттар қалыптасты: ведомстволық, салалық, аумақтық және предметтік-мақсатты. Қаржылық жоспарлаудың негізгі құжаты болып келетін қаржы жоспары шаруашылық жүргізуші субъектілердің, салалардың, өңірлердің және мемлекеттің ақшалай табыстары (кірістері) мен қорланымдарын құру және пайдалану көрсеткіштерінің өзара байланысты жүйесі болып табылады. Қаржы жоспары ұлттық шаруашылық субъектілерінің қаржылық ресурстарымен қамтамасыз етілуін көрсетеді.

Басқарудың барлық деңгейлерінде жасалынатын саны көп қаржы жоспарларын бір жүйеге келтіру үшін оларды көптеген белгілер бойынша сыныптаған орынды. Бұл белгілер бойынша олар негізгі екі топқа бөлінеді: жиынтық және бастапқы қаржы жоспарлары.

Бастапқы қаржы жоспарларының саны жиынтық қаржы жоспарларына Қарағанда едәуір көп және нысаны мен мазмұны әр түрлі. Бұл- толып жатқан, өзінің қызметі, ұйымдастыру түрпаты, басқару әдістері мен қаржыландырылуы әр алуан шаруашылық жүргізуші субъектілердің, ведомстволардың қаржы жоспарлары: материалдық өндіріс сферасының шаруашылық жүргізуші субъектілерінің қаржы жоспарлары; материалдық емес сфераның коммерциялық, және коммерциялық емес ұйымдарының

жоспарлары, бюджеттік қаражаттар есебінен шығыстары түгелдей немесе негізгі бөлігінде қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер мен ұйымдарды қаржыландырудың дара жоспарлары.

Жиынтық қаржы жоспарлары жалпы мемлекеттік қаржы ресурстарының қозғалысын негіздейді, мемлекеттің қаржы жүйесі жүзеге асыратын қайта бөлу үдерістерін белгілейді.

Нысаны бойынша олар арқашан жиынтық жоспарлар болып табылады, бірақ бұл оның жалғыз ғана белгісі емес. Сонымен бірге министрлердің, ведомстволардың қаржы жоспарларының да құрамалық сипаты болады, бірақ олар қаржылық ресурстардың қозғалысын тек нақтылы саланың, ведомствоның шегінде ғана жобалайтындықтан, олар бастапқы жоспарларға жатады.

Жиынтық қаржы жоспарлары ең алдымен өзінің мазмұнымен, ресурстардың объектісімен және сферасымен, жоспарлау әдістерімен және арналымымен ерекшеленеді.

Қазіргі кезде жиынтық қаржы жоспарлары жалпымемлекеттік, салалық, аумақтық жоспарларды кіріктіреді. Мыналар жалпы мемлекеттік болып табылады: мемлекеттік бюджет, республикалық бюджет.

Дүние жүзінің барлық елдерінде оперативтік қаржы жоспары мемлекеттік бюджет болып табылады. Оны жасаудың керектігі мемлекеттің ақшалай ресурстарының көздері мен ауқымын анықтаудың және жалпымемлекеттік қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін оларды ұтымды бөлудің қажеттігінен туындайды.

Мемлекеттік бюджет қаржы жоспарлары мен болжамдарының жүйесінде бастысы болып келеді, өйткені олардың қалыптасуы мен орындалуына ол белсенді ықпал етеді, мемлекеттің түрлі шаруашылық жүргізуші субъектілерімен және халықпен өзара қатынастарын айқындай отырып, оларды үйлестіреді. Бюджет белгіленетін жалпымемлекеттік экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларды орындауда, демек, мемлекеттің функцияларын, оның ішкі және сыртқы саясатын жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады.

Бюджет баланс нысынында жасалады, онда ағымдағы кезеңге арналған елдің, оның аумақтарының экономикалық және әлеуметтік бағдарламасына сәйкес бүкіл кірістері мен шығыстары жоспарланады. Сонымен бірге түсім көздерінің толық жиналуына, бюджеттік қаражаттардың ұтымды бөлінуіне және бюджеттің тапшылықсыз теңдестірілуіне баса назар аударылады.

Салалық (ведомстволық) қаржы жоспарларының жүйесі материалдық өндіріс салалары министрліктерінің (ведомстволарының) кірістері мен шығыстарының балансын, өндірістік емес салалар министрліктерін (ведомстволарын) қаржыландырудың құрама дара жоспарларын (сметаларын), қоғамдық ұйымдардың қаржы жоспарларын кіріктіреді.

Аумақтық қаржы жоспарларына мыналар жатады: жергілікті бюджеттер, тиісті аумақтағы қоғамдық ұйымдардың және т.б. жоспарлары.

Қаржы жоспарларының барлық түрлері өзара байланысты: мәселен, салалық жоспарлар ведомствоға қарасты ұйымдардың жоспарларын біріктіреді; аумақтық, әдеттегідей, жалпымемлекеттік немесе салалық жоспарлардың бөлігі болып келеді.

Мезгіліне қарай қаржылық жоспарлау жылдық, орта мерзімді (үш жылдық, бес жылдық) және перспективалық болып бөлінеді. Қазіргі кезде жоспарлардың жоғарыда аталған барлық түрлері бір және бесжылдық мерзімге жасалынады.

Экономика тенденстігінің бұзылуына, шаруашылық органдарының іс-қимыл ету факторларының екі ұштылығына байланысты бес жылдық және перспективалық жоспарлау рыноктық ортада қатаң шектелінген. Үш жылдық мерзімге Үкіметтің фискалдық саясатын әзірлеген кезде мемлекеттік бюджеттің кірістері мен шығыстарының негізгі көрсеткіштері бойынша есеп-қисаптар жүргізілуі тиіс.

Басқаруда және шаруашылық-қаржылық қызметті жоспарлауда қаржылық көрсеткіштер - шаруашылық жүргізуші субъектілердің, салалардың және жалпы ұлттық шаруашылықтың ақшалай табыстары мен қорланымдарын жасаумен және пайдаланумен байланысты қызметтің түрлі жақтарын сипаттайтын жоспардың, есептің немесе есеп-қисаптың мәліметтері пайдалынылады. Олар абсолюттік және сапыстырмалы мөлшерлерде тұлғаланады. Қаржылық көрсеткіштер сан және сапа түрінде белгілі бір қаржылық-экономикалық категорияны, қосалқы категорияны, қаржылық қатынастардың элементін бейнелейді.

Ұлттық шаруашылық деңгейіндегі қаржылық көрсеткіштер мемлекеттің қаржылық ресурстарының ауқымы мен құрылымын, мемлекеттік бюджет және басқа қаржы жоспарлары арқылы олардың бөлінуін, ұлттық шаруашылықтың түрлі салаларының рентабелділігін және бюджетке жұмылдырылатын табыстылық үлесін сипаттайды. Мемлекеттің қаржылық ресурстарын қалыптастырудың тиімділігін жалпылама бағалауды қаржылық ресурстар ауқымының жалпы ұлттық өнімге қатынасын сипаттайтын көрсеткіштер атқарады.

Бақылау сұрақтары

1. Қаржылық жоспарлаудың қажеттігі мен арналымы неде?
2. Қаржылық жоспарлаудың міндеттері мен мақсаттары қандай?
3. Қаржылық жоспарлаудың қаржылық болжаудан қандай айырмашылығы бар?
4. Индикативтік жоспарлау дегеніміз не?
5. Қаржылық жоспарлаудың қағидаттарын сипаттандар.
6. Қазіргі кезде қаржылық жоспарлауда қандай әдістер қолданылады?
7. Қаржылық жоспарлауды жасау қандай кезеңдерден тұрады?

Студенттердің білімін тексеру үшін тест тапсырмалары

1. Қаржы туралы алғашқы еңбектің авторы кім?

- А) Ксенофонт
- В) Ж. Боден
- С) Аристотель
- Д) Вознесенский
- Е) Демокрит

2. Аристотельдің қандай еңбегінде қаржы облысы жөніндегі оның көзқарасы қарастырылған?

- А) Республика жөніндегі алты кітап
- В) Афиндік республиканың кірісі жөнінде
- С) Халық байлығының себебі жөнінде
- Д) Афиндік мемлекеттік құрылыс
- Е) Капитал

3. Қаржының арнайы белгісіне не жатады?

- А) қор формасының бар болуы
- В) құн қозғалысының эквивалентсіз сипаты
- С) құн қозғалысының эквиваленттік сипаты
- Д) қаржылық қатынастарда әрекет етудің тәсілі ретіндегі әдістер, міндетті сипаттамаға ие болады
- Е) қаржылық қатынастар өзінің негізінде бөліну болып табылады

4. Қандай экономикалық категория нәтижесінде ұдайы өндіріс процесіне қатысушылар-дың әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған ақшалай табыстары, жинақтары мен қорлары қалыптасып, қолданылатын қоғамдық өнім құнын бөлу және қайта бөлу процесінде туындайтын, ерекше экономикалық қатынастар жиынтығы ретінде сипатталады?

- А) несие
- В) таза табыс
- С) салықтар
- Д) қаржы
- Е) жалпы табыс

5. Кірістер мен жинақтардың қалыптасу, ақша қорларын құру және пайдалану процестері ненің объектісі болып табылады?

- А) қаржылық бақылау
- В) мемлекеттік несие
- С) қаржылық жоспарлау
- Д) қаржылық болжау
- Е) аудиторлық бақылау

6. Бөлу және қайта бөлу процесі арқылы қоғамдағы ақшалай қатынастардың айтарлықтай бөлігін қамтитын экономикалық категория не деп аталады?

- А) ақша

- В) несие
- С) қаржы
- Д) бюджет
- Е) салық

7. Қаржылық жүйенің әр саласы өз міндеттерін иеленеді. Бұл қаржылық жүйенің қай қағидасы?

- А) біртұтастық қағидасы
- В) жалпы ұлттық қағидасы
- С) дербестік қағидасы
- Д) ұйымдастыру қағидасы
- Е) дұрыс жауабы берілмеген

8. Қаржының негізгі қызметтерін көрсетіңіз.

- А) бөлу, қайта бөлу
- В) реттеу, жоспарлау
- С) жоспарлау және болжау
- Д) бақылау, жоспарлау
- Е) бөлу және бақылау

9. Материалдық шығындарға не жатады?

- А) амортизациялық төлемдер
- В) таза табыс
- С) халықтан алынатын салық
- Д) әлеуметтік салық
- Е) трансферттер

10. Қаржылық ресурстардың анықтамасын таңдаңыз.

- А) жалпы қоғамдық өнім мен ұлттық табысты бөлген және қайта бөлген кезде мемлекет, кәсіпорын, бірлестіктер қалыптастыратын ақшалай жинақтар
- В) ұлттықтабысты бөлу және қайта бөлудің бірыңғай процесі
- С) қоғамдық өнім мен ұлттық табысты бөлуге бақылау жасау кезінде көрінеді
- Д) қаржылық қатынастарды басқару тәсілдерінің жиынтығы
- Е) ақша-қаражаттарының мақсатты қорлары қаржылық қатынастардың негізі болып табылады

11. Қаржының мәнін не анықтайды?

- А) қаржылық механизм
- В) қаржылық жүйе
- С) елдегі саяси жағдай
- Д) оның қызметтері
- Е) елдегі экономикалық саясат

12. Ақшаның негізгі қызметтерін көрсетіңіз

- А) бөлу құралы, жинақтау құралы
- В) экономикалық категория, табыс, еңбек ақы
- С) құн өлшемі, дүниежүзілік ақша, төлем құралы
- Д) айналыс құралы
- Е) қаржылық есеп айырысу құралы, айналыс құралы

13. Қаржыны басқару, жоспарлау, ұйымдастыру әдістері, формалары мен түрлерінің жүйе-сі не деп аталады?

- А) қаржылық механизм
- В) қаржылық жүйе
- С) қаржылық бақылау
- Д) қаржылық қатынастар
- Е) қаржылық құрылым

14. Қаржылық жүйені ұйымдастырудың неше қағидасы бар?

- А) 3
- В) 2
- С) 5
- Д) 8
- Е) 4

15. Белгілі мақсаттарға арналған ақша-қаражаттары

- А) қаржылық қорлар
- В) қаржылық резерв құру
- С) коммерциялық ұйымдар
- Д) мемлекеттік бюджеттер
- Е) мемлекеттік ресурстар

16. Қаржылық жүйе дегеніміз...

- А) қаржылық қатынастарға басқару формасын беретін өза-ра байланысты сфералар, ақша-қаражаттар қорлары мен басқару аппаратының жиынтығы
- В) орталықтандырылған қаржылық органдар арқылы мемлекет жүргізетін бірыңғай саясат
- С) бірыңғай құқықтық базаға негізделген құқықтық базалық әдістер
- Д) бірыңғай мақсат арқылы анықталатын жүйе
- Е) мемлекеттің аймақтық қаржылық қатынастарымен анықталатын жүйе

17. Қаржылық бақылаудың ерекшелігі неде?

- А) санмен көрсетілетіндігінде
- В) мемлекетпен бақыланатынында
- С) ақшалай формада жүзеге асырылатындығында
- Д) натуралды формада жүзеге асырылатындығында
- Е) жоспарлаусыз мүмкін еместігінде

18. Мемлекеттің қаржылық саясатының мазмұны:

- А) экономикалық заңдардың қызметі, экономика жағдайын, келешекті зерттеу негізінде елде қаржыны дамытудың ғылыми негізі бар тұжырымын жасау
- В) экономикалық саясаттың мақсаттары мен міндеттеріне сай қаржылық саясат-тың стратегиялық және тактикалық шараларын қалыптастыру
- С) экономикалық заңдар әрекетін ескере отырып, қоғамның даму міндеттеріне сай қаржыны жоспарлы түрде ұйымдастыру
- Д) экономикалық қайта құрудың түбегейлігіне байланысты қаржылық механизм арқылы белгіленген әрекеттерді тәжірибеге енгізу
- Е) салалардың, аудандардың және елдің даму келешегін анықтау

19. Материалдық, еңбек және қаржылық ресурстардың тепе-теңдігін, кіріс пен шығын байланысын не қамтамасыз етеді?

- А) ұйымдастыру
- В) қаржы
- С) жоспарлау
- Д) жауапкершілік
- Е) жою

20. Үй шаруашылығы бюджетін қандай ресурстар құрайды?

- А) материалдық ресурстар
- В) қаржылық ресурстар
- С) табиғи ресурстар
- Д) еңбек ресурстары
- Е) дұрыс жауабы берілмеген

21. Әлеуметтік трансфертті көрсетіңіз.

- А) акция және басқадай бағалы қағаздар бойынша дивидендтер мен ұтыстар
- В) жеке шаруашылықтан алынған азық-түлік өнім-дерін сатудан, көрсетілген қызметтерден түскен табыс
- С) алименттер
- Д) зейнетақы
- Е) туыстар мен таныстардан түскен түсімдер

22. Салық салудың әділдік қағидасы деген не?

- А) салық анық болуға тиіс
- В) салық жүйесі ҚР барлық территориясындағы барлық салық төлеушілер үшін бірыңғай болып табылады
- С) нормативтік құқықтық актлерді ресми баспаларда міндетті түрде басу қажет
- Д) салық төлеуші бекітілген мерзімде толық көлемде салық міндеттемесін орындауға міндетті
- Е) ҚР - дағы салық төлеу барлығына ортақ және міндетті болып табылады

23. Баж деген не?

- А) салық
- В) салық төлеушілердің садақасы
- С) арнайы өкілетті органдар әрекет жасағаны үшін алынатын ақшалай алымдар
- Д) басқа мемлекеттерге берілетін ізгілік көмек
- Е) салық жеңілдіктері

24. ҚҚС салу объектісі

- А) қосылған құн
- В) салық салынатын айналым және салық салынатын импорт
- С) акциз салынған құнның бөлігі
- Д) көрсетілген қызметтер
- Е) интеллектуальдық меншік объектілері

25. Мемлекеттік қаржы құрамына төмендегілердің қайсысы кірмейді?

- А) мемлекеттік бюджет

- В) бюджеттен тыс қорлар
- С) мемлекеттік несие
- Д) кәсіпорын және ұйым қаржысы
- Е) үй шаруашылығы қаржысы

26. Мемлекеттік кірістер жүйесі не арқылы анықталады?

- А) еліміздің халықтар саны
- В) тауарлы-ақшалай қатынастардың даму деңгейі
- С) кәсіпорын есебі
- Д) шаруашылық субъектілер саны
- Е) еңбекке қабілетті халықтар саны

27. Әр түрлі деңгейдегі бюджет орталығына жататын ұлттық кіріс бөлігі не деп аталады?

- А) бюджет кірісі
- В) кәсіпорын кірісі
- С) үй шаруашылығының кірісі
- Д) бюджеттен тыс қорлар кірісі
- Е) шаруашылық субъектілерінің кірісі

28. Бюджет кірісіне төмендегілердің қайсысы жатпайды?

- А) салықтық түсім
- В) салықтық емес түсім
- С) арнайы алынған трансферттер
- Д) капиталмен жасалған операция кірісі
- Е) үй шаруашылығының кірісі

29. Төменде аталғандардың қайсысы ҚР бюджет құрамына кірмейді?

- А) республикалық бюджет
- В) жергілікті бюджет
- С) облыстық бюджет
- Д) аудандық бюджет
- Е) муниципалдық бюджет

30. Қазақстан Республикасының ұлттық қоры қандай қызметті орындайды?

- А) жинақ және тұрақтандыру
- В) ынталандыру және қайта өндіру
- С) ынталандыру және бөлу
- Д) экспорттық және бөлу
- Е) ұйымдастырушылық және қайта өндіру

31. Белгілі ақы төлегені үшін уақытша пайдалануға тауар және ақша формасында берілетін, мемлекет аралық экономикалық қатынастар сферасындағы елдердің материалдық ресурстарының қозғалысы не деп аталады?

- А) ішкі мемлекеттік несие
- В) халықаралық мемлекеттік несие
- С) сыртқы мемлекеттік несие
- Д) ломбардтық несие

Е) ипотекалық несие

32. Ашық несие сызығы аясындағы сериялармен ссудалар беруге негіз болатын жекеленген несиелік келісімдер не деп аталады?

А) субвенция

В) субсидия

С) дотация

Д) келісім

Е) транш

33. Мемлекеттік несие дегеніміз...

А) қаржы сферасындағы бөлу процестерін қамтамасыз ететін және шығынды қамтитын елдің негізгі қаржылық жоспары

В) ұлғайтылған ұдайы өндірістің негізгі жақтарын ақшалай түрле көрсететін жүйе

С) мемлекеттік займалар бойынша есептелген пайыздарды қоса отырып, шығарылған пайыздар бойынша қарыз сомасы

Д) қарыз алушы ретінде өз органдары атынан мемлекет, несие беруші ретінде жеке және заңды тұлғалар қызмет ететін несиелік қатынастар жиынтығы

Е) мемлекеттегі жеке қызмет жүргізетін кәсіпорындардың қаржысын қамтитын сфера

34. Сақтандырудың экономикалық категориясының материалдық заттық жүктеушісі:

А) сақтандыру агенттері

В) сақтандыру жағдайы

С) сақтандыру заттары

Д) сақтандыру қорлары

Е) сақтандыру жарнасы

35. Сақтандыруды жүргізетін және сақтандыру сомасын төлеуді немесе залалды өтеу міндетін мойнына алатын ұйым не деп аталады?

А) сақтандырушы

В) сақтандыру тлемін жинаушы

С) сақтандыру төлемін алушы

Д) мемлекеттік сақтандырушы

Е) сақтанушы

36. Сақтандыру бойынша бекітілетін сақтандыруды қамтамасыз етудің нақты мөлшері не деп аталады?

А) сақтандыру жағдайы

В) сақтандыру купоны

С) сақтандыру қорытындысы

Д) сақтандыру сомасы

Е) сақтандыру дивиденді

37. Төменде аталғандардың қайсысы мемлекеттік қаржылай жүйеге келтіру түрлері түсінігіне енбейді?

А) салықтық

- В) бюджеттік
- С) кедендік тарифтік
- Д) мемлекеттік несиелік
- Е) сыртқы

38. Нарықтық экономикада экономиканы мемлекеттік реттеудің қандай әдісі басым болады?

- А) тікелей
- В) сыртқы
- С) ішкі
- Д) жанама
- Е) тікелей және жанама

39. «Салық ставкаларының белгілі шекке дейін өсуі салық табыстарын өсіреді, одан кейін өсім баяулайды, ал одан кейін бюджет табысы күрт төмендейді» тұжырымды кім жасаған?

- А) А.Смит
- В) А.Лаффер
- С) Д.Курно
- Д) К.Маркс
- Е) Д.Рикардо

40. Салықтың инвестициялық саясатқа ықпалын теориялық түрде кім дәлелдеді?

- А) Д.Курно
- В) К.Маркс
- С) А.Лаффер
- Д) Д.Рикардо
- Е) А.Смит

41. Үлестік негізде белгілі шараларды бюджет, бюджеттен тыс және арнайы қорлар есебінен қайтымсыз қаржыландыру үшін берілетін ақшалай немесе натуралды формадағы көмек:

- А) дотация;
- В) субвенция;
- С) субсидия;
- Д) квота;
- Е) лицензия.

42. Мемлекет борышқор ретінде болатын кредиттік қатынастар:

- А) мемлекеттік кредит;
- В) мемлекеттік қарыз;
- С) мемлекеттік займ;
- Д) қазыналық міндеттеме;
- Е) халықаралық кредит.

43. Қарызға қызмет көрсету коэффициенті қалай анықталады:

- А) қарыздық төлемдер/ елдің валюталық түсімдері;
- В) қарыздық төлемдер х елдің валюталық түсімдері;
- С) елдің валюталық түсімдері / қарыздық төлемдер;

- Д) қарыздық төлемдер / кредиттің проценттік ставкалары;
- Е) қарыздық төлемдер + елдің валюталық түсімдері.

44. Мерзімі бойынша займның алғашқы жағдайының өзгерісін тұжырымдайтын мемлекеттік қарызды басқару әдісі:

- А) консолидация;
- В) унификация;
- С) конверсия;
- Д) қайта қаржыландыру;
- Е) займды өтеуді шегіндіру.

45. Табыстылығы бойынша займдар:

- А) нарықтық және нарықтық емес;
- В) қатаң және жүзуші табысы бойынша міндеттемелер;
- С) біруақытта және бөлшектеп өтелетін;
- Д) проценттік, ұтыстық, нөлдік купонмен;
- Е) ішкі, сыртқы.

46. Қарыздық міндеттемелерге тән белгі:

- А) тіркелген проценттік төлем;
- В) мезгілінен бұрын өтеу құқығы;
- С) өтеудің белгілі мерзімі;
- Д) қызметке қатысу құқығы;
- Е) купондық ставканы тағайындау.

47. Кредит алатын ел:

- А) реципиент-ел;
- В) донор мемлекет;
- С) эмитент;
- Д) қарызданушы ел;
- Е) резидент.

48. Бір елдің ақша бірлігінің басқа елдің ақша бірлігімен өрнектелген бағасы:

- А) валютаның номиналдық құны
- В) валютаның нақты құны
- С) валюталық курс
- Д) тариф
- Е) кедендік тариф

49. Инфляция типтерін көрсетіңіздер.

- А) ішкі және сыртқы инфляция
- В) шағын және үлкен инфляция
- С) экспорттық және импорттық инфляция
- Д) тұтынушылар және сатушылар инфляциясы
- Е) сұраныс инфляциясы және шығын инфляциясы

50. Инфляция типтерін көрсетіңіздер.

- А) ішкі және сыртқы инфляция
- В) шағын және үлкен инфляция
- С) экспорттық және импорттық инфляция

Д) тұтынушылар инфляциясы және өндірушілер инфляциясы

Е) тұтынушылар және сатушылар инфляциясы

51. Төмендегі жауаптардың қайсысы инфляция себептеріне жатпайды?

А) қоғамдық өндіріс диспропорциясы

В) экономиканы монополияландыру

С) айналымға артық ақша шығару

Д) мемлекеттік бюджет тапшылығы

Е) алтын қорының шектен тыс болуы

52. Төмендегі жауаптардың қайсысы инфляция себептеріне жатпайды?

А) қоғамдық өндіріс диспропорциясы

В) экономиканы монополияландыру

С) айналымға артық ақша шығару

Д) инвестицияның қысқаруы

Е) үкіметке сенбеу

53. Төмендегі жауаптардың қайсысы инфляция себептеріне жатпайды?

А) қоғамдық өндіріс диспропорциясы

В) экономиканы монополияландыру

С) экономиканы басқарудың нашарлауы

Д) айналымға артық ақша шығару

Е) үкіметке сенбеу

54. Төмендегі жауаптардың қайсысы инфляция себептеріне жатпайды?

А) қоғамдық өндіріс диспропорциясы

В) төлем дағдарысы

С) мемлекеттік бюджет тапшылығы

Д) айналымға артық ақша шығару

Е) үкіметке сенбеу

55. Инфляция себептерін көрсетіңіздер.

А) қоғамдық өндіріс диспропорциясы, мемлекеттік бюджет тапшылығы

В) экономиканы монополияландыру,

С) мемлекеттік бюджет тапшылығы, үкіметке сенбеу

Д) айналымға артық ақша шығару, қоғамдық өндіріс диспропорциясы, мемлекеттік бюджет тапшылығы

Е) жоғарыда берілген жауаптардың барлығы дұрыс

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Құлпыбаев С., Мельников В.Д. Қаржы негіздері. Оқулық. - Алматы: ЖШС «Издательство LEM», 2009. – 722 бет.
- 2 Вавилов Ю.Я. Государственный долг. Учебное пособие для вузов. — М.: Перспектива, 2000. - 101с.
- 3 Ван Хорн Дж. К. Основы управления финансами: перевод с англ. / под ред. Соколова Я.В. - М.: Финансы и статистика, 1999. - 569с.
- 4 Вахрин П.И., Нешитой А.С. Финансы: Учебник для вузов. - М.: Информационно-внедренческий центр «Маркетинг», 2000. - 502с.
- 5 Зейнельгабдин А.Б. Қаржы. - Алматы: Қаржы-Қаражат, 1999
- 6 Кажикаримов Б.К., Омирбаев С.М. Теория финансов. Учебное пособие. - Караганда, ҚарГУ, 1991. - 80с.
- 7 Илясов К.К. Қаржы. – Алматы, ФинЭко, 2007
- 8 Мельников В.Д., Илясов К.К. Финансы. Учебник для вузов. - Алматы: ФинЭко, 2001
- 9 Мельников В.Д. Основы финансов. Учебник для вузов. - Алматы: ТОО «LEM», 2005. – 560с.
- 10 Родионова В.М., Шлейников В.И. Қаржылық бақылау: Учебник. - М.: ИД ФБК-ПРЕСС, 2002. - 320с.
- 11 Теория финансов /под ред. Сабанти Б.М. - М: Менеджер, 2000
- 12 Финансы. Денежное обращение. Кредит. Учебник для вузов под ред. Поляка Г.Б. - М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2001. - 2-е изд. - 512с.
- 13 Финансы. Учебник под ред. Ковалева В.В. - М.: ПБОЮЛ, 2001. - 640с.
- 14 Финансы. Учебник для вузов под ред. Романовского М.В., Врублевской О.В., Сабанти Б.М. - М.: Перспектива, Юрайт, 2000. – 520
- 15 Мұқашева А.М., Оразғалиева А.Қ., Зарипова А.Н. Қаржы бойынша практикум: Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2008. - 216 б.
- 16 Исаков Ұ.М., Бохаев Д.Т., Рузиева Э.А. Қаржығы нарығы және делдалдары: Оқулық. – Алматы: Экономика, 2008. – 296 бет.
- 17 Мэнкью Грегори Н., Тейлор Марк П. Экономикс, 4-халықаралық басылым. Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018 жыл – 848 бет.